

**«First Heartland Jusan Bank»
акционерлік қоғамы**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2024 жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	6-7

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметтің сипаттамасы	8
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	10
3. Есеп саясатының маңызды ережелері	12
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	31
5. Таза пайыздық кіріс	32
6. Кредиттік зияндар бойынша шығыстар	33
7. Комиссиялық кірістер мен шығыстар	34
8. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда	34
9. Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	35
10. Басқа да кірістер мен шығыстар	35
11. Персонал шығыстары	36
12. Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	36
13. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	36
14. Ақша қаражаты мен оның баламалары	39
15. Туынды қаржы құралдары	41
16. Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	42
17. Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	43
18. Инвестициялық бағалы қағаздар	43
19. Клиенттерге берілген кредиттер	47
20. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары	57
21. Негізгі құралдар, пайдалану құқығы нысанындағы активтер және материалдық емес активтер	59
22. Сатуға арналған активтер	60
23. Инвестициялық жылжымайтын мүлік	61
24. Басқа да активтер	61
25. Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	62
26. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	62
27. Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	63
28. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	63
29. Реттелген борыш	64
30. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	65
31. Басқа да міндеттемелер	66
32. Капитал	66
33. Акцияға шаққандағы пайда	69
34. Сегменттік талдау	70
35. Тәуекелдерді басқару	73
36. Капиталды басқару	91
37. Шарттық және шартты міндеттемелер	92
38. Әділ құнды бағалау	94
39. Байланысты тараптармен операциялар	101
40. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	104
41. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	105

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«First Heartland Jusan Bank» АҚ-ның Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «First Heartland Jusan Bank» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі -«Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасында біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіміздің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі	Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резерві	
«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервінің деңгейін бағалау Топ басшылығы пайымдауының басты аясы болып табылады. Актив алғаш рет танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю факторларының анықталуы, дефолт ықтималдылығының және дефолт кезінде шығындар деңгейінің мәндерін айқындау пайымдауды, жорамалдар мен тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты талдауды айтарлықтай пайдалану амалдарын қосатын процестер болып табылады. Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервінің деңгейіне айтарлықтай әсер ете алады. Клиенттерге берілетін кредиттер сомасының маңыздылығына, сондай-ақ кәсіби пайымдаудың айтарлықтай пайдаланылуына байланысты күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау аудиттің басты мәселелерінің бірі болды. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар туралы ақпарат, сондай-ақ Топ басшылығының күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалауға әдісі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің «Маңызды есепті пайымдаулар мен бағалаулар» 4-ескертпесінде, «Клиенттерге берілген кредиттер» 19-ескертпесінде және «Тәуекелдерді басқару» 35-ескертпесінде сипатталған.	Біздің аудиторлық процедуралар клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау әдістемесін талдауды қамтыды. Біз сондай-ақ берешектің мерзімі өткен кезеңді және активтің кредиттік сапасының нашарлауы себебімен берешекті қайта құрылымдауды қамтитын актив бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсу және дефолттың болу факторларын анықтау процестерін бақылау құралдарына талдау және тестілеу жүргіздік. Аудиторлық процедураларымыздың шеңберінде біз, іріктелген негізде, жорамалдарды талдап, Топ клиенттерге жиынтық негізде берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді тестіледік, оған берешекке қызмет көрсету бойынша тарихи деректер және кепілде тұрған қамтамасыз етуді алу нәтижесінде дефолт бола қалған жағдайда шығындардың күтілетін өтелуі және берешектің ақша қаражатымен өтелуі жатады. Күтілетін кредиттік зияндар резервін дербес бағалауға қатысты, біз, іріктелген негізде, қарыз алушылар туралы қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ дефолт болған жағдайда кепілмен қамсыздандыруға өтелудің салынуы нәтижесінде Топ пайдаланған шығындарды өтеу сценарийін сараладық. Біз сондай-ақ күтілетін кредиттік зияндарды есептеу моделінде Топ пайдаланған

	макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, болжамды ақпаратқа тестілеу жүргіздік. Біз күтілетін кредиттік зияндар резервін қайта есептедік. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке Ескертпелерде ашып көрсетілген клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резерві туралы ақпаратты талдадық.
Сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсілді қолдана отырып бағаланатын сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	
Біз бұл мәселені сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып бағаланатын сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер сомасының маңыздылығына байланысты аудиттің негізгі мәселелерінің бірі деп санаймыз. Бұл міндеттемелерді бағалау маңызды пайымдаулар мен болжамдарды қолдануға негізделген: - байқалатын статистикалық деректер және тиісті актуарлық жорамалдарды қолдану негізінде шарттардың негізгі сипаттамаларын көрсететін актуарлық проекция модельдерін пайдалана отырып, сақтандыру шарттарының топтары үшін болашақ ақша ағындары. Пайдаланылған пайымдаулар сақтандыру шарттары бойынша туындаған шығындар бойынша міндеттемелердің мөлшеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. - сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып бағаланатын сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді бағалау кезінде қаржыландыру компонентін анықтау үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемелері. - анықтамасы сақтандыру шарттары бойынша тәуекел факторларына қатысты Топ белгілеген сенім деңгейі туралы болжамдарға және сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып бағаланатын сақтандыру шарттары бойынша белгіленген сенім деңгейі шегінде ең жоғары шығындарды білдіретін «тәуекел астындағы құн» әдісіне негізделген қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету.	Біздің аудиторлық процедураларымыз «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді бағалауға қатысты Топ қолданатын әдіснаманы талдауды қамтыды. Біз болашақ ақша ағындарына қатысты күтулерді және сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерді қамтитын сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді және туындаған залалдар бойынша міндеттемелерді бағалау кезінде Топ пайдаланған болжамдарды талдауды және бастапқы деректерді іріктеу негізінде тестілеуді өткіздік. Біз қаржыландыру компонентін анықтауда пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесіне және қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуге талдау жасадық. Біз сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді қайта есептедік және нәтижелерді Топтың есеп айырысу нәтижелерімен салыстырдық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің Ескертпелерінде ашып көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты сараладық.

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер туралы ақпарат, сондай-ақ Топ басшылығының осы міндеттемелерді бағалауға көзқарасы «Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары» 20-ескертпесінде және шоғырландырылған қаржылық есептілікке «Тәуекелдерді басқару» 35-ескертпесінде сипатталған.	
---	--

Басқа да мәліметтер

Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін 2024 жылғы 29 наурыздағы бұл есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Топтың 2024 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2024 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2024 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оны барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты басшы, - Ольга Хегай.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Ольга Хегай
Аудитор

Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі
№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия сериясы МФО - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылы 15 шілдеде
берілді

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 31 наурыз

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(миллион теңгемен)

	Ескер.	2024 жыл	2023 жыл*
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім	5	451.945	362.762
Басқа да пайыздық кірістер	5	596	1.829
Пайыздық шығыстар	5	(188.453)	(146.484)
Кредиттік зияндар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс		264.088	218.107
Кредиттік зияндар бойынша шығыстар	6	(54.874)	(23.161)
Таза пайыздық кіріс		209.214	194.946
Комиссиялық кірістер	7	57.586	60.795
Комиссиялық шығыстар	7	(35.573)	(39.942)
Таза комиссиялық кіріс		22.013	20.853
Сақтандыру шарттары бойынша түсім	20	31.273	54.845
Сақтандыру қызметтерінің шығыстары	20	(35.174)	(45.609)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар		(224)	(2.049)
Сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық шығыстар		(1.676)	(5.494)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық кірістер		76	745
Сақтандыру қызметінің таза нәтижесі		(5.725)	2.438
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда	8	5.625	5.759
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды мойындауды тоқтатудың нәтижесінде болған таза залалдар		(12)	(110)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	9	68.003	28.214
Дивидендік кіріс	18, 28	2.062	—
Қаржы құралдарын бастапқы танудан болған таза пайда		2.669	—
Реттелген борышты өзгерту нәтижесінде түскен кіріс	29	—	2.436
Басқа да кірістер	10	46.184	39.057
Басқа да операциялық кірістер		124.531	75.356
Персонал шығыстары	11	(65.607)	(64.789)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	12	(61.632)	(50.040)
Құнсызданудан болған басқа да залалдар		(353)	(2.595)
Басқа да шығыстар	10	(26.080)	(19.844)
Басқа да операциялық шығыстар		(153.672)	(137.268)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		196.361	156.325
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	13	(16.483)	(4.037)
Бір жылғы пайда		179.878	152.288
Мыналарға келетін:			
Банк акционерлеріне		179.480	151.872
Бақыламайтын қатысу үлестеріне		398	416
		179.878	152.288

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертеде келтірілген.

8-105 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(миллион теңгемен)

	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Бір жылғы пайда		179.878	152.288
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құны өзгеруінің таза көлемі	32	2.513	6.756
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резервінің өзгеруі	32	48	546
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарды есептен шығару нәтижесінде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелген сома	32	12	110
Шетелдік бөлімшелердің көрсеткіштерін қайта есептеуден туындайтын бағамдық айырмалар	32	14.761	(3.827)
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін таза басқа да жиынтық кіріс жиыны		17.334	3.585
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау	32	767	(77)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдардан болған пайда	32	36.684	3.950
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс жиыны		37.451	3.873
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		54.785	7.458
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		234.663	159.746
Мыналарға келетін:			
- Банк акционерлеріне		234.265	159.330
- бақыламайтын қатысу үлестеріне		398	416
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	33	1.093,87	925,60

Банк Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Гульмира Джанибековна Джумадилаева



Басқарма Төрайымы

Никара Миратовна Салихова

Бас бухгалтер

2025 жылғы 31 наурыз

8-105 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2024 жылғы 31 желтоқсанға***(миллион теңгемен)*

		2024 жылғы	2023 жылғы
	Ескерт.	31 желтоқсан	31 желтоқсан*
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	852.544	706.382
Туынды қаржы активтері	15	60	194
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	16	75.845	63.834
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	17	7.087	12.577
«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	17	—	6.937
Инвестициялық бағалы қағаздар	18	1.289.475	928.919
«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар	18	43.025	36.351
Клиенттерге берілген кредиттер	19	1.139.015	1.064.206
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы		122.212	105.458
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	20	—	2.948
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	20	3.549	3.079
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер	21	85.531	79.533
Материалдық емес активтер	21	8.003	8.353
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	22	1.672	6.985
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	23	50.680	42.861
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		4.688	1.929
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	13	216	110
Сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобының активтері	22	11.448	—
Басқа да активтер	24	97.012	81.085
Активтер жиыны		3.792.062	3.151.741
Міндеттемелер			
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	25	121.643	78.896
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	26	43.025	43.288
Туынды қаржылық міндеттемелер	15	1.073	384
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	27	1.955.796	1.621.408
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	28	304.486	213.052
Реттелген борыш	29	118.149	201.560
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	30	7.810	9.319
Жалдау бойынша міндеттемелер		4.224	4.034
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		511	499
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	13	168.798	166.562
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	20	39.298	36.747
Қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	20	—	216
Сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобының міндеттемелері	22	3.462	—
Басқа да міндеттемелер	31	53.510	40.059
Міндеттемелер жиыны		2.821.785	2.416.024

8-105 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**2024 жылғы 31 желтоқсанға***(миллион теңгемен)*

		2024 жылғы	2023 жылғы
	Ескерт.	31 желтоқсан	31 желтоқсан*
Акционерлік капитал	32	258.201	258.201
Сатып алынған акциялар		(2.638)	(2.638)
Қосымша төленген капитал		764	764
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	32	5.178	6.802
Әділ құн резерві	32	37.837	8.570
Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв	32	12.773	(1.988)
Кері сатып алу резерві		(137.564)	(137.564)
Бөлінбеген пайда		794.268	602.407
Банк акционерлеріне жататын капитал жиыны		968.819	734.554
Бақыламайтын қатысу үлестеріне		1.458	1.163
Капитал жиыны		970.277	735.717
Капитал және міндеттемелер жиыны		3.792.062	3.151.741

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертемеде келтірілген.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(миллион теңгемен)

Банк акционерлеріне жататын												
Ескерт.	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Меншікті сатып алынған акциялар	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Әділ құн резерві	Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Кері сатып алу резерві	Үлестік құралдар мен байланысты басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылама қатысу үлестері	Капитал жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға	258.201	764	(2.638)	7.521	(2.792)	1.839	(137.564)	2.847	449.893	578.071	747	578.818
Бір жылғы пайда	—	—	—	—	—	—	—	—	151.872	151.872	416	152.288
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	—	—	—	(77)	11.362	(3.827)	—	—	—	7.458	—	7.458
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	(77)	11.362	(3.827)	—	—	151.872	159.330	416	159.746
Капиталда тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар												
Акциялар негізіндегі төлемдер	32	—	—	—	—	—	—	(2.847)	—	(2.847)	—	(2.847)
Басқа да өзгерістер												
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	32	—	—	—	(642)	—	—	—	642	—	—	—
2023 жылғы 31 желтоқсанға	258.201	764	(2.638)	6.802	8.570	(1.988)	(137.564)	—	602.407	734.554	1.163	735.717
Бір жылғы пайда	—	—	—	—	—	—	—	—	179.480	179.480	398	179.878
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	—	—	—	767	39.257	14.761	—	—	—	54.785	—	54.785
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	767	39.257	14.761	—	—	179.480	234.265	398	234.663
Капиталда тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар												
Басқа да өзгерістер												
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдардың шығуы нәтижесінде жинақталған пайданы көшіру	32	—	—	—	(9.990)	—	—	—	9.990	—	—	—
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	32	—	—	—	(2.391)	—	—	—	2.391	—	—	—
Дивидендтер	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	(103)	(103)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	258.201	764	(2.638)	5.178	37.837	12.773	(137.564)	—	794.268	968.819	1.458	970.277

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(миллион теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл*</i>
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Алынған пайыздық кірістер	5	378.777	340.876
Төленген пайыздық шығыстар	5	(150.973)	(117.692)
Түскен комиссиялық кірістер		59.614	58.861
Төленген комиссиялық шығыстар		(35.185)	(47.943)
Сақтандыру шарттары бойынша алынған кірістер		30.256	48.310
Сақтандыру шарттары бойынша төленген шығыстар		(37.045)	(21.738)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза жұмсалған пайда	8	(2.595)	3.616
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздарымен операциялар бойынша таза шығындар		902	(1.049)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза жұмсалған пайда	9	45.620	26.624
Персонал шығыстары және төленген өзге де жалпы және әкімшілік шығыстар		(111.145)	(110.490)
Басқа да түскен кірістер		32.469	24.994
Төленген басқа да шығыстар		(19.745)	(19.155)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары		190.950	185.214
<i>Операциялық активтердің таза азаюы / (көбеюі)</i>			
Туынды қаржы құралдары		198	104
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат		7.938	(18.310)
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар		15.271	26.546
Клиенттерге берілген кредиттер		(82.953)	(173.395)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер		(56)	—
Басқа да активтер		8.751	704
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі / (азаяуы)</i>			
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты		28.348	21.633
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері		238.924	(18.278)
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек		(2.961)	(96.682)
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		4.572	—
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер		(1.509)	(1.498)
Басқа да міндеттемелер		10.296	10.562
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі / (жұмсалуды)		417.769	(63.400)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(17.359)	(2.857)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі / (жұмсалуды)		400.410	(66.257)

8-105 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

	<i>Ескер</i> <i>т.</i>	<i>2024 ЖЫЛ</i>	<i>2023 ЖЫЛ</i>
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	18	(385.925)	(193.083)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	18	236.910	32.872
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	18	(2.702.778)	(6.557.321)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сату және өтеу		2.557.558	6.716.193
Алынған дивидендтер	18	2.062	—
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(19.958)	(25.978)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		7.593	7.782
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		3.309	3.470
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(301.229)	(16.065)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу		—	(46.899)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(1.500)	(1.680)
Реттелген борышты өтеу	29	(100.000)	(5.000)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды орналастыру	28	100.000	—
Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(1.500)	(53.579)
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
Күтілетін кредиттік зияндардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	14	773	(207)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)		146.162	(146.604)
Есепті жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		706.382	852.986
Есепті жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		852.544	706.382

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертеде келтірілген.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. Қызметтің сипаттамасы

Ұйымдық құрылым және қызмет

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк») және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – «Топ») қаржылық есептілігі кіреді.

Банк 1992 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Цеснабанк" ашық акционерлік қоғамы ретінде тіркелді. 2003 жылы заңнамаға өзгерістер енгізудің нәтижесінде, 2003 жылғы 26 желтоқсанда Банк акционерлік қоғам (бұдан әрі – «АҚ») болып қайта тіркелді.

2019 жылғы 6 ақпанда «First Heartland Securities» АҚ, «Назарбаев Қоры» жеке қорына және «Назарбаев Университеті» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының тобына тиесілі қаржы холдингтік компаниясының инвестициялық бөлімшесі «Цеснабанк» АҚ-ның 99,80% жай акцияларын сатып алды.

2019 жылғы 26 сәуірде «First Heartland Securities» АҚ Банктің ребрендингін өткізді. Ребрендингтен кейін Банк «Jýsan Bank» бөлшек сауда брендімен «First Heartland Jýsan Bank» АҚ болып өзгертілді.

2021 жылғы 16 наурызда Банк акционерлерінің жалпы жиналысында Банктің фирмалық атауын «First Heartland Jýsan Bank»-тен «First Heartland Jusan Bank»-ке, «Jusan bank» бөлшек сауда брендімен өзгерту туралы шешім қабылданды.

2021 жылғы 28 мамырда «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «ҚРҚНРДА») банкке «АТФБанк» АҚ еншілес банкінің Банкке қосылуы нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беруге қаулы етті.

2023 жылғы 15 ақпанда Алматы қаласының Бостандық аудандық соты Банктің жай және артықшылықты акцияларына тыйым салды. 2023 жылғы 16 ақпанда Алматы қаласының Бостандық аудандық соты Алматы қаласы прокурорының Банктің, сондай-ақ онымен байланысты ұйымдардың активтерін шетелдік юрисдикцияларға беруге және шығаруға бағытталған «Pioneer Capital Invest» ЖШС мен банктің аралық бас компаниясы, Jusan Technologies Ltd арасындағы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талабы бойынша азаматтық іс қозғады.

2023 жылғы 16 ақпанда Банктің аралық бас компаниясы, Америка Құрама Штаттарында тіркелген Jusan Holdings LLC корпорациясы және Ұлыбританияда тіркелген оның еншілес компаниясы Jusan Technologies Ltd. Невада штатының федералды округтік сотына Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарсы талап арыз берді

2023 жылғы 14 шілдеде «Jusan» тобы бойынша дауларды әлемдік реттеу шеңберінде, сондай-ақ активтерді қазақстандық юрисдикцияға қайтару/беру мақсатында «First Heartland Securities» АҚ-ның 8.262.711 жай акциясын (дауыс беретін акциялардың 99,745%) Г.Ш. Есенов мырза Jusan Technologies Ltd-ден сатып алды. Банктің және оның еншілес компанияларының соңғы бақылаушы жағы да New Generation Foundation, Inc.-тен Г.Ш. Есенов мырзаға өтті.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») берген 2019 жылғы 29 тамыздағы №1.2.35/225/37 бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. 2020 жылғы 3 ақпанда заңнаманың өзгеруіне байланысты Банктің бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүргізуге арналған №1.2.35/225/37 лицензиясы қайта ресімделді. 2021 жылғы 7 сәуірде атауының өзгеруіне және қайта тіркеу рәсімінің жүргізілуіне байланысты Банктің бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүргізуге арналған №1.2.35/225/37 лицензиясы қайта ресімделді.

Банктің негізгі қызметі коммерциялық банк қызметін жүргізумен, кредиттер мен кепілдіктер берумен, депозиттерді тартумен, клиенттердің шоттарын ашумен және жүргізумен, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асырумен, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізумен байланысты болды. Банктің шығарылған бағалы қағаздарының Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») листингі болады.

Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі – «ҚДҚҚ») қатысушысы болып табылады. ҚДҚҚ негізгі мақсаты банк-қор қатысушысы мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы жинақ салымдары бойынша сақтандыру өтемінің ең жоғары сомасы 20 миллион теңгені, карточкалар, шоттар және ұлттық валютадағы өзге де депозиттер бойынша – 10 миллион теңгеге дейін және шетел валютасында – 5 миллион теңгеге дейін құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан :20 миллион теңге, 10 миллион теңге және тиісінше 5 миллион теңге).

Банктің басты кеңсежайының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғылы, 242-үй.

Банктің активтері мен міндеттемелерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. Қызметтің сипаттамасы (жалғасы)**Банктің еншілес ұйымдары**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ құрамына келесі еншілес ұйымдар кіреді:

Атауы	Тіркелген елі	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі %	
			2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«First Heartland Capital» АҚ	Қазақстан Республикасы	Инвестициялық портфельді басқару	100,00	100,00
«Jusan Development» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді әрі үмітсіз активтерді басқару	100,00	100,00
«OYSA Юг» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді әрі үмітсіз активтерді басқару	100,00	100,00
«Jusan Инкассация» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Халыққа қызмет көрсету	100,00	100,00
«Jusan Property» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді әрі үмітсіз активтерді басқару	100,00	100,00
«СК «Jusan Garant» АҚ	Қазақстан Республикасы	Сақтандыру қызметі	100,00	100,00
First Heartland Jusan Invest	Қазақстан Республикасы	Брокерлік және дилерлік қызметтер	100,00	100,00
«Оптима Банк» ААҚ	Қырғыз Республикасы	Банк қызметі	97,14	97,14

Акционерлер

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі акционерлер Банктің жай акцияларына иелік етті:

Акционерлер	Үлес, %	
	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«First Heartland Securities» АҚ	79,63	79,63
Г.Ш. Есенов	20,11	20,11
Басқа да акционерлер	0,25	0,25
Жиыны	100,00	100,00

2023 жыл ішінде Банктің миноритарлық акционерлерінен 283 миллион теңге жалпы сомаға 1.487.869 дана жай акциялар сатып алынды. «First Heartland Securities» АҚ-на (бұдан әрі – «Бас ұйым») тиесілі Банктің жай акциялары санының Банктің дауыс беретін жай акцияларының жалпы санына арақатынасы 79,63%-ды құрады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Г.Ш. Есенов мырза Банктің және оның еншілес ұйымдарының түпкілікті бақылаушы акционері болды.

Топтың осы 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Банк Басқармасы 2025 жылғы 31 наурызда бекітті.

1. Қызметтің сипаттамасы (жалғасы)

Геосаяси оқиғалар

Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстың нәтижесінде көптеген елдер жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына қарсы жаңа санкциялар енгізді және енгізуді жалғастыруда. Беларусь Республикасына қатысты санкциялар да енгізілді.

Қор және валюта нарықтарындағы құбылмалылық, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті ресурстардың, материалдар мен қызметтердің қол жетімділігі белсенді қызметті жүргізетін немесе Ресей Федерациясымен, Беларусь Республикасымен немесе Украинамен айтарлықтай байланысы бар компанияларға тікелей әсер етеді. Алайда, қалыптасқан жағдайдың салдары жанжалға қатысушы елдерге тікелей қатысы бар компанияларға ғана емес, тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

Елдік тәуекелді басқару мақсатында Топ Банктің алқалы органы белгілеген лимиттер шеңберінде контрагенттермен операцияларды бақылайды, олар үнемі қайта қаралып отырады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламаларымен және күтілетін кредиттік зияндар резервін шегере отырып инвестициялық бағалы қағаздармен, сондай-ақ сауда-саттықтағы бағалы қағаздармен білдірілген ресейлік контрагенттерге қойылатын талаптардың шоғырлануы 19.083 миллион теңге болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 20.996 миллион теңге).

Инфляция және ағымдағы экономикалық жағдайлар

Макроэкономикалық және геосаяси органдың әсері бүкіл әлемдегі барлық дерлік экономикалардағы инфляциялық қысымды күшейтті. Жоғары және өсіп келе жатқан энергия бағалары басқа тауарлар мен қызметтердің құнына теріс әсер етеді, бұл көптеген елдерде тұтыну бағасының айтарлықтай өсуіне әкеледі.

Көптеген тауарлардың, соның ішінде азық-түлік өнімдерінің бағасы жоғары болып қала береді. 2024 жылы Қазақстандағы инфляция ҚРҰБ деректеріне сай 8,6% болды.

2024 жылғы 29 қарашада ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1% пайыздық тармақ пайыздық дәлізімен жылдық 15,25%-ға дейін көтеру туралы шешімді қабылдады.

Топ осы оқиғалардың және экономикалық жағдайлардың өзгеруінің өз қызметіне әсерін бағалауды жалғастыруда.

Ағымдағы инфляциялық қысым, макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік, соның ішінде Украинадағы қақтығыстың салдары активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы бөлім

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Топ өздерінің ниеттері мен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тиісті бабы бойынша активтердің/міндеттемелердің көп бөлігін өтеу/өтеу мүмкіндігі негізінде олардың өтімділігі тәртібімен қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарын ұсынды. Есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде (айналымдағы активтер және қысқа мерзімді міндеттемелер) және есепті күннен кейінгі 12 айдан астам уақыт ішінде (айналымдағы активтер және ұзақ мерзімді міндеттемелер) өтеуге немесе өтеуге қатысты талдау 40-ескертілгенде келтірілген.

Құнды айқындауға арналған база

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік, соның өзгерістері кезеңдегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды және қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін негізгі құралдарды (жер мен ғимараттар) және әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялық жылжымайтын мүлікті қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес әзірленген.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін білдіру валютасы

Банктің және «Оптим Банк» ААҚ қоспағанда, оның еншілес компанияларының функционалдық валютасы теңге болып табылады, әрі ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін көптеген операциялардың экономикалық мән-жайын және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты жағдайларды барынша көрсетеді. «Оптим Банк» ААҚ-ның функционалдық валютасы қырғыз сомы болып табылады.

Қазақстандық теңге осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті білдіру валютасы болып табылады.

Теңгемен білдірілген барлық деректер, егер өзгесі көрсетілмесе, бүтін миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

Қайта жіктеулер

Келесі өзгерістер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке, пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке және 2024 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепке енгізілді:

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	2023 жылғы 31 желтоқсан		
	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер	87.886	(8.353)	79.533
Материалдық емес активтер	—	8.353	8.353
Активтер жиыны	3.151.741	—	3.151.741
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1.624.092	(2.684)	1.621.408
Басқа да міндеттемелер	37.375	2.684	40.059
Міндеттемелер жиыны	2.416.024	—	2.416.024

2024 жылы Топ материалдық емес активтерді қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің жеке жолымен көрсету туралы шешім қабылдады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлем жүйелері бойынша 2.684 миллион теңге мөлшеріндегі қаржылық міндеттемелер клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің құрамынан қайта жіктелді.

Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,		
	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Комиссиялық кірістер	64.900	(4.105)	60.795
Комиссиялық шығыстар	(44.047)	4.105	(39.942)
Бір жылғы пайда	152.888	—	152.888

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,		
	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Түскен комиссиялық кірістер	62.966	(4.105)	58.861
Төленген комиссиялық шығыстар	(52.048)	4.105	(47.943)
Операциялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсауы	(66.257)	—	(66.257)

Топ басшылығы бұл ұсыныс шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін анағұрлым орынды деп санайды.

Жоғарыда келтірілген қайта жіктеу 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Топ 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енген стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

1 ХЖЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

16 ХЖЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Кері жалдау арқылы сату операциясының шеңберіндегі жалдау міндеттемесі»

7 ХЖЕС-ке (IAS) және 7 ХЖЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Өнім жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»

Жаңа түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Шоғырландыру негізі

Еншілес ұйымдар, яғни қызметін Топ бақылайтын компаниялар шоғырлануда. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін іске асыру арқылы бұл кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, Инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кірістердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығының немесе мұндай кірістерді алуға құқығының болуы;
- Топтың кірістердің көлеміне әсер ету үшін инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық маңызды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа ұстаушылармен келісім(дер);
- Басқа келісімдермен көзделген құқықтар;
- Топта бар дауыс беру құқығы және әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Еншілес ұйымдардың шоғырлануы Топқа оларға бақылау өткен күннен басталады және бақылаудан айырылу күнінен бастап аяқталады. Топ ұйымдарының арасындағы барлық операциялар, сондай-ақ мұндай операциялар бойынша қалдықтар мен жұмсалмаған пайда, тиісті операция берілетін активтің құнсыздануын растайтын жағдайдан басқа, алынып тасталады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың есеп саясатына оны Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін өзгерістер енгізіледі.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс қалдыққа әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлестеріне жатады.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылса, ол еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін (оның ішінде соған қатысты гудвилді), бақыланбайтын қатысу үлестерінің баланстық құнын, капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындауын тоқтатады; алынған сыйақының әділ құнын, қалған инвестицияның, операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайда мен зиян құрамында әділ құнын мойындайды; бұрын басқа да жиынтық кірістің құрамында, пайда немесе зиян құрамында мойындалған компоненттердегі негізгі компанияның үлесін қайта жіктейді.

Қорларды басқару

Топ инвесторлардың мүдделері үшін пай қорлары мен басқа инвестициялық компаниялардың активтерін басқарады.

Осы кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топ осындай кәсіпорынды бақылайтын жағдайларды қоспағанда, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілмейді.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Шетел валютасындағы операциялар

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол функционалдық валюта және Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін ҚҚБ белгілеген және ҚРҰБ жариялаған айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда немесе зиян құрамында «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кіріс – Валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚҚБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстар шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі.

2024 жылғы 31 желтоқсанға ҚҚБ ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңге болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңге).

Есепті күнге функционалдық валютасы Топтың есептілігін ұсыну валютасынан өзгеше ұйымдардың активтері мен міндеттемелері есепті күнге бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал олардың пайда немесе зиян туралы есептері орташа өлшенген жылдық бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырмалар басқа жиынтық кірісте көрінеді.

Әділ құнды бағалау

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бойынша және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша бағаланатын мұндай қаржы құралдарын және негізгі құралдар (ғимараттар мен жер) әрі инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 38-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- Бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- Негізгі нарық болмай қалғанда, бұл активке немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелуіне болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелу қабілетін назарға алады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте тиісті қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады. Әділ құны бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей - бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген);
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Мойындау күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Топ активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға қаржы активтері мен міндеттемелерді шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, соның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидалармен немесе келісімдермен белгіленген мерзімнің шегінде жеткізу талап етіледі.

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындар қосылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді бағалау санаттары

Топ өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- Амортизацияланған құны;
- БЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Топ туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Топ өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаттарын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы тану (жалғасы)

Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат, инвестициялық бағалы қағаздар, клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын өзге де қаржы активтері

Топ банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражатты, инвестициялық бағалы қағаздарды, клиенттерге берілген кредиттерді және басқа да қаржы активтерін, келесі екі талап орындалған жағдайда ғана, амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы («SPPI») мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бизнес-модельді бағалау

Топ бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Топтың бизнес-моделі бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- Бизнес-модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланады, және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалайша хабарланады;
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, және атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- Бизнесті басқаратын менеджерлерге сыйақы қалайша беріледі (мысалы, сыйақының берілуі басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген ақша ағындарына негізделген бе);
- Сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Топтың бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельдің бағалануы солардың туындауы «ең нашар» немесе «стрессті» сценарийлерді ескерместен, негізделіп күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Топ үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Топ бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Топ шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер жасалса немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы болса).

Кредиттік шарттың шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және кредиттік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Топ пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы тану (жалғасы)

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі) (жалғасы)

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық кредиттік келісіммен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайда қаржы активін ПЗӨҚ бойынша бағалау қажет.

БЖКАӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Топ борыштық құралдарды БЖКАӨҚ бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы, сол сияқты қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- Қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар, кейіннен әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе зияндар басқа да жиынтық кіріс («БЖК») құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайда немесе зияндар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындай дәл осылайша пайда немесе зиян құрамында танылады. Мойындау тоқтатылғаннан кейін, бұрын БЖК құрамында танылған жинақталған пайда немесе зиян БЖК құрамынан пайда немесе зиян құрамына қайта жіктеледі.

БЖКАӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік зияндар («ККЗ») әділ құны бойынша бағалауды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте осы қаржы активтерінің баланстық құнын төмендетпейді. Бұның орнына активті амортизацияланған құны бойынша бағалау кезінде құрылған күтілетін зиянның бағалау резервіне тең болатын сома тиісті сомаларды пайда немесе зиян құрамында мойындай отырып құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде БЖК құрамында танылады. БЖК құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активтің мойындалуы тоқтаған кезде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктеледі.

БЖКАӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

Оқта-текте Топ кейбір инвестициялар үлестік құралдарға бастапқы мойындалған кезде, оның күшін кейіннен айыру құқығынсыз, оларды БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» 32 ХҚЕС-сай (IAS) сай үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және саудаға арналмаса, шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әр құрал бойынша жеке қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен зиян ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Топ мұндай құралдың бастапқы құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян құрамында басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда БЖК құрамында танылады. БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Мұндай құралдар шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына көшіріледі.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы тану (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттерді беру міндеттемелері

Топ қаржылық кепілдіктерді, аккредитивтер мен кредиттерді беру міндеттемелерін шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда шоғырландырылған қаржылық есептілікте алынған сыйлықақы сомасында әділ құны бойынша танылады. Бастапқы танудан кейін Топ әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін пайда немесе зиян құрамында танылған жинақталған амортизацияны және ККЗ бағалау резервін шегере отырып бастапқыда танылған сомадан ең үлкен өлшем бойынша бағалайды.

Аккредитивтерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Топ клиентке күні бұрын аталған талаптарда кредитті беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттарымен болған жағдайлардағыдай, ККЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады. Кредиттерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Топ клиентке күні бұрын аталған талаптарда кредитті беруге міндетті. Кредиттерді беру міндеттемелері 9 ХҚЕС-те (IFRS) белгілі бір талаптарға сай кредитті беру бойынша тұрақты шарттық міндеттемелер ретінде сипатталады. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ-ны бағалау талаптарына қолданылады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы қаражат, «кері РЕПО» шарттары және басқа қаржы ұйымдарындағы қаражат жатады.

«РЕПО» және кері «РЕПО» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («РЕПО» шарттары) есептілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «РЕПО» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленуі жалғастырылады және контрагенттің шарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «РЕПО» шарттары бойынша кепілзат есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттеме «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешектің құрамына қосылады. Кері сату шарттары бойынша бағалы қағаздар сатып алу жағдаятқа қарай кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамында бейнеленеді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздар ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «РЕПО» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге қарыз талаптарында берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуін жалғастырады. Қарыз талаптарында тартылған бағалы қағаздар олар үшінші тұлғаларға сатылған кезде ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдары

Топ өзінің әдеттегі қызметінің барысында валюта нарықтарында түрлі туынды қаржы құралдарын пайдаланады. Бұл қаржы құралдары саудаға арналған және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құн нарықтық баға белгілеудің немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнға әрі басқа да факторларға негізделген бағалау модельдерінің негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құнымен - міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен операциялар бойынша пайда мен зиян пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда құрамындағы пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Топтың не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға банктер мен басқа да қаржы ұйымдарындағы қаражат, клиенттердің қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және реттелген борыш жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда мен зиян құрамында бейнеленеді.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активі және қаржылық міндеттеме танылған сомаларды есепке алуға заң тұрғысынан қорғалған құқық болғанда және есеп айырысуды нетто-негізде жүзеге асыруға не болмаса бір мезгілде активті өткізуге және міндеттемені орындауға ниет болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте нетто-көлемді көрсете отырып өзара есепке алынуы тиіс. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғамен негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңмен қорғалуы тиіс:

- Әдеттегі қызметтің барысында;
- Дефолт болған жағдайда;
- Ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте толық сомада көрсетіледі.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Топ кредиттер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, кредит берудің жаңа талаптарын келіседі.

Топ қаржы активін, мысалы, клиентке берілген кредитті мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа кредитке айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде, алынған кредит бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған актив болып саналған жағдайлардан басқа, кредиттер ККЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиентке берілген кредитті мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Топ, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- Кредит валютасының өзгеруі;
- Контрагенттің өзгеруі;
- Түрлендіру құралдың SPPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне әкеп соқтыруы.

Егер түрлендіру ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру тануды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Топ түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды, олар құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсімнің құрамында білдіріледі.

Мойындалудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Топ кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды. Актив түрлендіру нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде жіктелгеннен кейін ол берешекті өтеу сәтіне дейін 3-кезеңнің құрамында қалады, бұл провизияларды қалыптастыру күніндегі қарыз валютасындағы қаржы активінің жалпы баланстық құнының қаржы активі 3-кезеңге ауысқан кездегі қарыз валютасындағы берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін және қарыз қаржы активінің құнсыздану белгілері негізінде құнсызданудың объективті растамасы болып табылатын оқиғаларды бағалау күніне төмендеуіне әкеп соғады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активінің (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігінің немесе топтың ұқсас қаржы активтерінің бір бөлігінің), егер:

- Активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен келетін ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағындарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Топ активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Егер Топ активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Топтың бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Топқа төлем жасауға берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке шығарылған және/немесе сатып алынған опцион (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Топтың одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша шығарылған пут-опционы (есебі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) жағдайын қоспағанда, Топ өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Топтың одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опционның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

Есептен шығару

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Топ олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома құнсыздануға жиналған резервтің көлемінен жоғары болса, оның айырмасы ел алдымен резервтің ұлағажы ретінде ескеріледі, әрі ол кейіннен жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары кредиттік зиян бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару танудың тоқтатылуына жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда оның танылуы тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптары айтарлықтай түрлендірілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің танылуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары

Шарттарды жіктеу

Топ елеулі сақтандыру тәуекелін қабылдайтын шарттар сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі. Базалық сақтандыру шарттарымен байланысты елеулі сақтандыру тәуекелін беретін Топ ұстайтын шарттар қайта сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі.

Топ сақтандыру шарттарын келесі санаттардың біріне жіктейді:

- Сақтандыру шарттары ретінде жіктелген сақтандыру шарттары;
- Сақтандыру шарттары ретінде жіктелген шығарылған қайта сақтандыру шарттары;
- Сақтандыру шарттары ретінде жіктелген ұсталатын қайта сақтандыру шарттары.

Сақтандыру шарттарын сәйкестендіру критерийлері

Шығарылған шартты «сақтандыру шарты» ретінде жіктеу үшін Топ келесі талаптардың бір мезгілде орындалуын тексереді:

- Елеулі сақтандыру тәуекелі шарт бойынша беріледі;
- Шартта көрсетілген сақтандыру жағдайы сақтанушы үшін жағымсыз салдарға әкеп соғады.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын сәйкестендіру критерийлері

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін Топ шығарылған сақтандыру шарттарымен бірдей өлшемдерді қолданады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын біріктіру және тану

Топ сақтандыру келісімшарттарының портфелін және қайта сақтандыру келісімшарттарының портфелін анықтау үшін шығарылған сақтандыру келісімшарттары мен ұсталатын қайта сақтандыру келісімшарттарын талдайды. Сақтандыру шарттарының портфелі ұқсас тәуекелдерге ұшырайтын және бірлесіп басқарылатын шарттарды қамтиды.

Сақтандыру шарттарының бір портфеліне енгізілген шарттар бастапқы тану кезінде мынадай сипаттамалар бойынша топтастырылады және кейіннен басқа топқа қайта жіктеле алмайды:

- Бастапқы тану сәтінде ауыр болып табылатын шарттар;
- Бастапқы тану сәтінде олардың кейіннен ауыртпалыққа айналу ықтималдығы жоқ шарттар;
- Портфельде қалған шарттар, егер бар болса.

Топ сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсілді («СБНТ») қолдана отырып бағаланатын шарттар, фактілер мен мән-жайлар керісінше көрсететін жағдайларды қоспағанда, бастапқы тану сәтінде ауыртпалық тудырмайтынын мойындайды.

Топ жыл сайын шарттар шығарылған күндер бойынша когорттар құрады және шарттың шығарылған күнін оның жасалған күні деп санайды.

Заң немесе реттеуші талаптар ұйымның әртүрлі сипаттамалары бар полис ұстаушылар үшін әртүрлі тарифтерді немесе пайда деңгейлерін белгілеу практикалық мүмкіндігін белгілі бір жолмен шектегендіктен ғана әртүрлі топтарға кіретін бір портфолиодағы шарттар бір топқа кіреді.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын біріктіру және тану (жалғасы)

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін бастапқы тану кезіндегі сипаттамалар негізінде келесі топтарға бөледі:

- Бастапқы тану кезінде таза пайдасы бар ұсталатын қайта сақтандыру шарттары;
- Таза шығындар бар және таза пайда табудың айтарлықтай ықтималдығы жоқ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары;
- Таза шығындар бар және таза пайда табудың айтарлықтай ықтималдығы бар ұсталатын қайта сақтандыру шарттары.

Шығарылған сақтандыру шарттарына қатысты Топ келесі күндердің ең ертерегіне шығарылған шарттар тобын таниды:

- Сақтандыру шарттарының тобы бойынша сақтандыру өтеу кезеңінің басталуы;
- Сақтандыру шарттарының тиісті тобында полис ұстаушыдан алғашқы төлемді төлеу мерзімі келетін күн; және
- Ауыртпалық түсіретін шарттар тобына қатысты - бұл топ ауыртпалық түсіретін күн.

Егер шартта алғашқы төлемнің белгілі бір күні көзделмесе, онда осы шарт бойынша полис ұстаушыдан алғашқы нақты төлемнің күні осындай күн болып есептеледі.

Шығарылған қайта сақтандыру шарттарына қолданылатын тәсілдер шығарылған сақтандыру шарттарына қолданылатын тәсілдерден ерекшеленбейді.

Шарт танылған кезде ол қолданыстағы шарттар тобына енгізіледі немесе егер шарт қолданыстағы топқа енгізу критерийлеріне сәйкес келмесе, ол келесі шарттар енгізілетін жаңа топ құрады. Шарт топтары бастапқы тану кезінде қалыптастырылады және олардың құрамы барлық шарттар тобына енгізілгеннен кейін қайта қаралмайды.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарына қатысты Топ екі күннің ең ерте мерзіміне ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобын таниды:

- Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша сақтандыру өтеу кезеңінің басталуы; және
- Егер қайта сақтандыру шарттарының тобына енгізілген тиісті қайта сақтандыру шарты осы күнге немесе оған дейін жасалған болса, Компания ауыртпалық түсіретін базалық сақтандыру шарттарының тобын танитын күн.

Топ пропорционалды сақтандыру өтемін қамтамасыз ететін ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобын тануды, егер бұл күн ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы үшін қамту кезеңінен кешірек болса, базалық сақтандыру шарты бастапқы танылған күнге дейін кейінге қалдырады.

Сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағындары

Аквизициялық ақша ағындары сақтандыру шарттарының топтарына жүйелі және ұтымды әдісті қолдана отырып және артық шығындар мен күш-жігерсіз қол жетімді барлық негізделген және расталған ақпаратты ашық түрде талдай отырып бөлінеді.

Егер аквизициялық ақша ағындары шарттар тобымен тікелей байланысты болса (мысалы, шартты шығарған кезде өтелмейтін комиссия), онда олар осы топқа бөлінеді.

Егер аквизициялық ақша ағындары шарттар тобымен емес, сақтандыру шарттарының портфелімен тікелей байланысты болса, онда олар жүйелі және ұтымды әдісті пайдалана отырып, портфель шеңберінде топтарға бөлінеді.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары (жалғасы)

Сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағындары (жалғасы)

Шарттардың тиісті тобы танылған сәтке дейін туындайтын аквизициялық ақша ағындары актив ретінде танылады. Аквизициялық ақша ағындары оларды төлеу кезінде немесе міндеттемені 17 ХҚЕС-тен (IFRS) басқа стандартқа сәйкес мойындау қажет болған кезде пайда болады. Мұндай актив аквизициялық ақша ағындары бөлінген шарттардың әрбір тобы бойынша танылады. Активті тану осы аквизициялық ақша ағындары тиісті сақтандыру шарттарының тобын бағалауға енгізілген сәтте аквизициялық ақша ағындарына қатысты толық немесе ішінара тоқтатылады.

Әрбір есепті күнге Топ пайдаланылған тарату әдісі үшін бастапқы деректерді анықтайтын жорамалдардағы кез келген өзгерістерді көрсету үшін топтарға бөлінген сомаларды қайта қарайды. Топқа бөлінетін сомалар барлық шарттар топқа енгізілгеннен кейін қайта қаралмайды.

Шарт шеңбері

Шарттар тобын бағалау кезінде осы топтағы әрбір шарт шеңберінде болатын барлық болашақ ақша ағындары ескеріледі.

Ақша ағындары сақтандыру шартының шеңберінде болады, егер олар есепті кезеңде қолданыстағы жарамды құқықтар мен міндеттерге байланысты болса, онда Топ полис ұстаушыға сыйлықақыларды төлеуге міндеттей алады немесе осы уақыт ішінде Топтың қызмет көрсетуге нақты міндеті болады.

Қызмет көрсетудің нақты міндеті қашан аяқталады:

- Топтың белгілі бір полис ұстаушысы бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың іс жүзіндегі мүмкіндігі бар және мұндай тәуекелдерді толық шамада көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады; немесе
- Топтың осы шартты қамтитын сақтандыру шарттарының портфелі бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың іс жүзіндегі мүмкіндігі бар және ол осы портфель бойынша тиісті тәуекелді толық көлемде көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады және сыйлықақыларды қайта бағалау жүзеге асырылатын күнге дейін сыйлықақыларды тарифтеу кезінде қайта бағалау жасалатын күнге дейінгі кезеңдерге жататын тәуекелдер ескерілмеді.

Тәуекелдерді қайта бағалау кезінде сақтандыру және қаржылық тәуекелдерді қамтуы мүмкін, бірақ шарттың қолданылу мерзімін қысқарту тәуекелін және жоғары шығыстар тәуекелін қамтымайтын полис ұстаушылардан Топқа берілген тәуекелдер ғана ескеріледі.

Ақша ағындары, егер олар Топ қайта сақтандырушыға сомаларды төлеуге міндетті немесе Топтың қайта сақтандырушыдан қызмет алуға жарамды құқығы бар есепті кезеңде қолданыстағы жарамды құқықтар мен міндеттерге байланысты болса, қайта сақтандыру шартының шеңберінде болады.

Қайта сақтандырушыдан қызмет алудың жарамды құқығы қайта сақтандырушы болған кезде аяқталады:

- Оған берілген тәуекелдерді қайта бағалаудың іс жүзіндегі мүмкіндігі бар және ол осындай тәуекелдерді толық шамада көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады; немесе
- Сақтандыру қорғауының қолданылуын тоқтатуға жарамды құқығы бар.

Әрбір есепті күнге жағдайдың өзгеруінің Топтың жарамды құқықтары мен міндеттеріне әсерін есепке алу үшін шарт шеңберін қайта бағалау жүргізіледі, сондықтан шарт шеңбері уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары (жалғасы)

Бағалау - Сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсілді («СБНТ») қолдана отырып бағаланатын шарттар

Топ шарттар басталған күнгі келесі критерийлер қанағаттандырылған кезде сақтандыру шарттары тобын бағалауды жеңілдету үшін СБНТ пайдаланады:

- Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары тобының құрамындағы әрбір шарт бойынша сақтандыру өтемінің кезеңі бір жыл немесе одан азды құрайды;
- Топ СБНТ-ға сәйкес сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары тобын жабудың қалған бөлігі бойынша міндеттемені бағалау бағалаудың жалпы моделінің (бұдан әрі - «БЖМ») талаптарын ескере отырып, бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейді деп негізді түрде күтеді.

Топ негізінен мүлікті сақтандыратын шығарылған қайта сақтандыру шарттарына, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, өзге де жауапкершілікті және басқа да мүлікті сақтандыру шартымен шығарылған талаптарға сәйкестігіне тест өткізді.

Сақтандыру шарттары

Шарттардың әрбір тобы бастапқы танылған кезде өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құны осы күнге топқа бөлінген және танылуы көрсетілген күнге тоқтатылған осы топпен байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған активтің немесе міндеттеменің құнын ескере отырып түзетілген бастапқы тану кезінде алынған аквизициялық ақша ағындарын шегергендегі сыйлықақылар ретінде бағаланады (аквизициялық ақша ағындарына қатысты танылған активтерді қоса алғанда).

Демек, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құны алынған сыйлықақылар мөлшеріне және шығыстар ретінде танылған аквизициялық ақша ағындарының амортизациясына ұлағаяды және сақтандыру қызметтерін көрсеткені үшін кіріс ретінде танылған сомаға және бастапқы танудан кейін бөлінген қосымша аквизициялық ақша ағындарына азаяды. Өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелдің әсерін көрсету үшін де түзетіледі.

Егер сақтандыру өтемі кезеңі ішінде кез келген уақытта фактілер мен мән-жайлар сақтандыру шарттары тобының ауыр екенін көрсетсе, Топ пайда немесе зиян құрамындағы шығынды таниды және өтеудің қалған бөлігіне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын ағымдағы есептік бағалау шамасында өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені ұлғайтады, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құнынан асады. Шарттарды орындау бойынша ақша ағындары дисконтталады (ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып).

Топ сақтандыру шарттары тобы бойынша туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемені пайда болған сақтандыру шығындарына қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындары сомасында таниды. Болашақ ақша ағындары дисконтталады (ағымдағы мөлшерлемелерді қолдана отырып).

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары

Топ сақтандыру шарттарынан ерекшеленетін сипаттамаларды көрсету мақсатында қажет болған жағдайда түрлендірілетін ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобын бағалау үшін есеп саясатының бірдей ережелерін қолданады.

Егер СБНТ-ны пайдалана отырып бағаланатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін залалды өтеу компоненті құрылса, онда топ МПДУ-ны түзетудің орнына активтің баланстық құнын өтеудің қалған бөлігі бойынша түзетуді жүргізеді.

Шартты тануды тоқтату және өзгерту

Топ шартты өтелген кезде, яғни сақтандыру шартында көзделген міндет мерзімі өткеннен кейін тоқтатылған, орындалған немесе күшті жойылған кезде тануды тоқтатады.

Егер оның талаптары түрлендірілген болса, егер жаңа талаптар әрқашан болған болса, шарт есебі айтарлықтай өзгертін болса, Топ шартты тануды тоқтатады және бұл жағдайда түрлендірілген талаптарды ескере отырып, жаңа шарт танылады. Егер шартты өзгерту тануды тоқтатуға әкелмесе, онда Топ түрлендіру нәтижесінде ақша ағындарындағы өзгерістерді шарттың орындалуы бойынша ақша ағындарының есептік бағалауындағы өзгерістер ретінде қарастырады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары (жалғасы)

Шартты тануды тоқтату және өзгерту (жалғасы)

СБНТ-ны қолдана отырып бағаланбайтын шарттар тобына кіретін сақтандыру шартын тану тоқтатылған кезде:

- Осы топқа жатқызылған шарттарды орындау бойынша ақша ағындары шарттар тобында танылуы тоқтатылған құқықтар мен міндеттерге байланысты ақша ағындарын болдырмау үшін түзетіледі;
- Шарттардың осы тобы бойынша МПДУ, мұндай өзгерістер шығын компонентіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының өзгерістерін ескере отырып түзетіледі; және
- Сақтандыру шарты бойынша күтілетін қалған қызметтер бойынша сақтандыру өтемі бірліктерінің саны топтағы сақтандыру өтемі бірліктерін тануды тоқтатуды көрсету үшін түзетіледі.

Егер тануды тоқтату шарттарды түрлендірумен байланысты болса, онда МПДУ, егер Топ түрлендіру күніне жаңа талаптарда шарт жасаса, түрлендіруде байланысты есептелген кез келген қосымша сыйлықақыны шегергенде есептелетін сыйлықақыны ескере отырып түзетіледі. Танылған жаңа шарт түрлендіру күніне Компания түрлендіруде байланысты есептелген қосымша сыйлықақыны шегергенде өзі есептейтін сыйлықақы алды деген болжамды қолдана отырып бағаланады.

Ақпаратты ұсыну

Активтерді білдіретін шығарылған сақтандыру шарттарының және міндеттемелерді білдіретін шығарылған сақтандыру шарттарының портфельдері, сондай-ақ активтерді білдіретін ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының және міндеттемелерді білдіретін ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдері қаржылық жағдай туралы есепте бөлек ұсынылады. Шарттардың тиісті тобы (аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген активтерді қоса алғанда) танылғанға дейін туындайтын ақша ағындарына қатысты танылған кез келген активтердің немесе міндеттемелердің баланстық құны шарттардың тиісті портфельдерінің баланстық құнына енгізіледі.

Топ пайда немесе зиян туралы есепте танылған сомаларды бөледі:

- Сақтандыру бойынша түсім мен сақтандыру қызметтері бойынша шығыстарды қамтитын сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі;
- Қаржылық кірістер немесе сақтандыру бойынша шығыстар.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер немесе шығыстар сақтандыру шарттары бойынша кірістерден немесе шығыстардан бөлек ұсынылады. Қаржылық кірістерді немесе сақтандыру бойынша шығыстарды қоспағанда, ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер мен шығыстар сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесінің құрамында «ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар» ретінде нетто-негізде ұсынылады.

Топ сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесіне қатысты сомаға және сақтандыру бойынша қаржылық кірістерге немесе шығыстарға қатысты сомаға қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеру шамасын дезагрегацияламайды. Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеруінің барлық шамасы сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесінің бөлігі ретінде ескеріледі.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары (жалғасы)

Ақпаратты ұсыну (жалғасы)

Сақтандыру шарттары бойынша түсім - СБНТ-ны қолдана отырып бағаланатын шарттар

СБНТ-ны қолдана отырып бағаланатын шарттарға қатысты әрбір кезең үшін сақтандыру шарттары бойынша түсім осы кезеңге жатқызылған қызметтер көрсеткені үшін күтілетін сыйлықақылар түсімдерінің сомасын білдіреді. Топ сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетудің әрбір кезеңіне күтілетін сыйлықақы түсімдерін уақыттың өтуіне барабар бөледі. Алайда, егер қамту кезеңінде тәуекелді босатудың күтілетін нобайы уақыттың өтуін көрсететін нобайдан айтарлықтай өзгеше болса, онда сақтандыру қызметтері бойынша келтірілген шығыстарды танудың күтілетін мерзімдері негізінде.

Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар

Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар пайда немесе зиян құрамында негізінен пайда болуына қарай танылады. Олар инвестициялық компоненттердің төлемдерін алып тастайды және келесі баптарды қамтиды.

- Сақтандыру қызметтері бойынша туындаған сақтандыру шығындары және өзге де шығыстар;
- Аквизиялық ақша ағындарының амортизациясы: СБНТ-ны қолдана отырып бағаланатын шарттарға қатысты Топ шарттар тобын сақтандыру өтемі кезеңі ішінде аквизиялық ақша ағындарын біркелкі негізде амортизациялайды;
- Ауыртпалық түсіретін шарттар бойынша шығындар және осындай шығындарды қалпына келтіру;
- Ақшаның уақытша құнының, қаржылық тәуекелдің және олардағы өзгерістердің әсерінен туындамайтын туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелер бойынша түзетулер.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар қайта сақтандырушылардан алынған сомаларды шегергендегі қайта сақтандыру бойынша төленген сыйлықақыларды жатқызуды білдіреді.

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша қызметтерді алу шамасына қарай пайда немесе зиян құрамында қайта сақтандыру бойынша төленген сыйлықақыларды бөлу сомаларын таниды. СБНТ-ға сәйкес бағаланатын шарттарға қатысты әрбір кезең үшін қайта сақтандыру бойынша төленген сыйлықақыларды бөлу сомасы осы кезеңге жатқызылған көрсетілген қызметтер үшін сыйлықақылардың күтілетін төлемдерінің сомасын білдіреді.

Қаржылық кірістер мен сақтандыру шығыстары

Сақтандыру бойынша қаржылық кірістер мен шығыстар ақшаның уақытша құнының, қаржылық тәуекелдің және олардағы өзгерістердің әсерінен туындаған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары топтарының баланстық құнындағы өзгерістердің шамасын білдіреді.

Топ сақтандыру шарттарының барлық топтары бойынша қаржылық кірістер мен сақтандыру шығыстарын пайда немесе зиян құрамында білдіреді.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Мемлекеттік жәрдем қаражат

Егер мемлекеттік субсидия алынады және барлық ілеспе шарттар орындалады деген негізделген сенімділік болса, олар мойындалады. Егер субсидия белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол өтелуі тиіс шығындар шығыстарына есептен шығарылатын кезеңдерде жүйелі негізде кіріс ретінде мойындалуы тиіс. Мұндай субсидиялар шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген кезде олар тиісті шығыстардан алынып тасталады.

Нарықтық пайыздан төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша мемлекет берген қарыздан алынатын пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Бұл қаржылық міндеттемелер «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес танылады және бағаланады. Пайыздық мөлшерлемені нарықтан төмен пайдаланудың пайдасы 9 ХҚЕС (IFRS) бойынша анықталған қарыздың бастапқы баланстық құны мен түскен қаражат арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады.

Салық салу

Пайда салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайда салықтары жүзеге асырылу сәтінде компаниялардың бірігуін білдірмейтін және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе зиянға да әсер етпейтін операция бойынша гудвилдің, активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде кейінге қалдырылған пайда салығы жекелеген қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті өткізу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Уақытша айырманы қалпына келтіру уақытын бақылауға болатын және уақытша айырма таяу арада қалпына келтіріледі деген ықтималдық болған жағдайларда қоспағанда, кейінге қалдырылған табыс салығы еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар, жер учаскелері мен ғимараттарды қоспағанда, жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығыстары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

Жер мен ғимараттардың бастапқы құны бойынша бастапқыда танылғаннан кейін қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі, әрі олар кейіннен жиналған амортизациясын және құнсызданудан болған кейіннен жинақталған шығындарды шегере отырып қайта бағалау күніне әділ құнды білдіреді. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасындағы елеулі алшақтықтарды болдырмау үшін жиі орындалады.

Қайта бағалау күніне жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан түскен сома активтің қайта бағаланған сомасына сүйене отырып қайта бағаланады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, бұрын пайда немесе залал құрамында көрсетілген мұндай актив құнының алдындағы азаюын қалпына келтіру сомаларын қоспағанда, басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Мұндай жағдайда активтің құнын ұлғайту сомасы қаржы нәтижесіне жатады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша мұндай азаюдың құнның алдыңғы өсіміне қарсы тікелей есепке алынуын қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен алынған сомаларды бөлінбеген пайда құрамына жыл сайынғы ауыстыру активтердің қайта бағаланған баланстық құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырма бөлігінде жүзеге асырылады. Актив есептен шығарылғанда қайта бағалау резервіне қосылған сома бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметін келесі бағалау мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар (әкімшілік)	25-100
Ғимараттар (өндірістік)	25-55
Компьютерлік жабдық	5-10
Көлік құралдары	7 жыл
Өзге негізгі құралдар	2-20

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және бұрынғы қалпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша бейнеленеді. Материалдық емес активтердің шектелген немесе белгісіз тиімді пайдалану мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер 2-ден 30-ге дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

Лицензияларды, патенттерді, сауда маркаларын және пайдалану мерзімі 12 айдан аспайтын рұқсаттарды Топ активтің пайдалану мерзімі ішінде пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте және өзге де жиынтық кірісте көрсетіле отырып, болашақ кезеңдердің шығыстары ретінде ескеріледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалдау кірісін немесе капитал құнының өсуін алу мақсатында ұсталатын және Топ пайдаланбайтын, сондай-ақ әдеттегі қызмет барысында сатуға арналмаған активтермен білдірілген. Болашақта инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде пайдалану үшін құрылыс, абаттандыру немесе қайта құру процесіндегі объектілер де инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша танылады және кейіннен есепті кезең соңындағы нарықтық талаптарды көрсете отырып, әділ құны бойынша қайта бағаланады. Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлігінің әділ құны әртүрлі көздер, соның ішінде тиісті танылған кәсіби біліктілігі және ұқсас орналасуы мен сипаттамалары бар жылжымайтын мүлікті бағалау тәжірибесі бар тәуелсіз бағалаушылардың есептері негізінде анықталады.

Бағалау міндеттемелері

Топтың өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Капитал

Акционерлік капитал

Жай акциялар және өтелуге жатпайтын, артықшылықты акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесі біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығыстары осы эмиссиялар нәтижесінде алынған соманың кемітілуі ретінде капитал құрамында бейнеленеді. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы қосымша төленген капитал ретінде бейнеленеді.

Артықшылықты акциялар

32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ұсыну» артықшылықты акциялар немесе олардың құрамдас бөліктері келісімшарттық келісімнің мәніне және қаржылық міндеттеме мен үлестік құрал анықтамаларына сәйкес қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал ретінде жіктелуін талап етеді.

Солар бойынша кепілдік берілген сомада дивидендтерді төлеу көзделген артықшылықты акциялар реттелген борыш құрамындағы міндеттеме ретінде жіктеледі және амортизацияланған құны бойынша ескеріледі. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте және басқа да жиынтық кірісте пайыздық шығыстар құрамында көрсетілген.

Меншікті сатып алынған акциялар

Банк немесе оның еншілес ұйымдары Банк акцияларын сатып алған жағдайда пайда салығын шегере отырып мәміле бойынша тиісті шығындарды қоса алғанда, төленген өтемақы меншікті сатып алынған акциялар ретінде олардың күші жойылған немесе қайталап шығарылған сәтке дейін капиталдың жалпы сомасынан есептен шығарылады. Мұндай акцияларды кейіннен сату немесе қайталап шығару кезінде алынған өтемақы меншікті капиталдың құрамына қосылады. Меншікті сатып алынған акциялар орташа алынған құны бойынша ескеріледі.

Дивидендтер

Топтың дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнгі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Сегменттік есептілік

Топтың сегменттік есептілігі келесі операциялық сегменттерге негізделген: банктік, инвестициялық-брокерлік және сақтандыру қызметі.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану

Топтың экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болса және егер кіріс сенімді бағаланатын болса, кіріс танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте кірісті тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Пайыздық және ұқсас түсім мен шығыстар

Топ амортизацияланған құн бойынша немесе кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде есепті болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі.

Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек кредиттік шығындар ескерілмейді. Топ төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданғанға айналатын қаржы активі болған жағдайда Топ пайыздық мөлшерлемені бұл қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып пайыздық кірістерді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Топ жалпы құнның негізінде пайыздық түсімнің есептелуіне оралады.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) қаржы активтері болған жағдайда Топ пайыздық түсімді кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржы активінің амортизацияланған құнына қолдана отырып есептейді. Кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл бастапқы мойындау кезінде есепті келешек ақша ағындарын (кредиттік зияндарды қоса) СҚКҚ активтерінің амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

ПЗӨҚ бойынша бағаланатын барлық қаржы активтері бойынша пайыздық түсім шарттық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Басқа да пайыздық кірістер» бабының құрамында танылады.

Комиссиялық кірістер

Топ клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер сол кезеңнің ішінде есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер және кепілдіктер мен аккредитивтердің берілгені үшін сыйақы кіреді. Кредитті пайдалану ықтималдылығы үлкен болса, кредит беру бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар және кредит беруге байланысты өзге комиссиялар алдағы кезеңдерге жатқызылып (кредиттер беруге тікелей байланысты шығыстармен қатар), кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің түзетуі ретінде танылады.

Операцияларды жасау бойынша қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кірістер

Есеп айырысу операцияларын, кассалық операцияларды және басқа да қызметтерді жүзеге асырғаны үшін алынған комиссиялық кірістер мұндай операция аяқталғаннан кейін танылады. Кірістіліктің белгілі бір көрсеткіштеріне байланысты комиссиялық (немесе комиссиялық ақының бір бөлігі) кірістер тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы өтемақы көзделген болса, комиссиялық кірістер ауыспалы өтемақыға тән болатын белгісіздікті кейіннен шешу кезінде түсімнің мойындалған жинақталған қорытынды сомасы айтарлықтай азаюы болатын деген жоғары дәрежеде ғана танылады.

3. Есеп саясатының маңызды ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін басып шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы жаңа стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен кейін қолдануға ниет білдіріп отыр.

18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес 18 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) орнына келеді. 18 ХҚЕС (IFRS) белгілі бір жиынтық сомалар мен аралық жиынтық сомаларды ұсынуды қоса алғанда, пайда немесе зиян туралы есепте ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. Сонымен қатар, пайда немесе зиян туралы есепте ұйымдар барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөле отырып ұсынуы керек (алғашқы үшеуі жаңа): операциялық, инвестициялық және қаржылық, табыс салығы және тоқтатылған қызмет.

Стандартта басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері, кірістер мен шығыстардың аралық жиынтық сомалары туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, сондай-ақ негізгі қаржылық есептер мен ескертпелердің функциясына байланысты қаржылық ақпаратты жинақтауға және бөлшектеуге қойылатын жаңа талаптар қамтылады.

Жаңа стандартты шығару нәтижесінде «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына түзетулер енгізілді, оған сәйкес жанама әдісті қолдану кезінде операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын анықтау үшін «пайда немесе зиян» орнына «операциялық пайда немесе зиян» пайдаланылады. Сонымен қатар, түзетулер дивидендтер мен пайыздарды төлеуге байланысты туындайтын ақша ағындарының жіктелуін таңдау мүмкіндігін жоққа шығарады. Кейбір басқа стандарттарға ілесіп түзетулер де енгізілді.

18 ХҚЕС (IFRS) және басқа стандарттарға тиісті түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 18 ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарттың негізгі шоғырландырылған қаржылық есептер мен шоғырландырылған қаржылық есептілік ескертпелеріне қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде.

9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау»

2024 жылғы 30 мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау» түзетулерін жариялады. Түзетулерге мыналар кіреді:

- «Есеп айырысу күніне» қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және есеп айырысу күніне дейін электрондық төлем жүйелері арқылы өтелген қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін есеп саясатын таңдауды енгізу (егер белгілі бір шарттар орындалса) түсіндірілді;
- Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік сипаттамалары (ESG) және ұқсас ерекшеліктері бар шартта көзделген ақша ағындарын қалай бағалау керектігі туралы қосымша түсініктемелер;
- «Регресс құқығынсыз қаржы активтері» деген не және шартпен байланысты құралдардың сипаттамалары туралы нақтылау;
- Шартты сипаттамалары бар қаржы құралдары үшін ақпаратты ашу талабын және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелген үлестік құралдар үшін ақпаратты ашуға қойылатын қосымша талаптарды енгізу.

Мұндай түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Түзетулерді тек қаржы активтерін жіктеу және тиісті ашу үшін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта Топ аталған түзетулерді мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес.

Төменде Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейтін стандарттар мен стандарттарға түзетулер келтірілген:

19 ХҚЕС (IFRS) «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»;

21 ХҚЕС (IAS) түзетулері — «Бір валютаны басқасына айырбастау мүмкін еместігі».

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Топтың есепке алу саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаларды айқындау кезінде бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Қаржылық құралдардың әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарықтағы бағалардың негізінде анықтала алмаса, ол математикалық модельдер мен дисконтталған ақша ағындарының модельдерін қоса алғанда, түрлі бағалау модельдерін пайдалана отырып, анықталады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер бақыланатын нарықтың негізінде айқындалады, егер мұндай мүмкін болса; өйтпеген жағдайда, әділ құнды айқындау үшін пайымдауды қолдану қажет. Қосымша ақпарат 38-ескертпеде келтірілген.

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар

Қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша құнсыздану зиянын бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, ККЗ айқындау және кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсызданудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Сонымен қатар, бизнес жұмысындағы ауқымды сәтсіздіктер кейбір ұйымдар мен тұтынушыларда өтімділік мәселелеріне әкелуі мүмкін. Топтың ККЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Топ дефолт ықтималдылығын (PD) айқындау үшін пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингіні тағайындау жүйесі;
- Топ кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болғанын бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсызданудың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін ККЗ-ға тең болатын сомада бағалануы тиіс;
- Солар бойынша ККЗ топшілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- ККЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- Макроэкономикалық сценарийлер мен дефолт ықтималдылығының (PD) арасындағы өзара байланыстарды айқындау, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері;
- Болашақ макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ККЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректер үшін ықтималдылықты ескере отырып таразылау.

2024 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған клиенттерге берілген кредиттер бойынша ККЗ резервінің сомасы 220.926 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 280.911 миллион теңге) болды. Толық ақпарат 19-ескертпеде көрсетілген.

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындары

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарына мыналар жатады:

- болашақ ақша ағындарын есептік бағалау;
- қаржылық тәуекелдер болашақ ақша ағындарын есептік бағалауда ескерілмейтін шамада ақшаның уақытша құнын және болашақ ақша ағындарымен байланысты қаржылық тәуекелдерді есепке алу мақсаттары үшін түзетулі; және
- қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету.

Ақша ағындарын бағалаудағы Топтың мақсаты ықтимал нәтижелердің барлық ауқымын көрсететін бірқатар сценарийлердің күтілетін құнын анықтау болып табылады. Күтілетін келтірілген құнды есептеу үшін әр сценарийдің ақша ағындары дисконтталады және осындай нәтиженің пайда болу ықтималдығын бағалауды ескере отырып өлшенеді.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

5. Таза пайыздық кіріс

Таза пайыздық кіріс былайша көрсетілген:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім		
Ақша қаражаты мен оның баламалары	69.329	32.012
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	2.571	1.272
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	71.664	117.202
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	37.863	11.311
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	264.577	194.886
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	4.406	4.260
Басқа да қаржы активтері	1.535	1.819
	451.945	362.762
Басқа да пайыздық кірістер		
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	390	1.606
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	206	223
	596	1.829
Пайыздық түсім жиыны	452.541	364.591
Пайыздық шығыстар		
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	(2.299)	(1.574)
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	(18.096)	(4.672)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(112.421)	(86.460)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (28-ескертуге)	(26.884)	(24.879)
Реттелген борыш (29-ескертуге)	(26.206)	(26.916)
Жалдау бойынша міндеттемелер	(460)	(439)
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	(400)	(482)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(1.687)	(1.062)
Пайыздық шығыстар жиыны	(188.453)	(146.484)
Таза пайыздық кіріс	264.088	218.107

Таза пайыздық кірістер былайша көрсетілген:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Ақша қаражаты мен оның баламалары	68.795	31.876
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	2.297	700
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	34.109	106.383
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	16.732	3.286
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	251.727	192.231
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	4.329	4.288
Басқа да қаржы активтері	7	789
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	781	1.323
Жиыны	378.777	340.876

Төленген пайыздық шығыстар былайша көрсетілген:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	(1.110)	(656)
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	(18.116)	(4.677)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(112.180)	(83.875)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (28-ескертуге)	(9.359)	(11.621)
Реттелген борыш (29-ескертуге)	(9.617)	(16.194)
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	(400)	(482)
Жалдау бойынша міндеттемелер	(170)	(140)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(21)	(47)
Жиыны	(150.973)	(117.692)

6. Кредиттік зияндар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ шығыстары көрсетілген:

	<i>Ескерт.</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Ақша Қаражаты мен оның баламалары	14	4	769	—	—	773
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	16	48	—	—	—	48
Инвестициялық бағалы қағаздар	18	(682)	—	—	—	(682)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	19	(9.191)	(31.430)	(28.532)	18.017	(51.136)
Қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер	37	157	2	614	—	773
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы		(37)	—	—	—	(37)
Кредиттік зияндар бойынша шығыстар жиыны		(9.701)	(30.659)	(27.918)	18.017	(50.261)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ шығыстары көрсетілген:

	<i>Ескерт.</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Ақша Қаражаты мен оның баламалары	14	(58)	(154)	5	—	(207)
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	16	18	—	—	—	18
Инвестициялық бағалы қағаздар	18	(689)	—	—	—	(689)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	19	(8.953)	(1.449)	(19.937)	8.592	(21.747)
Кредиттік зияндар бойынша шығыстар жиыны		(9.682)	(1.603)	(19.932)	8.592	(22.625)

2024 жылы пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кредиттік зияндар бойынша шығыстар 4.613 миллион теңге (2023 жыл: 536 миллион теңге) сомасындағы өзге қаржы активтеріне қатысты шығыстарды қамтиды (24-ескертуге).

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

7. Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Комиссиялық кірістер мен шығыстарға мыналар жатады:

	2024 жыл	2023 жыл
Комиссиялық кірістер		
Аударым және эквайринг операциялары	34.558	36.083
Ағымдағы шоттар мен клиенттердің депозиттеріне қызмет көрсету	14.073	16.019
Кассалық операциялар	2.954	2.764
Кепілдіктер мен аккредитивтер	2.041	2.145
Шетел валютасымен операциялар	841	798
Брокерлік қызметтер	504	229
Агенттік қызметтер	463	1.197
Сенімгерлік операциялары бойынша қызметтер	324	150
Сейф операциялары бойынша қызметтер	254	238
Басқасы	1.574	1.172
Комиссиялық кірістер жиыны	57.586	60.795
Комиссиялық шығыстар		
Аударым және эквайринг операциялары	(29.269)	(31.589)
Клиенттердің карточкалық шоттарына қызмет көрсету	(4.099)	(5.991)
Брокерлердің қызметтері	(563)	(379)
Шетел валютасымен операциялар	(511)	(431)
Корреспонденттік шоттарды жүргізу	(426)	(557)
Агенттік қызметтер	(130)	(713)
Кепілдіктер мен аккредитивтер	—	(37)
Басқасы	(575)	(245)
Комиссиялық шығыстар жиыны	(35.573)	(39.942)
Таза комиссиялық кіріс	22.013	20.853

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылған клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім, негізінен, тиісінше 57.586 миллион теңге және 60.795 миллион теңге сомасындағы комиссиялық кірістермен, сондай-ақ басқа да кірістер құрамында танылған дайын өнім мен тұтыну тауарларын өткізуден түскен түсіммен білдірілген (10-ескерту).

Шарттар бойынша активтер мен міндеттемелер

Келесі кестеде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша дебиторлық берешек туралы ақпарат көрсетілген.

Комиссиялар бойынша дебиторлық берешек (24-ескерту)	3.648	4.569
Сауда дебиторлық берешек (24-ескерту)	2.226	2.873
Дебиторлық берешек жиыны	5.874	7.442

Топ, әдетте, олар тиесілі операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден комиссия алады (белгілі бір уақытта орындау міндеті орындалатын шарттар болған жағдайда, мысалы, есеп айырысу операциялары). Топ 15 ХҚЕС (IFRS) 121-тармағында көзделген практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындауға қалған міндеттер туралы ақпаратты ашпайды.

8. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда

	2024 жыл	2023 жыл
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза өткізілген (зиян)/пайда (15-ескерту)	(2.595)	3.616
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттердің әділ құнының өзгеруінен болған таза пайда	4.757	338
Таза өткізілмеген (зиян)/валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша пайда (15-ескерту)	(1.058)	250
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен болған пайда	4.521	1.555
Жиыны	5.625	5.759

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

9. Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда

	2024 жыл	2023 жыл
Дилинг операциялары, нетто	45.620	26.624
Валюталық баптарды қайта бағалау, нетто	22.383	1.590
Жиыны	68.003	28.214

10. Басқа да кірістер мен шығыстар

	2024 жыл	2023 жыл
Басқа да кірістер		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	27.937	23.621
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің өткізілуінен түскен кірістер	6.443	440
Жалға беруден түскен кіріс	4.278	2.051
Инкассация қызметтері үшін кірістер	1.952	1.584
Басқа да қаржылық емес активтерді өткізуден түсетін кірістер	1.349	1.617
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түсетін кірістер	—	4.662
Басқасы	4.225	5.082
Басқа да кірістер жиыны	46.184	39.057
Басқа да шығыстар		
Өткізілген тауарлардың, көрсетілген қызметтер мен жұмыстың өзіндік құны	(23.787)	(17.215)
Төлем мерзімін ұзартып төлеу талаптарында БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарды сатудан болған залал (18-ескертпе)	(1.545)	—
Алынған кепілмен қамтамасыз етуді өткізудің таза құнының өзгеруінен болған залалдар	(316)	(125)
Басқасы	(432)	(2.504)
Басқа да шығыстар жиыны	(26.080)	(19.844)

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатудың түсімі мен өзіндік құны Банктің еншілес компаниясы «Jusan Development» ЖШС-не жатады. Түсімнің 90%-дан астамы дайын өнімдер мен тауарларды: ұн, жарма, жарма, нан, нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін сатудан түсетін түсімді білдіреді.

2024 жылғы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізудің өзіндік құнына 14.073 миллион теңге (2023 жыл: 11.679 миллион теңге) мөлшерінде шикізат пен материалдар шығыстары, 3.505 миллион теңге (2023 жыл: 319 миллион теңге) мөлшерінде коммуналдық қызметтер мен жалдау бойынша шығыстар, 6.209 миллион теңге (2023 жыл: 5.217 миллион теңге) мөлшерінде көлік қызметтері мен өзге де шығыстар кіреді.

Тауарларды өткізу

Дайын өнімді сатуға арналған барлық шарттардың орындауға бір міндеттемесі бар. Түсім тауар жеткізілген және межелі жерде қабылданған сәтте танылады. Шоттар, әдетте, алдын-ала төленген 100% талабымен немесе 30 күнге дейінгі мерзімде төленуі керек. Сатып алушылармен жасалған ағымдағы шарттарда қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігі жоқ.

Түсім сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген өтем негізінде бағаланады. Жеке сатудың барлық бағалары тауарлардың әр түріне арналған прайс парақтарына сәйкес бақыланатын бағаларға негізделген, өйткені Топ әр затты сатып алушыларға үнемі бөлек сатады.

Сатып алушылармен жасалған кейбір шарттар сатып алушыларға сауда немесе көтерме жеңілдіктер алу құқығын береді. Өтемақылар, жеңілдіктер мен бонустар, негізінен, көлемнің шекті мәндеріне жеткеннен кейін шарт бойынша барлық сатып алуларға ретроспективті қолданылатын сатып алынатын тауарлар көлемінің орындалуы үшін жеңілдіктермен ұсынылады. Клиенттерге берілген жеңілдіктер мен бонустар айнымалы өтемақы элементтері болып табылады және сатудан түскен кірістің нетто-сомасында көрсетіледі. Топ мәміле бағасын айқындау кезінде сатып алуға жататын көлемдерді және ұсынылатын жеңілдікті бағалайды, сондай-ақ шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде көрсетілген бағалауларды жаңартады. Жеңілдіктер мен бонустар жеке орындау міндеті емес.

Сатып алушыға тауарды қайтаруға мүмкіндік беретін шарттар бойынша түсім кейіннен бұл мәнді кері қайтарудың және танылған кірістің жалпы сомасының айтарлықтай төмендеуін көрсетудің қажеті болмайтын ықтималдығы өте жоғары шамада танылады. Демек, танылған түсімнің мөлшері тауарлардың/өнімдердің нақты түрлері бойынша өткен кезеңдердегі деректер негізінде бағаланатын тауарлардың күтілетін қайтарымдарының мөлшеріне түзетіледі.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

11. Персонал шығыстары

Персонал шығыстарына мыналар жатады:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Жұмыскерлерге сыйақылар	(57.761)	(57.914)
Әлеуметтік аударымдар және жалақы бойынша салықтар	(7.846)	(6.875)
Жиыны	(65.607)	(64.789)

12. Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар

Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстарға мыналар жатады:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Қайырымдылық	(16.384)	(89)
Тозу және амортизация (21-ескертпе)	(10.771)	(10.031)
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	(8.714)	(10.109)
Корпоративтік табыс салығынан басқа, салықтар	(5.994)	(5.047)
Кәсіби қызметтер	(4.146)	(3.431)
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	(2.267)	(2.742)
Күзет	(2.214)	(2.172)
Кепілдік беру қорына жарналар	(1.569)	(2.395)
Жарнама және маркетинг қызметтері	(1.480)	(5.485)
Жалдау	(869)	(1.055)
Кеңсе керек-жарақтары мен кеңсе жабдықтарына арналған шығыс материалдары	(597)	(663)
Иссапар шығыстары	(391)	(556)
Сақтандыру	(388)	(67)
Көлік шығыстары	(338)	(490)
Инкассация шығыстары	(330)	(162)
Пошта және курьерлік қызметтер	(185)	(209)
Тауар-материалдық қорларды есептен шығарылу шығыстары	(183)	(339)
Тұрақсыздық айыбы мен өсімпұлдар	(155)	(45)
Персоналды іріктеу, кадрларды оқыту шығыстары	(91)	(144)
Өкілдік шығыстары	(41)	(51)
Басқалары	(4.525)	(4.758)
Жиыны	(61.632)	(50.040)

2024 жылы қайырымдылыққа жұмсалатын шығыстар негізінен Қазақстан Республикасының өңірлерінде су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету және білім беру мекемелерінің қызметін қолдау шеңберінде қаражат төлеуді қамтыды.

13. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(14.353)	(2.482)
Өткен жылдардың корпоративтік табыс салығын түзету	–	(18)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы	(2.130)	(1.537)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(16.483)	(4.037)

«Оптим Банк» ААҚ-ны қоспағанда, Банктің және оның еншілес ұйымдарының кірістеріне Қазақстан Республикасында салық салынуы тиіс. Қазақстандық заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығы бойынша салық декларацияларын салық органдарына өз беттерімен беруге міндетті. 2024 және 2023 жылдары корпоративтік табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі 20% болды.

«Оптим Банк» ААҚ кірістеріне Қырғыз Республикасында салық салынады. 2024 және 2023 жж. Қырғыз Республикасында табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі 10%-ды құрады.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

13. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)

Төменде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

	2024 жыл	2023 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	196.361	156.325
Корпоративтік табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Заңнамамен белгіленген салық мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық шығыстары	(39.272)	(31.265)
Қаржы активтерінің әділ құны бойынша қайта бағалаудан есептен шығарымайтын шығыстар	(1.201)	–
Есептен шығарымайтын кредиттік зияндар бойынша шығыстар	(1.093)	(3.329)
Қайырымдылыққа есептен шығарымайтын шығыстар	(1.070)	–
Өзге де шегерілмейтін шығыстар	(2.765)	(18)
Мемлекеттік бағалы қағаздар мен ҚҚБ-ың ресми тізіміндегі бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс	15.947	23.079
Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгерістер	5.978	–
Келешек кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарын түзету	2.375	293
Еншілес ұйымның басқа мөлшерлеме бойынша салық салынатын пайдасы	1.482	1.595
Салық салынбайтын дивидендік кіріс	1.437	–
17 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданудың пайдаға немесе зиянға әсер етуінен салық салынбайтын кіріс	–	151
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі	–	4.653
Басқа да салық салынбайтын кірістер	1.699	804
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(16.483)	(4.037)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмалар 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің пайда болуына әкеледі. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген. Болашақ салық жеңілдіктері, егер Топ пайдаланылмаған салық залалын есепке алуға болатын пайда алған жағдайда ғана және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында Топтың аталған жеңілдіктерді болашақ кезеңдерде пайдалану қабілетіне теріс әсер ететін өзгерістер болмаса ғана алынуы мүмкін.

Табыс салығы бойынша салық салынатын базаның мөлшерін азайтатын уақытша айырмаларды пайдалану мерзімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен шектелмейді. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарын пайдалану мерзімі пайда болған күннен кейін он жылдан соң аяқталады.

2024 жылы Топ болашақ кезеңдерге ауыстырылған 2017-2019 жылдардағы салық залалдарын толығымен пайдаланды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

13. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)**Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер (жалғасы)**

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне, сондай-ақ олардың тиісті жылдар үшін қозғалысына келесі позициялар жатады:

	<i>Пайданың немесе зиянның құрамында уақыт айырмаларының</i>		<i>Пайданың немесе зиянның құрамында уақыт айырмаларының</i>		
	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>пайда болуы және азайуы</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>пайда болуы және азайуы</i>	<i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері					
Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары	12.574	394	12.968	(12.868)	100
Инвестициялық бағалы қағаздар	—	—	—	4.652	4.652
Клиенттерге берілген кредиттер	10.612	(10.612)	—	546	546
Туынды қаржы құралдары	152	(128)	24	152	176
Жалдау бойынша міндеттемелер	89	189	278	(6)	272
Басқа да міндеттемелер	2.102	(380)	1.722	(1.680)	42
Кейінге қалдырылған салық активтері	25.529	(10.537)	14.992	(9.204)	5.788
Минусы: қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген кейінге қалдырылған салық активтері	(10.631)	4.653	(5.978)	5.978	—
Кейінге қалдырылған салық активтері	14.898	(5.884)	9.014	(3.226)	5.788
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(99.255)	2.901	(96.354)	(1.960)	(98.314)
Реттелген борыш	(68.203)	1.541	(66.662)	3.171	(63.491)
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	(5.306)	1.391	(3.915)	204	(3.711)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(5.260)	(599)	(5.859)	46	(5.813)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(1.789)	(841)	(2.630)	(411)	(3.041)
Клиенттерге берілген кредиттер	—	(46)	(46)	46	—
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(179.813)	4.347	(175.466)	1.096	(174.370)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер жиыны	(164.915)	(1.537)	(166.452)	(2.130)	(168.582)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	213	(103)	110	106	216
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(165.128)	(1.434)	(166.562)	(2.236)	(168.798)

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

14. Ақша қаражаты мен оның баламалары

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Кассадағы ақша қаражаты	105.210	94.846
«BBB-» кредиттік рейтингісі бар ҚРҰБ ағымдағы шоттардағы қаражат	43.810	31.055
«B» кредиттік рейтингісі бар Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттардағы қаражат	23.126	47.007
Басқа банктердегі және басқа қаржы ұйымдарындағы ағымдағы шоттардағы қаражат:		
- «AA-»-тен «AA+» дейінгі кредиттік рейтингісімен	911	—
- «A-»-тен «A+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	26.323	62.146
- «BBB-»-тен «BBB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	35.020	13.172
- «BB-»-тен «BB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	24.843	9.242
- «B-»-тен «B+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	1	1
- кредиттік рейтингіні тағайындамастан	11.032	8.879
Қымбат металдар	135	25
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын «BBB-» кредиттік рейтингісі бар ҚРҰБ-дегі мерзімді салымдар	179.135	267.841
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын «B» кредиттік рейтингісі бар Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді салымдар	79.124	39.019
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын басқа банктердегі мерзімді салымдар		
- «AA-»-тен «AA+» дейінгі кредиттік рейтингісімен	15.374	50.591
- «A-»-тен «A+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	132.289	52.429
- «BBB-»-тен «BBB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	5.258	4.550
- «BB-»-тен «BB+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	1.127	—
- «B-»-тен «B+»-ға дейінгі кредиттік рейтингісімен	1	—
- кредиттік рейтингіні тағайындамастан	—	2.766
Келісімшарттық мерзімі 90 күннен аз болатын кері «РЕПО» шарттары	169.908	23.656
	852.627	707.225
ККЗ бағалау резервін шегере отырып	(83)	(843)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	852.544	706.382

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген кредиттік рейтингтер Standard & Poors рейтинг агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес көрсетілген.

Кредиттік тәуекелдің 2-кезеңіне жатқызылған (2023 жылғы 31 желтоқсан: 14.701 миллион теңге) 14.822 миллион теңге сомасындағы ақша қаражаты мен оның баламаларын қоспағанда, барлық ақша қаражаты мен оның баламалары кредиттік тәуекелдің 1-кезеңіне жатқызылған.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің 2-кезеңіне жатқызылған қаражат Ресей Федерациясында тіркелген банктердегі шоттардағы қалдықтарды білдіреді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында берілген кредиттік рейтингсіз орналастырылған ағымдағы шоттардағы қаражат «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның шоттарындағы, шетелдік банктер мен төлем жүйелеріндегі қаражатты білдіреді және 11.032 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 8.879 миллион теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 169.908 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 23.656 миллион теңге) баланстық құнымен авторепо әдісімен ҚҚБ-да кері «РЕПО» шарттарын жасады. Аталған шарттардың мәні мемлекеттік компаниялар мен халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары болып табылады, олардың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны 169.308 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 23.656 миллион теңге) болды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

14. Ақша қаражаты мен оның баламалары (жалғасы)**Ең аз резервтерге қойылатын талаптар**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ең төменгі резервтік талаптар ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес есептеледі. Ең төменгі резервтік талаптарды орындау үшін Топ ақшаны резервтік активтерде орналастырады, олар Ұлттық валютадағы кассадағы ақша қаражаты сомасының орташа мәнінен кем емес деңгейде және резиденттер мен резидент еместер болып табылатын клиенттердің ағымдағы шоттарындағы депозиттер мен қалдықтардың, сондай-ақ банктің өзге де міндеттемелерінің белгілі бір ең төменгі деңгейі ретінде есептелетін төрт аптадағы Ұлттық валютадағы ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттағы қалдық деңгейінде сақтаулы тиіс.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең аз резервтік талаптардың сомасы 40.768 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 33.390 миллион теңге), резервтік активтің сомасы 47.048 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 43.004 миллион теңге).

«Оптима Банк» ААҚ Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») ережелеріне сәйкес ең аз резервтік талаптарды есептейді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Оптима Банк» ААҚ міндетті резервтік талаптарды орындайды, олардың ең аз резерві 25.041 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 17.666 миллион теңге) болды.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша ККЗ бағалау резервтерінің өзгеру талдауы келтірілген:

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ	(68)	(775)	–	(843)
Бір жылда қалпына келтірілгені <i>(6-ескертуге)</i>	4	769	–	773
Есептен шығарылған сомалар	–	–	–	–
2024 жылғы 31 желтоқсанға	6.202	52.459	1.603	7.714	1.656	2.279	9.772	3.846	85.531	8.003

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың пайдалануында жүрген негізгі құралдардың толығымен амортизацияланған құны 15.975 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 12.508 миллион теңге) болды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

21. Негізгі құралдар, пайдалану құқығы нысанындағы активтер және материалдық емес активтер (жалғасы)

Топ үш жылда бір рет жер учаскелері мен ғимараттардың әділ құнын Топтың есеп саясатына сәйкес бағалап отырады. Ерекше нарықтық немесе мүліктік индикаторлар айтарлықтай өзгерген жағдайда, Топ қайта бағалауды жні жүргізе алады. 2024 және 2023 жылдары Топ жер учаскелері мен ғимараттардың құнын қайта бағаламады.

Жер учаскелері мен ғимараттардың әділ құны әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатады.

Егер ғимараттардың құнын бағалау бастанқы құны бойынша есепке алу моделін пайдалана отырып жүргізілсе, онда олардың баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 61.821 миллион теңгені құрайтын еді (2023 жылғы 31 желтоқсан: 53.440 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы баланстық құны 1.921 миллион болатын негізгі құралдар Банктің еншілес ұйымының қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсынылды.

22. Сатуға арналған активтер

Сатуға арналған активтерге келесі позициялар кіреді:

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Шығатын топтың активтері	11.448	—
Сатуға арналған басқа да ұзақ мерзімді активтер	1.672	6.985
Сатуға арналған активтер жиыны	13.120	6.985

2024 жылғы 20 желтоқсанда Топ басшылығы «JFOOD Kazakhstan» ЖШС, «Jusan Development» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталындағы 100% үлесін сату туралы шешім қабылдады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «JFOOD Kazakhstan» ЖШС активтері мен міндеттемелері сатуға арналған шығу тобы ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте шоғырландырылды.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «JFOOD Kazakhstan» ЖШС активтері мен міндеттемелерінің негізгі санаттары көрсетілген:

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Активтер	
Ақша қаражаты мен оның баламалары	25
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	300
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	11.123
Сатуға арналған активтер	11.448
Міндеттемелер	
Сауда кредиторлық берешек	(561)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	(311)
Басқа да міндеттемелер	(2.590)
Сатуға арналған активтермен тікелей байланысты міндеттемелер	(3.462)
Есептен шығарылатын топтың таза активтері	7.986

Сатуға арналған өзге де ұзақ мерзімді активтерге клиенттерге берілген құнсызданған кредиттерге қатысты талап ету құқықтарын өтеу үшін Топ қабылдаған компаниялардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестері мен жылжымайтын мүлік жатады.

Сатуға арналған басқа ұзақ мерзімді активтердің қозғалысы былайша көрсетілген:

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
1 қаңтарға	6.985	8.136
Түсімдер	1.536	11.877
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	(4.057)	(13.028)
Шығулар	(2.792)	—
31 желтоқсанға	1.672	6.985

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

23. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы былайша көрсетілген:

	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға	42.861	34.620
Түсімдер	3.499	11.630
Сатуға арналған активтерден аудару	4.057	—
Басқа активтерден аудару	3.637	—
Шығулар	(3.374)	(8.051)
Қайта бағалау	—	4.662
31 желтоқсанға	50.680	42.861

Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатуға қандай да бір шектеулері, сондай-ақ инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу, тұрғызу немесе салу, оларды жөндеу, техникалық қызмет көрсету немесе жақсарту жөніндегі қандай да бір шарттық міндеттемелері жоқ.

24. Басқа да активтер

Басқа да активтерге келесілер кіреді:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы активтері		
Меншікті активтерді сатуға байланысты туындаған дебиторлық берешек	39.598	5.978
Аударым және төлем операциялары бойынша дебиторлық берешек	4.662	6.232
Комиссиялар бойынша дебиторлық берешек (7-ескертуге)	3.648	4.569
Халықаралық төлем жүйелеріне қойылатын талаптар	2.944	117
Сауда дебиторлық берешек (7-ескертуге)	2.226	2.873
Шығарылған кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек	2.002	2.540
Басқа да инвестициялар	1.289	1.289
Банктің сауда-саттыққа қатысуына арналған қамсыздандыру	807	1.021
Басқа да дебиторлық берешек	5.645	2.486
	62.821	27.105
ККЗ бағалау резервін шегере отырып	(6.100)	(2.063)
Басқа да қаржы активтерінің жиыны	56.721	25.042
Қаржылық емес активтер		
Алынған кепіл мүлкі	30.356	31.530
Алдын ала төлемдер	9.946	21.306
Материалдар мен қорлар	748	4.427
Материалдық емес активтер үшін алдын ала төлем	10	225
Офистік ғимараттар үшін алдын ала төлем	—	120
Басқа да қаржылық емес активтер	1.476	596
	42.536	58.204
Құнсыздану резервін шегере отырып	(2.245)	(2.161)
Басқа да қаржылық емес активтердің жиыны	40.291	56.043
Басқа активтер жиыны	97.012	81.085

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқа да қаржы активтері бойынша ККЗ-ға бағалау резерві өзгерістерінің талдауы келтірілген:

	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға ККЗ	(2.063)	(1.723)
Бір жылда резервтің таза есептелуі (6-ескертуге)	(4.613)	(536)
Есептен шығару	870	132
Бағамдық айырмалар	(294)	64
31 желтоқсанға ККЗ	(6.100)	(2.063)

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Басқа активтер (жалғасы)

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқа да қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві өзгерістерінің талдауы келтірілген:

	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарда	(2.161)	(758)
Бір жылғы резервтің таза есептелуі	(199)	(1.484)
Есептен шығару	121	64
Бағамдық айырмалар	(6)	17
31 желтоқсанға	(2.245)	(2.161)

25. Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты

Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражатына мыналар кіреді:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Басқа банктердің корреспонденттік шоттары	79.451	46.878
Банктердің және басқа да қаржы институттарының мерзімді салымдары	28.736	15.753
Мемлекеттік ұйымдардан алынған қарыздар	11.397	12.511
Банктерден және басқа да қаржы институттарынан алынған қарыздар	2.054	3.750
	121.638	78.892
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары («спот»)	5	4
Банктердің және басқа да қаржы институттары қаражатының жиыны	121.643	78.896

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік ұйымдардан алынған қарыздарға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «ДАМУ») 7.348 миллион теңге сомасына, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ») 3.265 миллион теңге сомасына және Қырғыз Республикасы Қаржы министрлігінен (бұдан әрі – «ҚРҚМ») 784 миллион теңгеге сомасына алынған қаражат кірді (2023 жылғы 31 желтоқсан: ДАМУ 6.610 миллион теңге сомасына, ҚДБ 4.523 миллион теңге сомасы және ҚРҚМ 1.378 миллион теңге сомасына).

ДАМУ мен ҚДБ-дан алынған кредиттер теңгемен білдірілген, жылдық 0,1%-дан 2,00%-ға дейін номиналды сыйақы мөлшерлемесі және 2034-2035 жылдары шарттық өтеу мерзімдері бар.

ҚРҚМ берген кредиттер қырғыз сомасында көрсетілген, жылдық 1,5%-дан 2,0%-ға дейін номиналды сыйақы мөлшерлемелері және 2025 жылы өтеу мерзімі бар.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың банктер мен басқа қаржы институттарының қаражаты болған жоқ, олар бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі Топтың меншікті капиталының 10%-дан астамын құрайды.

26. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің 43.025 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 43.288 миллион теңге) жалпы баланстық құнымен ҚҚБ-да «РЕПО» шарттары жасалған. «РЕПО» шарттары бойынша мәмілелерді Банк өтімділік бойынша қысқа мерзімді позицияны басқару үшін пайдаланады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған шарттардың мәні 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық әділ құны 43.025 миллион теңгені құрайтын БЖКӨҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар болып табылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық әділ құны 19.543 миллион теңгені құрайтын БЖКӨҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар, жиынтық әділ құны 6.937 миллион теңгені құрайтын сауда-саттықтағы бағалы қағаздар және жиынтық әділ құны 16.808 миллион теңгені құрайтын амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде білдірілген. (17, 18-ескертпелер).

Неттинг туралы бас келісімдер Топқа дефолт болған жағдайда қолда бар активтерге қарсы міндеттемелерді өзара есепке алуға мүмкіндік береді. Өзара есеп айырысу құқығы сол контрагенттен алынған сома есебінен қарыз соманың барлығын немесе бір бөлігін өтеуге немесе басқаша азайтуға заңды құқықты білдіреді, осылайша кредиттік тәуекелге ұшырауды азайтады. 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепті көрсетпеді.

27. Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттеріне мыналар кіреді:

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер		
- Корпоративтік	437.928	398.412
- Бөлшек	206.527	169.473
Мерзімді депозиттер		
- Корпоративтік	526.664	398.448
- Бөлшек	716.356	595.892
Жинақ салымдары		
- Корпоративтік	49.124	11.603
- Бөлшек	19.197	47.580
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің жиыны	1.955.796	1.621.408
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын	(7.275)	(8.185)
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын (37-ескертуге)	(2.028)	(596)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік мерзімді депозиттерге ҚРҰБ бекіткен ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ҚҚБ-дан алынған 13.639 миллион теңге жалпы сомаға салымдар кіреді (2023 жылғы 31 желтоқсан: 14.253 миллион теңге). Теңгемен білдірілген депозиттердің жылдық 0,10%-2,99% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар және 2045-2050 жылдары өтелуі тиіс.

Ағымдағы шоттар мен клиенттер депозиттерінің шоғырлануы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Тоқтың клиенттері немесе өзара байланысты клиенттер топтары жоқ (2023 жылғы 31 желтоқсан: бір клиент), ағымдағы шоттар мен депозиттердің жиынтық көлемі тоқтың меншікті капиталының 10%-дан астамын құрайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған клиенттің ағымдағы шоттары мен депозиттеріндегі қаражат қалдықтарының жиынтық көлемі 67.906 миллион теңгені құрайды.

28. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

	Шығару күні	Өтеу мерзімі	Купон мөлшерлемесі	Тиімді мөлшерлеме	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Алтыншы облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі теңгемен білдірілген облигациялар	13.11.2024	13.11.2034	8,00%	13,07%	75.143	—
Бесінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылым	14.03.2019	14.03.2026	10,95%	13,44%	60.072	59.089
Теңгемен білдірілген облигациялар, бірінші шығарылым	15.10.2018	15.01.2034	0,10%	11,50%	45.875	41.254
Теңгемен білдірілген облигациялар, төртінші шығарылым	22.01.2019	22.01.2034	0,10%	11,50%	31.993	28.777
Теңгемен білдірілген облигациялар, бесінші шығарылым	11.12.2020	05.10.2045	0,10%	12,50%	28.427	25.557
Теңгемен білдірілген облигациялар, үшінші шығарылым	28.01.2019	28.01.2034	0,10%	11,50%	27.414	24.658
Төртінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың бірінші шығарылым	10.02.2015	10.02.2025	9,90%	13,41%	20.440	19.887
Теңгемен білдірілген облигациялар, төртінші шығарылым	28.01.2019	28.01.2034	0,10%	11,50%	11.359	10.217
Теңгемен білдірілген облигациялар, бірінші шығарылым	11.07.2007	11.07.2027	7,50%	10,90%	3.255	3.144
Теңгемен білдірілген облигациялар, екінші шығарылым	22.01.2019	22.01.2034	0,10%	11,50%	508	469
					304.486	213.052

28. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (жалғасы)

Топтың шығарылған борыштық бағалы қағаздарының бағалары ҚҚБ-да белгіленеді.

2024 жылғы қарашада, алтыншы облигациялық бағдарламаның шеңберінде, Банк жылдық 8% купон мөлшерлемесімен және 2034 жылы өтеу мерзімімен 100.000 миллион теңге номиналдық құны бар купондық облигациялардың шығарылымын тіркеп, орналастырды. Көрсетілген облигациялардың әділ құны жылына 13.7% нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, шарттық болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталды. 26.091 миллион теңге сомасындағы облигацияларды бастапқы танудың әсері қаржы құралдарын бастапқы танудан түскен таза пайда құрамында танылды.

Қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстыру

	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарда	213.052	246.693
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды орналастыру	100.000	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	–	(46.899)
Дисконтты мойындау	(26.091)	–
Пайыздық шығыстар (5-ескертілме)	26.884	24.879
Төленген пайыздар (5-ескертілме)	(9.359)	(11.621)
31 желтоқсанға	304.486	213.052

29. Реттелген борыш

Реттелген борышқа мыналар кіреді:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Реттелген облигациялар	117.806	201.511
Артықшылықты акциялардың борыштық компоненті	343	49
Реттелген борыш жиыны	118.149	201.560

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша реттелген борышқа шығарылған облигациялар және 343 миллион теңге жалпы сомаға (2023 жылғы 31 желтоқсан: 49 миллион теңге) 2.500.000 дана кумулятивтік артықшылықты акциялардың борыштық компоненті кіреді.

Банкрот болған жағдайда реттелген борыш Топ өзінің барлық басқа міндеттемелерін толығымен өтегеннен кейін, бірақ артықшылықты акциялар өтелгенге дейін өтеледі.

Реттелген облигациялар келесі позицияларды қамтиды:

	Шығару күні	Өтеу мерзімі	Купон мөлшерлемесі	Тиімді мөлшерлеме	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Бесінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы	10.02.2015	10.02.2025	10,00%	14,93%	42.043	40.437
Бесінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың екінші шығарылымы	10.02.2015	10.02.2025	10,00%	14,93%	21.839	21.005
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	22.12.2020	01.11.2035	0,10%	15,29%	14.899	12.977
Теңгемен көрсетілген облигациялар, алтыншы шығарылым	11.12.2020	25.10.2040	0,10%	14,60%	12.191	10.723
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	11.12.2020	01.11.2040	0,10%	15,29%	11.100	9.713
Теңгемен көрсетілген қамтамасыз етусіз атаулы купондық реттелген облигациялар	23.12.2020	01.11.2040	0,10%	15,29%	8.312	7.272
Теңгемен көрсетілген облигациялар, сегізінші шығарылым	04.06.2013	04.06.2028	9,00%	10,01%	4.881	4.850
Теңгемен білдірілген облигациялар, екінші шығарылым	11.12.2020	26.10.2040	0,10%	14,60%	2.541	2.237
Теңгемен білдірілген облигациялар, бірінші шығарылым	24.12.2020	24.12.2025	9,00%	13,80%	–	92.297
					117.806	201.511

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

29. Реттелген борыш (жалғасы)

2024 жылғы 9 сәуірде алтыншы облигациялық бағдарлама шеңберінде Топ реттелген облигациялардың бірінші шығарылымы бойынша Банктің өз қаражаты есебінен мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды. Көрсетілген облигациялар бойынша төлемдердің жалпы сомасы 100.000 миллион теңге болды. Осы облигациялардың ұстаушысы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады. Реттелген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде Банк пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің пайыздық шығыстары құрамында 7.106 миллион теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

2023 жылғы 4 маусымда Топ айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты облигациялардың жетінші шығарылымы бойынша өтеуді Топтың өз қаражаты есебінен жүзеге асырды. Көрсетілген облигациялар бойынша төлемдердің жалпы сомасы 5.000 миллион теңге болды.

Қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстыру

	2024 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
1 қаңтарда	201.560	198.274
Реттелген борышты өтеу	(100.000)	(5.000)
Дисконтты мойындау	–	(2.436)
Пайыздық шығыстар (5-ескерте)	26.206	26.916
Төленген пайыздар (5-ескерте)	(9.617)	(16.194)
31 желтоқсанға	118.149	201.560

Кумулятивті сатып алынбайтын артықшылықты акциялар

Сатып алуға жатпайтын кумулятивтік артықшылықты акцияларды ұстаушылар бір акция үшін 100 теңге мөлшерінде ең аз кумулятивтік дивидендтер алады. Артықшылықты акциялар дивидендтер төлеу бойынша мерзімі өткен жағдайларды қоспағанда, дауыс беру құқығын бермейді. Банктің таза активтерінің қалдық құнын бөлу кезінде барлық акциялардың кезектілігі бірдей болады, алайда артықшылықты акциялардың иелері таза активтердің қалған құнын төлеуге дивидендтер сомасына түзетілген акциялардың номиналды құны шегінде ғана бөлуге қатыса алады. 2.500.000 дана көлеміндегі барлық артықшылықты акциялар шығарылды және 1.000 теңге орналастыру бағасымен толық төленді.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге байланысты, соған сай Банк, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және сауықтыру үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - ҚРҰҚ), ҚРҰБ және оның еншілес ұйымдарының қаражаты пайдаланылады, мемлекеттік бюджеттің, ҚРҰҚ, ҚРҰБ және оның еншілес ұйымдарының қаражатын беру туралы шешім қабылданған сәттен бастап кезеңінде және Банк алынған қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді толық орындағанға дейін пайданы бөледі, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептейді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген талаптарды сақтай отырып өз акцияларын кері сатып алуды жүргізеді, Банк 2024 және 2023 жылдарға, оның ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер жарияламады және төлемеді.

Жоғарыда аталған өзгерістердің нәтижесінде, 2023 жылы Банк мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген қаражат бойынша төлем мерзімін ескере отырып, 2.436 миллион теңге мөлшерінде артықшылықты акциялар бойынша борыштық компоненттің баланстық және әділ құны арасындағы айырманы мойындады. Бұл айырма жылдық 10,0% тіркелген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте реттелген борышты түрлендіру нәтижесінде кіріс ретінде танылды.

30. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер

2018 және 2019 жылдары ҚРҰБ «Ипотека «7-20-25» және «Баспана Хит» ипотекалық тұрғын үйді кредиттеу бағдарламасын бекітті. Халыққа бастапқы тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігін беру және банктердің қаржыландыруда қызығушылығын арттыру, 9к бағдарламалардың негізгі мақсаты болып табылады. «Ипотека «7-20-25» бағдарламасының талаптарына сай кредиттер 25 жылға дейінгі мерзіммен және 20% мөлшерінде бастапқы жарнамен жылдық 7,0% мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі. «Баспана Хит» бағдарламасының талаптарына сәйкес кредиттер жылдық номиналды мөлшерлеме бойынша ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне тең 15 жылға дейінгі мерзіммен және 20% мөлшерінде бастапқы жарнамен +175 базистік тармақ бойынша теңгемен беріледі. Кредиттің берілуі және қызмет көрсетілуі үшін комиссия алынбайды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

30. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер (жалғасы)

Бағдарламалар шеңберінде Топ клиенттерге ипотекалық кредиттер берді және оларды кредиттердің номиналды құны мөлшерінде ақпалай қаражатқа айырбастау үшін «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ-ға («Оператор») берді. Банк заңгерлік тұрғыдан бұл бағдарлама бойынша агент ретінде болады және алынған пайыздық төлемдерден жылдық 4.0% мөлшерінде сыйақы алады.

Операторға Топ активтерін беру талаптарына сәйкес, берілген кредиттер бойынша дефолт орын алған жағдайда, Топ берілген кредиттерді Оператордан кері сатып алуға міндетті. Осыған байланысты Топ берілген кредиттерге қатысты кредиттік тәуекелдерді сақтайды және осы кредиттер бойынша барлық пайданы сақтайды, осыған байланысты Топ өз активтерінің құрамында осы кредиттерді тануды тоқтатпайды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кредиттердің баланстық құны 8.155 миллион теңгені құрайды және Оператор алдындағы міндеттемелердің баланстық құны 7.810 миллион теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 9.680 миллион теңге және 9.319 миллион теңге).

31. Басқа да міндеттемелер

Басқа да міндеттемелерге мыналар кіреді:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық міндеттемелер		
Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер	3.905	152
Шығарылған кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша ККЗ резерві (37-ескертпе)	3.018	3.755
Сауда кредиторлық берешек	1.293	1.383
Есептелген комиссиялық шығыстар	889	740
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	783	1.693
Депозиттерге кепілдік беру қоры алдындағы міндеттемелер	247	440
Басқасы	8.220	6.213
Басқа да қаржылық міндеттемелердің жиыны	18.355	14.376
Қаржылық емес міндеттемелер		
Алдын ала төлемдер	10.411	3.593
Демалыс бойынша резерв және қызметкерлермен өзге де есеп айырысулар	7.164	8.502
Бағалау міндеттемелері	6.393	6.393
Басқа да салықтар бойынша міндеттемелер	4.523	2.362
Шығарылған кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша болашақ кезеңдердің кірістері	1.501	1.566
Басқасы	5.163	3.267
Қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	35.155	25.683
Басқа да міндеттемелер жиыны	53.510	40.059

32. Капитал**Акционерлік капитал**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығаруға рұқсат етілген Банктің акционерлік капиталы 697,500,000 жай акциядан тұрады. Банктің акционерлік капиталының құрамындағы шығарылған жай акциялар 165,318,620 жай акциядан тұрады, олардың 164,078,731 жай акциясы айналыста жүр. Акциялардың номиналды құны жоқ.

Жай акцияларды ұстаушылар дивидендтерді жариялануына қарай алуға құқылы, сондай-ақ Топ акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беруге құқылы.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдар ішінде Банк дивидендтер жарияламады немесе төлемеді.

Әділ құн резерві

Бұл резерв басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруін көрсетеді.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

32. Капитал (жалғасы)

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві жер мен ғимараттардың әділ құнының ұлғаюын, сондай-ақ тек мұндай азаю бұрын басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген дәл сол активтің алдыңғы ұлғаюымен байланысты болған шамада ғана осы құнның азаюын көрсету үшін пайдаланылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу резерві

Шетел валюталарын қайта есептеу резерві Банктің шетелдік еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмаларды көрсету үшін пайдаланылады.

Кері сатып алу резерві

2019 жылы бизнестерді біріктіру кезінде «First Heartland Bank» АҚ «сатып алушы» ретінде анықталды.

Кері сатып алу резерві Банктің тіркелген акционерлік капиталын жеке компонент ретінде көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ХҚЕС-ке сәйкес Топтың меншікті капиталын түзетуді білдіреді.

Үлестік құралдармен байланысты өзге де резервтер

Акциялар негізіндегі төлемдер

Банк бағдарламаны іске асырды, оған сәйкес белгілі бір жоғары буын басшыларына Банктің акциялары нысанында сыйақы берілді.

2021 жылы Банк негізгі басқарушы персоналға олардың сыйақысының бір бөлігі ретінде жүзеге асырылған үлестік құралдармен есеп айырысумен акциялар негізінде төлемдер мөлшерін көрсету үшін пайдаланылған акциялар негізінде төлемдер резервін қалыптастырды.

2023 жылғы қарашада Банк Басқармасының жекелеген мүшелерінің жұмыстан босатылуына байланысты оларға тиесілі жай акциялар түрінде біржолғы бекітілмеген сыйақы төлеуге байланысты барлық резервті таратты.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

32. Капитал (жалғасы)

2023 және 2024 жылдардағы резервтердің баптары бойынша қозғалыс былайша көрсетілген:

	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Әділ құн резерві</i>	<i>Шетел валюталарын қайта есептеу резерві</i>	<i>Үлестік құралдармен байланысты өзге де резервтер</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға	7.521	(2.792)	1.839	2.847	9.415
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	(642)	—	—	—	(642)
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің өзгеруі	(77)	—	—	—	(77)
Акциялар негізіндегі төлемдер	—	—	—	(2.847)	(2.847)
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құны өзгеруінің таза шамасы	—	6.756	—	—	6.756
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ККЗ бойынша бағалау резервінің өзгеруі	—	546	—	—	546
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдарды есептен шығару нәтижесінде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелген сома	—	110	—	—	110
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құны өзгеруінің таза шамасы	—	3.950	—	—	3.950
Шетелдік бөлімшелердің көрсеткіштерін басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	(3.827)	—	(3.827)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	6.802	8.570	(1.988)	—	13.384
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	(2.391)	—	—	—	(2.391)
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің өзгеруі	767	—	—	—	767
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құны өзгеруінің таза шамасы	—	2.513	—	—	2.513
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ККЗ бойынша бағалау резервінің өзгеруі	—	48	—	—	48
Борыштық құралдарды есептен шығару нәтижесінде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелген сома	—	12	—	—	12
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша пайда	—	36.684	—	—	36.684
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың шығуы нәтижесінде жинақталған пайданы көшіру	—	(9.990)	—	—	(9.990)
Шетелдік бөлімшелердің көрсеткіштерін басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	14.761	—	14.761
2024 жылғы 31 желтоқсанға	5.178	37.837	12.773	—	55.788

Дивидендтер

Қазақстандық заңнамаға және Банктің жарғылық құжаттарына сәйкес бөлу үшін қолжетімді резервтер Қазақстан Республикасының ережелері мен нормативтік-құқықтық актілеріне жатады.

33. Акцияға шаққандағы пайда

Төменде бір акцияға базалық және бөлінген пайданы есептеу кезінде пайдаланылған пайда туралы деректер келтіріледі:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Бір жылғы пайда	179.480	151.872
Пайда толық бөлінген жағдайда артықшылықты акциялардың ұстаушылары төлеу мүмкін дивидендтерді шегере отырып	—	—
Жай акциялардың ұстаушыларына келетін таза пайда	179.480	151.872
Акцияға базалық пайданы есептеуге арналған жай акциялардың өлшенген орташа саны	164.078.731	164.078.731
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	1.093,87	925,60

Бір акцияға шаққандағы баланстық құн

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚБ Листингтік ережелерінде көрсетілген әдіснамаға сәйкес есептелген бір акцияның баланстық құны төменде келтірілген:

Акциялар түрі	2024 жылғы 31 желтоқсан			2023 жылғы 31 желтоқсан		
	Айналыстағы акциялар саны	Таза активтер (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)	Айналыстағы акциялар саны	Таза активтер (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)
Жай	164.078.731	3.776.203.574	5.863,97	164.078.731	3.151.741.039	4.433,02
Акциялар түрі	2024 жылғы 31 желтоқсан			2023 жылғы 31 желтоқсан		
	Айналыстағы акциялар саны	Акциялардың баланстық құны (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)	Айналыстағы акциялар саны	Акциялардың баланстық құны (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)
Артықшылықты	2.500.000	342.916	137,20	2.500.000	49.227	19,60

34. Сегменттік талдау

Топ қызметінің сегменттері жөніндегі ақпаратты ұсынудың негізгі форматы операциялық сегменттер жөніндегі ақпаратты ұсыну болып табылады.

Операциялық сегменттер – қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын, пайда алуға мүмкіндік беретін немесе шығыстардың болуын көздейтін Топ құрамдастары, солардың операциялық қызметінің нәтижелері жүйелі негізде операциялық шешімдерді қабылдауға және соларға қатысты қаржылық ақпарат қолда бар жауапты тұлғалармен сараланып отырады. Операциялық шешімдердің қабылдануы үшін жауапты ресурстарды бөлумен және Топ қызметінің нәтижелерін бағалаумен айналысатын тұлға немесе тұлғалар тобы болуы мүмкін. Операциялық шешімдердің қабылдануы үшін жауапты тұлғаның функцияларын Банк Басқармасы орындайды. Операциялық шешімдерді қабылдау және ресурстарды бөлу мақсатында Басқарма ХҚЕС-ке негізделген қаржылық ақпаратты пайдаланады.

Есепті сегменттер кірістерінің көзі болып табылатын өнімдер мен қызметтердің сипаты

Топтың үш бизнес-сегмент бойынша ұйымдастырылған операциялары:

Банк қызметі - кредиттер беруді, депозиттер тартуды және клиенттермен өзге де операцияларды; сауда операциялары мен корпоративтік қаржыландыру операцияларын; қарыз алу, борыштық бағалы қағаздар шығару арқылы Топтың қызметін қаржыландыруды және банктік тәуекелдерді басқаруды қамтиды;

Сақтандыру – сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру;

Инвестициялық-брокерлік қызмет - брокерлік қызмет көрсетуді, қаржы құралдарымен сауданы, капитал нарықтарындағы операцияларды қамтиды.

Әрбір есепті сегмент қызметінің нәтижелеріне қатысты ақпарат төменде келтіріледі. Сегмент қызметінің нәтижелері табыс салығы шегерілгенге дейін сегмент алған пайда негізінде, олар Банктің Басқарма Төрағасы қарайтын нормативтік қаржылық есептілікке негізделген басшылыққа ішкі есептерге қалай енгізілетіндігі негізінде бағаланады. Сегмент алған пайда оның қызметінің нәтижелерін бағалау үшін пайдаланылады, өйткені басшылық тұрғысынан бұл ақпарат экономиканың сол салаларында қызмет жүргізетін басқа кәсіпорындармен салыстырғанда белгілі бір сегменттердің нәтижелерін бағалау кезінде ең өзекті болып табылады. Сегменттер арасындағы операциялардағы баға белгілеу тараптардың тәуелсіздігі жағдайында жүзеге асырылады.

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы сегменттер арасындағы операциялардың элиминациясын есепке алмағанда есепті сегменттердің активтері жөнінде сегментті ақпарат келтірілген:

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Активтер		
Банк қызметі	3.760.453	3.134.018
Инвестициялық-брокерлік қызмет	90.889	88.018
Сақтандыру	73.426	70.315
Бөлінбеген активтер	80.581	84.856
Активтердің барлығы	4.005.349	3.377.207
Міндеттемелер		
Банк қызметі	2.812.953	2.404.689
Инвестициялық-брокерлік қызмет	4.453	14.561
Сақтандыру	42.423	39.086
Бөлінбеген міндеттемелер	10.293	15.427
Міндеттемелердің барлығы	2.870.122	2.473.763

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

34. Сегменттік талдау (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін сегменттер арасындағы операциялардың элиминациясын есепке алмағанда, негізгі есепті сегменттер жөніндегі ақпарат былайша ұсынылуы мүмкін:

	Инвестициялық -брокерлік		Бөлінбеген		
	Банк қызметі	Қызмет	Сақтандыру	сегменттер	Барлығы
Тіімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	441.074	5.548	7.486	514	454.622
Басқа да пайыздық кірістер	206	390	—	—	596
Комиссиялық кірістер	57.995	1.475	—	—	59.470
Сақтандыру шарттары бойынша түсім			31.273		31.273
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық кірістер			76		76
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда	1.104	4.521	—	—	5.625
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	59.076	5.342	3.585	—	68.003
Қаржы құралдарының әділ құнын мойындаудан түскен кіріс	2.669	—	—	—	2.669
Басқа да кірістер	6.476	21	279	40.116	46.892
Кірістер жиыны	568.600	17.297	42.699	40.630	669.226
Пайыздық шығыстар	(186.814)	(1.428)	—	(552)	(188.794)
Кредиттік зияндар бойынша шығыстар	(54.092)	(222)	(870)	310	(54.874)
Комиссиялық шығыстар	(36.832)	(500)	—	(44)	(37.376)
Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар			(35.174)		(35.174)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар			(224)		(224)
Сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық шығыстар			(1.676)		(1.676)
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде болған (залалдар)/пайда	(35)	18	5	—	(12)
Персонал шығыстары	(56.248)	(1.769)	(1.469)	(6.121)	(65.607)
Құнсызданудан болған басқа да залалдар	(344)	—	—	(9)	(353)
Басқа да шығыстар	(1.878)	(40)	(557)	(23.605)	(26.080)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	(57.631)	(713)	(1.057)	(3.294)	(62.695)
Шығыстар жиыны	(393.874)	(4.654)	(41.022)	(33.315)	(472.865)
Сегменттің қаржылық нәтижесі	174.726	12.643	1.677	7.315	196.361
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(13.622)	(407)	(1.803)	(651)	(16.483)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарынан кейінгі таза пайда / (залал)	161.104	12.236	(126)	6.664	179.878

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

34. Сегменттік талдау (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін сегменттер ішіндегі операциялардың элиминациясын есепке алмағанда, негізгі есепті сегменттер жөніндегі ақпарат былайша ұсынылуы мүмкін:

	Инвестициялық -брокерлік			Бөлінбеген	
	Банк қызметі	қызмет	Сақтандыру	сегменттер	Барлығы
Тіімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	354.264	2.892	4.299	2.112	363.567
Басқа да пайыздық кірістер	233	1.602	—	—	1.835
Комиссиялық кірістер	64.349	753	—	—	65.102
Сақтандыру шарттары бойынша түсім			54.845		54.845
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық кірістер			744		744
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда / (залалдар)	4.208	1.551	—	—	5.759
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда/(залалдар)	29.485	(947)	(324)	—	28.214
Реттелген борыш бойынша түрлендіруден түскен кіріс	2.436	—	—	—	2.436
Басқа да кірістер	7.809	—	—	31.945	39.754
Кірістер жиыны	462.784	5.851	59.564	34.057	562.256
Пайыздық шығыстар	(146.629)	(314)	—	(351)	(147.294)
Комиссиялық шығыстар	(43.782)	(343)	—	(83)	(44.208)
Сақтандыру шарттары бойынша шығыстар			(45.609)		(45.609)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар			(2.050)		(2.050)
Сақтандыру шарттары бойынша таза қаржылық шығыстар			(5.494)		(5.494)
Кредиттік зияндар бойынша шығыстар	(23.028)	(45)	(2)	(86)	(23.161)
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде болған (залалдар)/пайда	(83)	481	(508)	—	(110)
Персонал шығыстары	(54.787)	(1.560)	(2.037)	(6.405)	(64.789)
Басқа да шығыстар	(533)	(26)	—	(19.285)	(19.844)
Құнсызданудан болған басқа да залалдар	(2.576)	—	—	(19)	(2.595)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	(47.237)	(972)	(186)	(2.429)	(50.824)
Шығыстар жиыны	(318.655)	(2.779)	(55.886)	(28.658)	(405.978)
Сегменттің қаржылық нәтижесі	144.129	3.072	3.678	5.399	156.278
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(3.213)	(101)	(114)	(609)	(4.037)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарынан кейінгі таза пайда	140.916	2.971	3.564	4.790	152.241

Есепті сегменттің кіріс, пайда немесе залал, активтер мен міндеттемелер шамалары арасындағы салыстыру

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Кірістер		
Есепті сегменттер кірістерінің барлығы	669.226	562.256
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша кірісті алып тастау	(3.207)	(8.250)
Шоғырландырылған кіріс	666.019	554.006
Пайда немесе зиян		
Есепті сегменттер пайдасының барлығы	179.878	152.288
31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған пайда	179.878	152.288

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

34. Сегменттік талдау (жалғасы)**Есепті сегменттің кіріс, пайда немесе залал, активтер мен міндеттемелер шамалары арасындағы салыстыру (жалғасы)**

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Есепті сегменттер активтерінің барлығы	4.005.349	3.377.207
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша активтерді алып тастау	(213.287)	(225.466)
Шоғырландырылған активтер	3.792.062	3.151.741
Міндеттемелер		
Есепті сегменттер міндеттемелерінің барлығы	2.870.122	2.473.763
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша міндеттемелерді алып тастау	(48.337)	(57.739)
Шоғырландырылған міндеттемелер	2.821.785	2.416.024

2024 және 2023 жылдардағы географиялық аймақтар туралы ақпарат былайша ұсынылуы мүмкін:

	Кірістер		Ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер	
	2024 жыл	2023 жыл	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы	620.650	519.449	124.510	125.726
Қырғыз Республикасы	48.576	42.807	13.420	12.054
Жиыны	669.226	562.256	137.930	137.780

Топ Қазақстан Республикасында және Қырғыз Республикасында қызметін жүзеге асырады. Сыртқы клиенттермен жасалатын операциялардан түсетін кірістің көп бөлігі Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын операцияларға тиесілі. Ұзақ мерзімді активтердің негізгі бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан. Географиялық аймақтар туралы ақпаратты ашқан кезде түсімді бөлу клиенттер мен активтердің географиялық орналасуына негізделеді.

Ірі клиенттер туралы ақпарат

2024 және 2023 жылдары есепті сегменттерде корпоративтік клиенттер болған жоқ, олардың әрқайсысы Топтың жалпы кірісінің 10%-нан асатын операциялар бойынша кірістер.

35. Тәуекелдерді басқару**Кіріспе**

Топ қызметіне тәуекелдер тән. Топ анықтау, бағалау және бақылаудың үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Топтың тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Топтың әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Топ өз кезегінде сауда операцияларына байланысты тәуекел және саудалық емес қызметке байланысты тәуекел деп бөлінетін кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге бейім. Топ, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де ұшырағыш.

Топтың тәуекел-менеджменті саласындағы саясаты Топ қызметінің сипаты мен көлеміне, қабылданатын тәуекелдердің профиліне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту мұқтаждықтарына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың бүтін жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдерін қозғамайды. Топ мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Топтағы тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарумен байланысты процедураларды енгізуге және жүргізуге жауапты.

Қаржылық тәуекелдерді (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және нарықтық тәуекел) басқарудың ең басты міндеті тәуекел лимиттерін айқындау және белгіленген лимиттердің сақталуын одан әрі қамтамасыз ету болып табылады. Операциялық тәуекелдердің, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің және комплаенс тәуекелдердің басқарылуы Топтың ішкі әрі сыртқы тәуекел факторларына ұшырағыптығын барынша азайту мақсатында ішкі процестер мен процедуралардың лайықты түрде қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

Банк қазынашылығы

Банктің қазынашылығы Активтер мен міндеттемелерді басқару комитетінің шешімдерін орындау арқылы Топтың активтері мен пассивтерін басқаруға жауап береді. Қазынашылық сонымен қатар қысқа мерзімді өтімділік тәуекелін басқаруға жауапты және Топты қаржыландыру тәуекелін басқаруға қатысады.

Ішкі аудит

Топта өтетін тәуекелдерді басқару үрдістеріне ішкі аудит бөлімі жыл сайын тексеріледі, ол процедуралардың жеткіліктілігін, сонымен қатар Топтың бұл процедураларды орындауын тексереді. Ішкі аудит бөлімі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және Аудит жөніндегі комитетке өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын береді.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Топ тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көметімен бағаланады. Модельдер өткен тәжірибелерден алынған және экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген ықтималдық мәндерін пайдаланады. Топ, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Топ белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Топ қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Топ қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді, ерекше назар жекелеген салаларға бөлінеді. Мұнымен қоса, Топ тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Тәуекелдер комитетіне және әрбір бөлімшенің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын салалар, бизнес сегменттері, өнімдер, валюталар, қамтамасыз ету түрлері, қаржыландыру мерзімдері мен өңірлер бөлігінде тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады. Тоқсан сайын Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады, әрі онда Топтың тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелді азайту

Кредиттік тәуекелдің төмендеуі бастапқы қаржыландыру кезінде белгіленген ковенанттардың орындалуына бақылау жасай отырып клиенттердің қаржылық жай-күйін және кепілмен қамсыздандырудың тұрақты кеңейтілген мониторингі есебінен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ Топ тәуекелдерді басқару аясында пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістер, акциялар бағасының өзгеру тәуекелі, кредиттік тәуекел салдарынан туындайтын бағыттарды, сондай-ақ болжалды мәмілелер бойынша бағыттарды басқару үшін туынды және басқа құралдарды қолданады.

Тәуекелдің аса шоғырлануы

Тәуекелдердің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілгенде немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да шарттардың өзгеруі нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне сол тәрізді ықпал етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Топ қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін шарттардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Топтың саясаты мен процедураларына әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Тәуекелдің белгіленген шоғырлануымен басқарылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Топ клиенттерінің немесе контрагенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді (танылған қаржы активтері және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін Кредиттік комитетті құру арқылы басқарады. Кредиттік саясатты Директорлар кеңесі қарастырып, бекітеді.

Кредиттік саясат кредиттік қызметті жүзеге асырудағы негізгі талаптарды белгілейді және анықтайды, соның ішінде:

- Топтың кредиттік қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;
- кредиттеу кезіндегі басымдықтар мен шектеулерді;
- кредиттік тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін;
- кредиттік тәуекел лимиттері жүйесін;
- жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде Банкімен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға кредиттер беру талаптарын;
- кредиттік процестің кезеңдері мен қатысушыларын;
- шешімдерді қабылдау жүйесін;
- Топтағы кредиттік тәуекелді басқарудың негізгі қағидаттары мен әдістерін;
- кредиттік тәуекелдерді басқару процесін ішкі бақылау жүйесін.

Топ қызметінің негізгі бағыттарын және кредиттік тәуекелді басқару құралдары жүйесін көрсететін кредиттік саясат негізінде Топта корпоративтік, шағын және орта, бөлшек бизнес сегменттерінде төменде сипатталған неғұрлым тиімді кредиттік процесс құрылған. Топ бірнеше кредит комитеттерін құрды, олар қарыз алушыларға кредит лимиттерін бекітеді:

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Корпоративтік клиенттерден және шағын және орта бизнес (ШОБ) клиенттерінен кредиттер алуға арналған өтінімдерді тиісінше Кредиттік талдау департаменті және берілетін кредиттерді талдауға жауапты филиалдардағы ШОБ субъектілерін кредиттеу бөлімшелері қарайды. Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Қарыз берудің ең төменгі рейтингі белгіленді, онда Қарыз берілуі мүмкін.

Содан кейін жобаны қарау үшін мәміле жасау туралы шешім қабылдайтын уәкілетті орган Топ қызметтерінің қорытындыларын, оның ішінде заңды қорытындыны, қауіпсіздік қызметінің қорытындысын, кепілмен қамтамасыз ету қызметінің қорытындысын және тәуекел-менеджмент қызметінің қорытындысын ұсынады.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында жобаларды талдау кезінде тәуекел-менеджмент бөлімшесі қарыз алушының рейтингін (дефолт ықтималдығын) тағайындайды.

Қазіргі уақытта Топ бизнестің әр сегменті үшін рейтингтік және скорингтік модельдерді қолданады: шағын, орта және корпоративті әрі бөлшек клиенттер үшін.

Ұсынылған қорытындылар негізінде шешімді Кредиттік комитет шешім қабылдау өкілеттігінің деңгейіне қарай қабылдайды. Бұл ретте Банктің меншікті капиталының 5%-дан асатын мәмілелер тек қана Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Жеке тұлғалардың кредиттерді алуға арналған өтінімдерін қараумен Бөлшек кредит беру департаменті айналысады. Бұл ретте Кредиттік тәуекелдер департаментімен бірлесіп әзірленген кредитті алуға арналған өтінімдегі деректерді тексерудің модельдері мен процедуралары пайдаланылады.

Топ қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін корпоративтік бизнес, ШОБ және бөлшек бизнес клиенттері үшін пайыздық мөлшерлемелерді белгілеу кезінде әрбір мәміле бойынша қабылданатын кредиттік тәуекел деңгейі ескеріледі және кем дегенде мынадай факторларға талдау жүргізіледі:

- рейтинг/скоринг (қарыз алушының дефолт ықтималдығы);
- қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда шығындар;
- қорландыру құны;
- капитал құны;
- Топтың үстеме шығыстары.

Портфельдік деңгейде тәуекелдерді тиімді басқару үшін Топ кредиттік портфельді әртараптандыру, Топтың кредиттік қызметіне тұрақты негізде мониторинг жүргізуге, негізгі проблемаларды анықтауға және тәуекелді азайту құралдарын енгізуге, сондай-ақ кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеуге мүмкіндік беретін басқарушылық есептік жүйесі сияқты әдістерді пайдаланады.

Топ кредиттік тәуекел лимиттерінің жүйесін пайдаланады, оған мыналар кіреді:

- кредиттік тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін;
- қарыз алушылардың санаттары бойынша лимиттер;
- кредиттеу түрлеріне лимиттер;
- портфельдік және жеке лимиттерден тұратын бөлшек сегментке арналған лимиттер;
- кредиттеу саласындағы лимиттер және басқалар.

Мониторинг және бақылау нәтижелерді Банктің Басқармасына/Директорлар кеңесіне шығара отырып, мерзімді негізде жүзеге асырылады.

Бұл құрал Топқа берілген стратегиялық даму көрсеткіштеріне, сондай-ақ белгілі бір бағытта Топтың тәуекелді қабылдауына негізделген кредиттік қызметті бақылауға мүмкіндік береді.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Топта басқарушылық есеп беру жүйесі жұмыс істейді, оның мақсаты кредиттік тәуекел деңгейі және оның белгіленген мәннен ауытқуы туралы сапалы, сенімді және шынайы ақпарат беру болып табылады. Басқарушылық есептілік Банктің Басқарма/Директорлар кеңесінің қарауына шығарыла отырып, ай сайынғы/тоқсан сайынғы негізде Топ бойынша да, жекелеген сегменттер бөлінісінде де қалыптастырылады.

Топ сценарийлік талдау мен сезімталдықты талдау арқылы жүзеге асырылатын кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеу әдістемесін қолданады. Топ стресс-тестілеуді жүзеге асыру кезінде келесі сценарийлерді пайдаланады:

- тұтастай алғанда және экономиканың жекелеген салалары бойынша экономикалық өсудің құлдырауын қоса алғанда, елдің экономикалық конъюнктурасының төмендеуінің әсерін бағалауға негізделген жалпы экономикалық сценарий;
- жергілікті стресс факторларының, соның ішінде банктің кредиттік қызметінің ерекшеліктеріне және оның кредиттік портфелінің құрылымына байланысты әсерді бағалауға негізделген Топтың бизнесіне тән сценарий.

Кредиттік тәуекелді стресс-тестілеу Топтың қызметіне теріс әсер етуі мүмкін макроэкономикалық және басқа көрсеткіштердің өзгеруіне уақтылы жауап беруге, осы факторлардың әсерін болжауға және тәуекелдерді азайту жолдарын жасауға мүмкіндік береді.

Неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын ескерместен қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Әділ құнымен бейнеленген қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны құндағы өзгеріс нәтижесінде болашақта туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін емес, кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді.

Қамсыздандыру әдетте бағалы қағаздарға жасалған инвестицияларға, банктер мен басқа қаржы ұйымдарындағы қаражатқа, бағалы қағаздар кері «РЕПО» шарттарының шеңберінде ұсталатын және бағалы қағаздардың кепіліне қарыз алынған жағдайлардан басқа, қатысты талаптарға қарсы ұсталмайды. Есепті күнгі жағдай бойынша шартты шарттық міндеттемелерге қатысты кредиттік сапаны талдау амалы 37-ескертемеде көрсетілген.

Құнсыздандыру бағалау

Топ ККЗ-ны тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін ақша қаражатының бағалануын ескере отырып, ықтималдылықты ескере отырып алынған бірнеше сценарийдің негізінде есептейді. ККЗ-ны есептеудің негізгі элементтері мыналар:

Дефолт ықтималдылығы (PD)	Дефолт ықтималдылығы белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдығын есепті бағалау білдіреді. Егер активтің танылуы тоқтатылмаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса, дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде орын алуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем, шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген қарыздар мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде алууды күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD-қа қатысты пайызбен білдіріледі.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Топ қаржы құралы қолданылуының қалған мерзімінің бойына дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін есепке алу арқылы, қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болуына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыруға арналған әдістемені әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Топ ол берген кредиттерді келесі топтарға біріктіреді:

- 1-кезең - кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын куәландыратын және құнсызданудың бірде бір белгісі жоқ факторлары жоқ қаржы активтері;
- 2-кезең – кредиттік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған және құнсызданудың бірде бір белгісі жоқ қаржы активтері;
- 3-кезең – кредиттік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған және құнсызданудың кемінде бір белгісі және дефолттың орын алу тәуекелі бар активтер;
- СҚКҚ – сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – солар бойынша бастапқы мойындау сәтіне кредиттік құнсыздануы болған қаржы активтері. Бастапқы мойындау кезінде СҚКҚ активтері әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс танылады. ККЗ бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде танылады немесе танылуы тоқтатылады.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы болғанын бағалау кезінде және Топ артық шығындар мен күш-жігерсіз орынды және қол жетімді ақпаратқа негізделген және расталған ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық және сапалық ақпаратты, сондай-ақ Топтың тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапаны сараптамалық бағалауға және болжамды ақпаратқа негізделген талдау кіреді қамтиды.

Топ кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін анықтау үшін үш критерийді қолданады:

- дефолт ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық критерий (қаржы құралының әрбір тәуекел тобы үшін дефолт ықтималдығының 100%-дан 200%-ға дейін салыстырмалы ұлғаюының рұқсат етілген шектері белгіленеді);
- сапалық белгілер; және
- 30 күндік мерзімді өткізіп алу «шектеуіші».

Топ әрбір есепті кезеңде бастапқы танылғаннан бері кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін бағалайды. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтау критерийлері әртүрлі кредиттеу түрлеріне, атап айтқанда корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғаларға, сондай-ақ портфельге байланысты өзгереді және дефолт ықтималдығы көрсеткіші мәндерінің сандық өзгерістерін де, сапалық факторларды да қамтиды, соның ішінде мерзімі өткен «шектеуіші» белгісі.

Топ кредиттік тәуекелге ұшыраған белгілі бір позиция бойынша кредиттік тәуекел, егер Топ қолданатын модельдеу әдістеріне сүйене отырып, контрагенттің қаржы-экономикалық жағдайының нашарлауына әкелетін объективті факторлар байқалса, ол бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп санайды. Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау кезінде қалған бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар өтеу мерзімінің өзгеруін ескере отырып түзетіледі.

Кредиттік тәуекелдің ұлғаюы, егер бұл Топтың кредиттік тәуекелді басқару процесіне байланысты сапалық белгілермен көрсетілсе, олардың әсерін сандық талдау шеңберінде уақтылы толық анықтау мүмкін болмаса, маңызды деп санауға болады. Бұл арнайы бақылау тізімінде болу сияқты белгілі бір жоғары тәуекел критерийлеріне сәйкес келетін кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты. Аталған сапалық факторларды бағалау кәсіби пайымдау негізінде және тиісті өткен тәжірибені ескере отырып жүргізіледі.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы (жалғасы)

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын куәландыратын «ішкі шектену» белгісі ретінде Топ, егер олар бойынша мерзімі үш күннен астам өтіп кеткен болса, банк шоттарындағы қаражатты, сондай-ақ кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі орын алған инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, осы актив бойынша мерзімі 30 күннен асатын мерзімнің болуын есептейді. Мерзімі өткен берешек күндерінің саны толық сомада төлем алынбаған жағдай бойынша ең ерте күннен бастап күндер санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезеңді есепке алмай айқындалады.

Дефолтты және сауықтыруды анықтау

Топ қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді, демек, қарыз алушы банктік шоттардағы қаражатты, сондай-ақ солар бойынша дефолт орын алған инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, егер оларды төлеу мерзімі 30 күннен артық өткен болса, шартта көзделген төлемдерді 90 күнге немесе одан да көп мерзімге кешіктірген кез келген жағдайда ККЗ есептеу мақсаттары үшін оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Топ төлем болмай қалуы мүмкін екендігіне нұсқайтын бірқатар оқиғаны қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Топ мұндай оқиғаның дефолтқа әкеп соқтыратындығын және активтерді ККЗ есептеу мақсатында 3-кезеңге жатқызудың қажет екендігін немесе 2-кезең лайықты болатындығын мұқият саралайды. Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

- қарыз алушының Топ алдындағы кредиттік міндеттемелерін Топ кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған жағдайда) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтеуі екіталай;
- қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауына орай кредитті қайта құрылымдау;
- қарыз алушының банкроттыққа ұшырау мүмкіндігі бар;
- ковенанттарды бұзу;
- мерзімі өткен берешек мәртебесі және сол эмитенттің Топ алдындағы басқа міндеттемелері бойынша төлемеуі;
- меншікті және сыртқы дереккөздерінен алынған басқа ақпарат.

Егер бастапқы танудың салыстырмалы сәтінде кредиттік тәуекелдің немесе дефолттың айтарлықтай ұлғаюы жоқ екендігінің дәлелі болса, онда тиісті құрал бойынша шығынға арналған бағалау резерві қайтадан 12 айлық ККЗ мөлшерінде бағаланатын болады. Кредиттік тәуекелдің жоғарылауының кейбір сапалы белгілері дефолт қаупінің жоғарылауын көрсетуі мүмкін, бұл белгінің өзі жойылғаннан кейін де жалғасады.

Мұндай жағдайларда Топ осы актив бойынша кредиттік тәуекелдің жеткілікті түрде төмендегенін дәлелдеу үшін қаржы активі бойынша төлемдер мерзімінде және белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс 3 айдағы «сынақ мерзімін» айқындайды. Шартта көзделген кредит талаптары өзгертілген кезде, барлық мерзім ішінде ККЗ тану критерийлері бұдан былай қанағаттандырылмайтындығын куәландыра отырып, шарттың өзгертілген талаптарына сәйкес уақтылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Қайта құрылымдалған қаржы активтері жағдайында Топ «сынақ мерзімін» 12 айда анықтады, оның барысында қаржы активі бойынша төлемдер мерзімінде және қаржы активі бұдан былай кредиттік-құнсызданған ретінде жіктелмес бұрын белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Кредиттік тәуекел (жалғасы)****Құнсыздануды бағалау (жалғасы)***Болжамды ақпарат пен экономикалық сценарийлер*

Топ болжамды ақпаратты қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі үшін бағалауға да, күтілетін кредиттік зияндарды бағалауға да қосады. Топ болжамды ақпаратты бағалау үшін сыртқы дереккөздерінен алынған ақпаратқа негізделеді.

Топ қаржы құралдарының әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік зияндарды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізімін анықтады және құжаттады және тарихи деректерді талдауды қолдана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекел және кредиттік зияндар арасындағы байланысты бағалады.

Негізгі көрсеткіш пен дефолт оқиғалары мен қаржы активтерінің әртүрлі портфельдері бойынша шығындар деңгейлері арасындағы болжамды қатынастар соңғы 5 жылдағы тарихи деректерді талдау негізінде әзірленді.

Таңдалған макроэкономикалық факторлар бойынша тарихи деректер тым артық шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді болатын сыртқы дерек көздерінен пайдаланылады. Топ ККЗ есептеу модельдерінде келесі негізгі макроэкономикалық факторларды қолданады: мұнай бағасы, ЖІӨ өсу қарқыны және тұтыну бағасының деңгейі.

<i>Негізгі факторлар</i>	<i>ККЗ сценарийлері</i>	<i>Тағайындалған ықтималдылық, %</i>	<i>2024 жыл</i>	
			<i>2025 жылғы</i>	<i>2026 жылғы</i>
Тұтыну бағаларының индексі	Оптимистік	20,00	8,43%	7,27%
	Базалық	60,00	8,95%	7,78%
	Пессимистік	20,00	9,46%	8,24%
Мұнай, АҚШ долларының бағасы	Оптимистік	20,00	81,61	81,54
	Базалық	60,00	73,6	73,54
	Пессимистік	20,00	64,08	64,02
ЖІӨ, миллиард теңге	Оптимистік	20,00	153.765	171.727
	Базалық	60,00	153.653	171.998
	Пессимистік	20,00	153.333	171.919

<i>Негізгі факторлар</i>	<i>ККЗ сценарийлері</i>	<i>Тағайындалған ықтималдылық, %</i>	<i>2023 жыл</i>	
			<i>2024 жылғы</i>	<i>2025 жылғы</i>
Тұтыну бағаларының индексі	Оптимистік	20,00	8,65%	6,19%
	Базалық	60,00	9,59%	6,89%
	Пессимистік	20,00	10,45%	7,45%
Мұнай, АҚШ долларының бағасы	Оптимистік	20,00	102,47	111,40
	Базалық	60,00	96,89	100,06
	Пессимистік	20,00	89,50	88,20

Сценарийлерді болжау және олардың даму ықтималдылығын анықтау үшін тарихи болжамды макроэкономикалық көрсеткіштер мен сценарийлерді болжау үшін пайдаланылған дәл сол дерек көздерін барынша ықтимал кезең үшін нақты нәтижелер сараланады.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Қаржы құралдары үшін (корреспонденттік шоттар, банкаралық кредиттер мен депозиттер, бағалы қағаздар) кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы әрбір қаржы активі үшін дербес бастапқы танылған сәттен бастап сандық көрсеткіштердің (бастапқы танылған сәттен бастап халықаралық рейтинг агенттіктері айқындаған рейтингтің төмендеуі) және сапалық көрсеткіштердің (эмитентке / контрагентке қатысты теріс ақпарат, оның ішінде қаржылық жай-күйдің нашарлауы, акционерлердің ауысуы, беделден айырылу тәуекелінің іске асырылуы, пруденциалдық нормативтердің жүйелі бұзылуы) негізінде айқындалады.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Ірі бизнес кәсіпорындарын кредиттеу

Коммерциялық кредиттеу болған жағдайда қарыз алушыларды бағалау амалын Топтың арнайы кредиттік тәуекелдер департаменті жасайды. Кредиттік тәуекелдің бағалануы кредиттік скоринг моделіне негізделген, ол түрлі келесідей тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты ескереді:

- Тарихи қаржылық ақпарат, клиенттер тұрғысынан дайындалған болжамдармен және жоспарлармен бірге. Мұндай қаржылық ақпарат алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректерді, төлем қабілеттілігі коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін және клиенттің қаржылық нәтижелерін бағалауға сәйкес келетін кез келген басқа коэффициенттерді қамтиды. Мұндай көрсеткіштердің бір бөлігі клиенттермен жасалған шарттарда бекітіледі, сондықтан оларды бағалауға көбірек көңіл бөлінеді.
- Ақпараттың сыртқы дереккөздерінен клиенттер туралы жалпыға қолжетімді ақпарат. Мұндай ақпаратқа рейтинг агенттіктері берген сыртқы рейтингтер, тәуелсіз сарапшылардың есептері, нарықта айналыста жүрген облигациялардың бағалары немесе баспасөз-релиздер мен баптар жатады.
- Макроэкономикалық немесе геосаяси ақпарат, мысалы, клиент өз қызметін жүзеге асыратын нақты салаға немесе географиялық өңірлерге қатысты ЖІӨ өсімінің үрдістері.
- Клиенттің басқару сапасы мен мүмкіндіктері туралы басқа негізделген және расталған ақпарат қарыз алушы қызметінің нәтижелерін анықтауға орынды болады.

Жеке негізде (әрбір қаржы активі бойынша жеке) баланстық құны есепті күнге Топтың меншікті капиталы сомасының 0,2%-нан асатын барлық елеулі қаржы активтері бағаланады. Маңызды емес қаржы активтері тәуекел сипаттамалары ұқсас топтар бойынша ұжымдық негізде бірлесіп бағаланады.

Шағын және орта бизнес пен бөлшек клиенттерге кредит беру

Топ өтеу мерзімдерін талдау үшін жиналған деректерді пайдаланады, олар ұжымдық негізде топтарға топтастырылған кредиттердің тарихи миграциясын көрсетеді. Есептеу кезеңінің тереңдігі ағымдағы есепті күннен бастап кем дегенде 60 айды құрайды. Бұдан әрі макроэкономикалық факторлар мен дефолт ықтималдылығының арасындағы өзара байланысты өлшеу үшін модель пайдаланылады.

Қаржы активі бойынша болжамды келешек ақша ағындарының дисконтталған құнын есептеу кезінде Топ оның кепілмен қамтамасыз етуге меншік құқығының өтуі салдарынан туындауы мүмкін ағындарды ескереді. Егер шартта көзделген төлем мерзімдері 30 күннен артық мерзімге өтсе, кредиттік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғаяды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Кредиттік тәуекел (жалғасы)****Қаржы активтерінің кластары бойынша кредиттік сапа**

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың географиялық белгі бойынша активтері мен міндеттемелерінің шоғырлануы көрсетілген:

	Қазақстан	ЭЫДҰ	Басқалары	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	499.455	146.747	206.342	852.544
Туынды қаржы активтері	60	—	—	60
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	21.707	22.358	31.780	75.845
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	3.189	1.286	2.612	7.087
Инвестициялық бағалы қағаздар	1.124.345	173.964	34.191	1.332.500
Клиенттерге берілген кредиттер	958.100	169	180.746	1.139.015
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	122.212	—	—	122.212
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	—	—	—	—
Басқа да қаржы активтері	46.072	802	9.847	56.721
	2,775,140	345,326	465,518	3,585,984
Міндеттемелер				
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	16.757	432	104.454	121.643
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	43.025	—	—	43.025
Туынды қаржылық міндеттемелер	—	943	130	1.073
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1.505.636	31.013	419.147	1.955.796
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	304.486	—	—	304.486
Реттелген борыш	118.149	—	—	118.149
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	7.810	—	—	7.810
Жалдау бойынша міндеттемелер	2.201	—	2.023	4.224
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	39.298	—	—	39.298
Басқа да қаржылық міндеттемелер	7.847	4.795	5.713	18.355
	2.045.209	37.183	531.467	2.613.859
Таза баланстық позиция	729.931	308.143	(65.949)	972.125

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың географиялық белгі бойынша активтері мен міндеттемелерінің шоғырлануы көрсетілген:

	Қазақстан	ЭЫДҰ	Басқалары	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	411.717	120.957	173.708	706.382
Туынды қаржы активтері	60	—	134	194
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	41.840	14.547	7.447	63.834
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	10.661	3.452	5.401	19.514
Инвестициялық бағалы қағаздар	840.002	83.730	41.538	965.270
Клиенттерге берілген кредиттер	945.573	157	118.476	1.064.206
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	105.458	—	—	105.458
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	2.948	—	—	2.948
Басқа да қаржы активтері	16.355	1.978	6.709	25.042
	2,374.614	224.821	353.413	2,952.848
Міндеттемелер				
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	16.364	57	62.475	78.896
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	43.288	—	—	43.288
Туынды қаржылық міндеттемелер	308	—	76	384
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1.314.184	19.470	287.754	1.621.408
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	213.052	—	—	213.052
Реттелген борыш	201.560	—	—	201.560
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	9.319	—	—	9.319
Жалдау бойынша міндеттемелер	1.929	—	2.105	4.034
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	36.747	—	—	36.747
Қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	216	—	—	216
Басқа да қаржылық міндеттемелер	5.431	1.740	7.205	14.376
	1.842.398	21.267	359.615	2.223.280
Таза баланстық позиция	532.216	203.554	(2.447)	733.323

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер. Топ өзінің нарықтық тәуекелін сауда портфелі бойынша тәуекелге және сауда емес портфель бойынша тәуекелге бөледі. Валюталық позицияларды қоспағанда, Топтың нарықтық тәуекелінің едәуір шоғырлануы жоқ.

Топ нарықтық тәуекелді келесі тапсырмаларды орындау арқылы басқарады:

- нарықтық тәуекел бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін айқындау және белгілеу және деңгейі жоғары деп айқындалған тәуекелдерді қабылдау үшін жауапкершілікті қоса алғанда, белгіленген деңгейлер бұзылған жағдайларда іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеу;
- Топтың нарықтық тәуекелін басқарудың тиімді жүйесін құру;
- кірістілік пен қабылданған тәуекел деңгейі арасындағы оңтайлы қатынасты қамтамасыз ету;
- корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру, нарықтық тәуекел туралы толық, шынайы және уақтылы басқарушылық ақпараттың болуы арқылы тәуекелге әкелетін шешімдер қабылдайтын УКО-ның хабардарлығын қамтамасыз ету;
- процеске қатысушыларды анықтау және олардың нарықтық тәуекелді басқару кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі;
- тәуекел-тәбеттің белгіленген деңгейлерін және нарықтық тәуекелдің ішкі лимиттерін тұрақты мониторингтеу және бақылау;
- әлеуетті нарықтық тәуекелдер деңгейін анықтау, Топтың өзгерістерге қарсы тұру қабілетін бағалау мақсатында стресс-тестілеуді өткізу;
- Топтың операциялары бойынша тарихи деректерді пайдалана отырып, тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеру мақсатында бэк-тестілеуді өткізу;
- Топ қызметкерлерінің нарықтық тәуекел бойынша белгіленген лимиттер мен өкілеттіктерді тиісінше сақтамауына байланысты тәуекелдерді азайту;
- нарықтық көрсеткіштердің елеулі өзгеруіне байланысты және нарықтық тәуекелдің ұлғаюына әкеп соғатын Топтағы күтпеген немесе төтенше жағдайларды шешу тетіктерін әзірлеу.

Топ шоғырландырылған қаржы құралдары бойынша портфель шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлемелерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін өзгерту мерзімдерін белгілеу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады. Топ Басқарма қарайтын және Директорлар кеңесі бекітетін осындай ұстанымдарға үнемі мониторинг жүргізіп отырады.

2024 және 2023 жылдары Топ нарықтық тәуекелді басқару жөніндегі рәсімдерді, нарықтық тәуекелді стресс-тестілеуді жүзеге асыру жөніндегі рәсімдерді, нарықтық тәуекел бойынша басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырды және нарықтық тәуекел туралы ерте ескертудің ішкі лимиттері мен индикаторларын қайта қарады.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Басқарма ағымдағы жағдайларда Топтың өз тәуекел-тәбетіне сәйкес реттеушілік шектеулерінен төмен шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттер белгіледі.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлігінде қаржы активтері мен міндеттемелердің талдауы көрсетілген:

	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Рубль	Басқа валюталар	Барлығы
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баамалары	401.474	151.173	95.664	42.801	161.432	852.544
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	1.470	63.267	447	–	10.661	75.845
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	1.404	2.033	507	–	–	3.944
Инвестициялық бағалы қағаздар	1.005.788	258.207	–	–	7.008	1.271.003
Клиенттерге берілген кредиттер	921.802	117.987	5	–	99.221	1.139.015
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	–	122.212	–	–	–	122.212
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	2.561	988	–	–	–	3.549
Басқа да қаржы активтері	49.467	897	60	499	5.798	56.721
	2.383.966	716.764	96.683	43.300	284.120	3.524.833
Міндеттемелер						
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	14.434	46.494	15.345	9.210	36.160	121.643
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	23.680	19.345	–	–	–	43.025
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1.145.188	533.515	77.155	24.261	175.677	1.955.796
Реттелген борыш	304.486	–	–	–	–	304.486
Жалдау бойынша міндеттемелер	118.149	–	–	–	–	118.149
Басқа да қаржылық міндеттемелер	1.952	1.792	–	–	480	4.224
	9.877	2.391	423	1	5.663	18.355
	1.617.766	603.537	92.923	33.472	217.980	2.565.678
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды құралдардың әсері	58.278	(48.295)	2.286	(9.609)	(1.708)	952
Таза валюталық позиция	824.478	64.932	6.046	219	64.432	960.107

* Басқа валюталарға, негізінен, «Оптима Банк» ААҚ операциялары бойынша Қырғыз сомы кіреді.

** Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша сатып алынған талап ету құқығы теңгемен көрсетілген, бірақ пайыздық сыйлықы қоса алғанда, барлық төлемдер вексельдер шығарылған күннен бастап АҚШ долларының теңгеге бағамының өзгеруіне индекстеледі.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Валюталық тәуекел (жалғасы)**

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлігінде қаржы активтері мен міндеттемелердің талдауы көрсетілген:

	<i>Теңге</i>	<i>АҚШ доллары</i>	<i>Еуро</i>	<i>Рубль</i>	<i>Басқа валюталар</i>	<i>Барлығы</i>
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	260.849	264.269	42.391	28.241	110.632	706.382
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	907	61.781	410	—	736	63.834
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	313	15.676	1	—	—	15.990
Инвестициялық бағалы қағаздар	763.972	129.481	—	—	4.168	897.621
Клиенттерге берілген кредиттер	853.693	145.311	11	55	65.136	1.064.206
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы**	—	105.458	—	—	—	105.458
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	1.728	1.216	1	3	—	2.948
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	1.805	1.270	1	3	—	3.079
Басқа да қаржы активтері	16.389	2.602	107	223	5.721	25.042
	1.899.656	727.064	42.922	28.525	186.393	2.884.560
Міндеттемелер						
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	12.878	40.433	21.576	234	3.775	78.896
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	14.250	29.038	—	—	—	43.288
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	213.052	—	—	—	—	213.052
Реттелген борыш	201.560	—	—	—	—	201.560
Жалдау бойынша міндеттемелер	1.680	1.883	—	—	471	4.034
Басқа да қаржылық міндеттемелер	4.835	1.949	405	42	7.145	14.376
	1.417.085	510.641	83.693	26.368	138.827	2.176.614
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды құралдардың әсері						
	78.228	(118.519)	42.354	(4)	(1.849)	210
Таза валюталық позиция	560.799	97.904	1.583	2.153	45.717	708.156

* Басқа валюталарға, негізінен, «Оптима Банк» ААҚ операциялары бойынша Қырғыз сомы кіреді.

** Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша сатып алынған талап ету құқығы теңгемен көрсетілген, бірақ пайыздық сыйақыны қоса алғанда, барлық төлемдер вексельдер шығарылған күннен бастап АҚШ долларының теңгеге бағамының өзгеруіне индекстеледі.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Валюталық тәуекел (жалғасы)**

Сезімталдылықты талдау пайданың және капитал құнының ықтимал өзгеруін бағалау үшін, туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, ашық валюталық позициялар туралы ішкі есептің негізінде жасалған.

Төмендегі кестеде есепті күнге пайдаланылатын айырбастау бағамдарының ықтимал өзгерулеріне орай қаржы нәтижесінің өзгеруі көрсетілген. Бұл талдау салықтар шегерілгенге дейін жасалған, бұл ретте барлық қалған құбыламалы сипаттамалар өзгеріссіз қалады:

<i>Валюта</i>	<i>Валюта бағамының өсуі, %</i>	<i>Пайдаға әсері</i>	<i>Басқа да жиынтық кіріске әсері</i>	<i>Валюта бағамының өсуі, %</i>	<i>Пайдаға әсері</i>	<i>Басқа да жиынтық кіріске әсері</i>
АҚШ доллары	9,09	5.902	5.902	14,15	13.853	13.853
Еуро	9,00	544	544	12,95	205	205
Ресей рублі	19,82	43	43	28,54	614	614

<i>Валюта</i>	<i>2024 жылы</i>			<i>2023 жылы</i>		
<i>Валюта</i>	<i>Валюта бағамының азайуы, %</i>	<i>Пайдаға әсері</i>	<i>Басқа да жиынтық кіріске әсері</i>	<i>Валюта бағамының азайуы, %</i>	<i>Пайдаға әсері</i>	<i>Басқа да жиынтық кіріске әсері</i>
АҚШ доллары	(7,34)	(4.766)	(4.766)	(14,15)	(13.853)	(13.853)
Еуро	(5,95)	(360)	(360)	(12,95)	(205)	(205)
Ресей рублі	(38,53)	(84)	(84)	(28,54)	(614)	(614)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топтың әдеттегі және күтпеген жағдайларда белгіленген мерзімде өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау кезінде қиындықтарға тап болу тәуекелі ретінде анықталады. Топ овернайт депозиттері, клиенттердің шоттары бойынша есеп айырысулар, депозиттерді өтеу, кредиттерді беру, солар бойынша есеп айырысулар ақша қаражатымен жасалатын кепілдіктер мен туынды қаржы құралдары бойынша төлем жасау үшін қолда бар ақша қаражатын пайдаланудың күнделікті қажеттілігіне орай тәуекелге ұшырағыш келеді. Топ жинақталған жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып және өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті өтімділік деңгейін болжау дәлдігінің жеткілікті үлесімен ақша қаражатының жеткілікті көлемін жинақтайды.

Ақша ағыны үзілген жағдайда қорғау шарасы ретінде Топ еркін өткізуге болатын өтімділігі жоғары активтердің портфелін қолдауды қамтамасыз етеді.

Топтың өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі мақсаттары:

- Топтың өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындау қабілетін қамтамасыз ету;
- Топтың бос ақшасын жоғары кірісті және өтімділігі жоғары активтерге инвестициялау.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Өтімділік тәуекелін басқару процесінде Топ келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- өтімділікті басқару күнделікті және үздіксіз жүзеге асырылады;
- активтер мен міндеттемелерді ұтымды басқару;
- банкаралық нарыққа қол жеткізуді басқару;
- міндеттемелерді әртараптандыру және тұрақтылық;
- ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өтімділік тәуекелін бағалау әдістері мен құралдарын қолдану;
- Топ органдары, оның лауазымды тұлғалары мен Топ бөлімшелері арасындағы өтімділікті басқару жөніндегі өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажырату;
- өтімділіктің барабар деңгейін қамтамасыз ететін және бизнестің көлеміне, сипатына және Топтың қаржылық жағдайына сәйкес келетін лимиттерді белгілеу;
- өтімділік пен кірістілік арасындағы қайшылық болған жағдайда, өтімділік пайдасына шешім қабылдау;
- өтімді құралдарға қажеттілікті жоспарлау;
- өтімділікті тұрақты негізде қамтамасыз ету үшін бұрын қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу.

Өтімділік тәуекелін басқару саясаты өтімділіктің жиынтық қажеттілігін қалыпты және стресстік жағдайларда ескере отырып бағалауды қарастырады:

- Топтың стратегиялары және Топты өтімділік тәуекеліне ұшырататын қызмет түрлері;
- Топтың тәуекел-тәбет стратегиялары;
- Топ қызметінің мөлшері, сипаты және күрделілігі;
- Топтың өтімділік тәуекеліне ұшырау мөлшері және оның Топтың қаржылық жағдайына әсерін бағалау;
- тәуекелді бағалау нәтижелері, оның ішінде стресс-тестілеуді жүзеге асыру арқылы алынған нәтижелер;
- Топ бұрын қолдаған өтімділік тәуекелін басқару рәсімдерінің тиімділігі;
- нарық жағдайларының ішкі ұйымдастырушылық және (немесе) сыртқы өзгерістеріне қатысты үміттер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы №188 Қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына, Базель Банктік қадағалау комитеті ұсынған стандарттар мен құралдарға негізделген және банк заңнамасы мен үздік әлемдік тәжірибелер талаптарына сәйкес келетін өтімділік тәуекелін басқару жүйесі құрылады. Өтімділік тәуекелін басқару жүйесі Банк операцияларының ағымдағы нарықтық жағдайына, стратегиясына, мөлшеріне, күрделілік деңгейіне сәйкес келеді және топшілік операцияларды ескере отырып, банктің өтімділік тәуекелін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингтеуді және бақылауды қамтамасыз етеді.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Топ шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерінен, негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған әрі тұрақты құрылымын, сондай-ақ Топ өтімділікке қатысты көзделмеген талаптарға шұғыл және тым асыра жауап беруге қабілетті болатындай үшін өтімділігі жоғары активтердің әртараптандырылған портфелін белсенді қолдап отыруға тырысады.

Стратегиялық тәуекелдер департаменті күн сайын өтімділік бойынша позицияға мониторинг жүргізеді және қалыпты әрі стресстік жағдайларда өтімділік болжамын тұрақты негізде жүргізеді. Қалыпты нарықтық жағдайларда өтімділіктің жай-күйі туралы есептер жоғары басшылыққа күнделікті ұсынылып отырады. Өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі саясатқа қатысты шешімдерді уәкілетті алқалы орган қабылдайды және Стратегиялық тәуекелдер департаменті орындайды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанға өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген:

	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Ақша қаражаты кетуінің жиынтық шамасы	Баланстық құн
Міндеттемелер								
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	109.277	1.481	810	130	29.355	—	141.053	121.643
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	43.074	—	—	—	—	—	43.074	43.025
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	792.551	428.474	711.796	38.707	27.434	—	1.998.962	1.955.796
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	440	23.979	11.685	101.148	755.935	—	893.187	304.486
Реттелген борыш	—	64.864	814	7.563	367.420	260	440.921	118.149
Жалдау бойынша міндеттемелер	145	316	786	2.944	33	—	4.224	4.224
Басқа да қаржылық міндеттемелер	15.964	330	1.835	226	—	—	18.355	18.355
Жиыны	961.451	519.444	727.726	150.718	1.180.177	260	3.539.776	2.565.678
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	10.170	—	—	—	—	—	10.170	—

Сатып алуға жатпайтын кумулятивтік артықшылықты акциялар бойынша сыйақылар бойынша болашақ төлемдер кестеге енгізілмеген.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанға өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген:

	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Ақша қаражаты кетуінің жиынтық шамасы	Баланстық құн
Міндеттемелер								
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	71.695	1.076	4.884	7.646	31.111	—	116.412	78.896
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	43.313	—	—	—	—	—	43.313	43.288
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	770.910	178.009	720.048	51.856	54.893	—	1.775.716	1.621.408
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	440	4.232	4.663	96.643	616.544	—	722.522	213.052
Реттелген борыш	—	3.089	12.902	181.894	367.783	—	565.668	201.560
Жалдау бойынша міндеттемелер	61	264	736	2.768	205	—	4.034	4.034
Басқа да қаржылық міндеттемелер	10.885	1.032	1.681	778	—	—	14.376	14.376
Жиыны	897.304	187.702	744.914	341.585	1.070.536	—	3.241.840	2.176.614
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	7.200	—	—	—	—	—	7.200	

Сатып алуға жатпайтын кумулятивтік артықшылықты акциялар бойынша сыйақылар бойынша болашақ төлемдер кестеге енгізілмеген.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелерді өтеудің күйілетін мерзімдерін талдау 40-ескерімде келтірілген.

Жоғарыда келтірілген кестелерде шарттық талаптарына сәйкес мүмкін болатын өтеу мерзімінің ең ерте күніне жататын туынды емес қаржылық міндеттемелер (берілген қаржылық кепілдіктер мен танылмаған кредиттік міндеттемелерді қоса алғанда) бойынша ақша қаражатының дисконтталмаған ағындары туралы ақпарат қамтылады. Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты кепілдіктің ең үлкен өлшемі кепілдік қолданылуы мүмкін ең ерте кезеңге жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 765-бабына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді, жинақ, шартты депозиттері мен талап етілгенге дейінгі депозиттерін бірінші талап бойынша банктен алып қоюға құқылы, бұл ретте көптеген жағдайларда олар есептелген пайыздық кіріс алу құқығынан айырылады. Банк мерзімді және/немесе шартты салымдарды немесе олардың бір бөлігін салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей, жинақ салымдары — салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қайтаруға міндетті. Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар өздерінің мерзімді салымдарын кез келген уақытта ала алады, көп жағдайда есептелген пайыздарды жоғалтады.

Дегенмен, басшылық бұл опцияның болуына және салымдардың едәуір бөлігі талап етілгенге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, салымшылардың саны мен түрлері бойынша шоттар мен депозиттердің деректерін әртараптандыру және Топтың өткен тәжірибесі шот деректері ұзақ мерзімді және тұрақты қаржыландыру көзін білдіретіндігінің белгісі ретінде қызмет етеді деп санайды.

Басшылық белгілі бір активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша қаражаты ағындарының қозғалысы шарттарда белгіленгендерден ерекшеленуі мүмкін екен деп есептейді не болмаса басшылық ақша қаражатының ағындарын басқаруға уәкілетті не болмаса бұрынғы тәжірибе осы активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалу мерзімі шарттарда белгіленген мерзімдерден ерекшеленуі мүмкін екендігіне нұсқап отыр.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел - бұл жүйелік іркілістің, персонал қателіктерінің, алаяқтықтың немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкеп соқтыруы мүмкін. Топ барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Топ мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін тиімді бөлуі көздейді.

Нормативтік-құқықтық сәйкессіздік тәуекелі

Нормативтік-құқықтық сәйкессіздік тәуекелі нормативтік-құқықтық талаптар мен заңнаманы сақтамауға байланысты тәуекелдерді қамтиды. Нормативтік - құқықтық сәйкессіздік тәуекелі – бұл қолданыстағы заңнама мен нормативтік құқықтық актілерді сақтамағаны немесе бизнесті жосықсыз жүргізгені (этикалық стандарттарды бұзуды қоса алғанда) үшін айыппұл салу немесе өзге де жаза қолдану салдарынан Топтың қаржылық немесе беделді тәуекелге ұшырау тәуекелі. Банктің нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшесі осы тәуекелді басқару тиімділігін және тиісті бақылау жүйесін арттыруға ұмтылады. Топ өз қызметін нормативтік-құқықтық базаның өзгеріштігінің едәуір деңгейі байқалатын нарықта жүзеге асырады, сондықтан нормативтік талаптарды сақтамаумен байланысты тәуекел жоғары баспшылықтың ерекше назар аудару саласына жатады. Банктің нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшесі бұл тәуекелді Топқа лайықты көрсеткіштерді пайдалану, бұзушылықтар туралы есептерді қарау және талдау, бірінші және екінші қорғаныс желілеріне жататын тәуекел мен бақылау құралдарын талдау, мемлекеттік тексеру нәтижелері және ішкі және сыртқы аудит нәтижелерін талдау арқылы бақылайды.

Сақтандыру тәуекелі

Сақтандыру тәуекелдерін басқару Топ жүзеге асыратын қызмет үшін аса маңызды болып табылады. Сақтандыру шарттарына қатысты мақсат - осы портфельдер бойынша сақтандыру талаптарынан күтілетін ақша ағындарына сәйкес келетін жарамдылық мерзімі мен өтеу сомасы бар активтерді таңдау.

Топ жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі негізгі қызмет тәуекелге тікелей ұшыраған жеке тұлғалар мен ұйымдардан шығын тәуекелін қабылдауды көздейді. Мұндай тәуекелдер сақтандырылатын оқиға нәтижесінде туындауы мүмкін мүлікке, жауапкершілікке, жазатайым оқиғаға, жүктерге, денсаулыққа, қаржылық немесе өзге де тәуекелдерге байланысты болуы мүмкін. Бұл ретте Топ шарт бойынша талаптардың басталу мерзіміне және ауырлығына байланысты белгісіздік тәуекеліне ұшырайды.

Топ сақтандыру тәуекелін сақтандыру сомасын, операцияларды мақұлдау процедураларын шектеу арқылы басқарады; оларға жаңа өнімдер немесе белгілі бір лимиттерден асатын, баға белгілеу жөніндегі нұсқаулықтарды, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқаруды және туындаған мәселелерді бақылауды қамтиды.

Ықтималдық теориясы сақтандыру шарттары бойынша баға белгілеуге және резервтерді есептеуге қолданылады. Негізгі тәуекел - сақтандыру талаптарының жиілігі мен ауырлығы күтілгеннен жоғары болуы мүмкін. Сақтандыру оқиғалары табиғаты бойынша кездейсоқ болып табылады және бір жылдағы оқиғаның нақты саны мен мөлшері белгіленген статистикалық әдістерді қолдана отырып есептелгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Сақтандыру тәуекелдерінің шоғырлануы

Топ кездесетін сақтандыру тәуекелінің негізгі аспектісі - белгілі бір оқиға немесе бірқатар оқиғалар Топтың міндеттемелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін жағдайда болуы мүмкін сақтандыру тәуекелінің шоғырлану дәрежесі. Мұндай шоғырланулар бір сақтандыру шартына немесе байланысты сақтандыру шарттарының аз санына байланысты туындауы мүмкін және елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін мән-жайларға жатады. Сақтандыру тәуекелін шоғырландырудың маңызды аспектісі - бұл бірқатар жеке сақтандыру кластары немесе шарттар сериясы ішінде тәуекелдердің жинақталуы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Тәуекелдердің шоғырлануы сирек кездесетін, бірақ табиғи апаттар сияқты ауырлығы жоғары оқиғалардың нәтижесінде де, сақтандыру қызметі белгілі бір географиялық орналасу немесе демографиялық тенденциялар сияқты белгілі бір топқа қарай ауытқитын жағдайларда да туындауы мүмкін.

35. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сақтандыру тәуекелі (жалғасы)

Сақтандыру тәуекелдерінің шоғырлануы (жалғасы)

Топ осы тәуекелдерді басқару үшін қолданатын негізгі әдістердің қос сипаты бар. Біріншіден, тәуекелдерді басқару тиісті андеррайтинг арқылы жүзеге асырылады. Егер күтілетін пайда қабылданған тәуекелдерге сәйкес келмесе, андеррайтерлерге тәуекелдерді сақтандыруға рұқсат етілмейді. Екіншіден, тәуекелді басқару қайта сақтандыруды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Топ өз міндеттемелерінің әртүрлі сыныптары мен мүлікті сақтандыру бойынша қайта сақтандыру бойынша қамтуды сатып алады. Топ қайта сақтандыру бағдарламасына байланысты шығындар мен пайданы үнемі бағалайды.

Жалпы тәуекелге ұшырау

Топ тәуекелдің шоғырлануына қатысты қабылдауға дайын жалпы тәуекелге ұшырағыштықты анықтайды. Топ бұл ұшырағыштықты тәуекелді бағалау кезінде де, ай сайын да Топтың негізгі тәуекелдер жиынтығын көрсететін есептерді талдау арқылы бақылайды. Топ қайта сақтандыру бағдарламаларының тиімділігі мен Топтың тәуекелдерге таза ұшырағыштығын бағалау мақсатында бірқатар модельдеу құралдарын қолданады.

Сезімталдылықты талдау

Келесі кестеде есепті күні мүмкін болатын андеррайтинг тәуекелінің айнымалыларында өзгерістер болған жағдайда пайданың немесе зиянның қалай өскенін/(азайғанын) талдау берілген. Талдау қайта сақтандыру нәтижесінде тәуекелдің төмендеуіне дейін де, одан кейін де сезімталдықты көрсетеді және барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалады деген болжамға негізделген.

2024 жыл	Пайда немесе зиян		Меншікті капитал	
	Жалпы сомалар	Нетто-көлем	Жалпы сомалар	Нетто-көлем
Соңғы талаптар				
(5%-ға өсім)	(1.569)	(479)	(1.569)	(479)
(5%-ға төмендеу)	1.285	995	1.285	995

2023 жыл	Пайда немесе зиян		Меншікті капитал	
	Жалпы сомалар	Нетто-көлем	Жалпы сомалар	Нетто-көлем
Соңғы талаптар				
(5%-ға өсім)	(994)	(880)	(994)	(880)
(5%-ға төмендеу)	994	880	994	880

36. Капиталды басқару

Топ қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады.

Топ үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады. Топ өз капиталының құрылымын басқарады және экономикалық жағдайлар мен жүзеге асыратын қызмет түрлері тәуекелдерінің сипаттамаларындағы өзгерістерге орай оны түзетіп отырады. Топ капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Топ қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады. 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

36. Капиталды басқару (жалғасы)

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес банктер мыналарды қолдауы тиіс:

- Негізгі капиталдың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша алынған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекел мен операциялық тәуекелдің (k1) сандық шамасын ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің ара қатынасын 2024 жылы 7,5% кем емес мөлшерде (2023 жыл: 7,5% кем емес);
- Инвестицияларды пегере отырып 1-ші капиталдың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша алынған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекел мен операциялық тәуекелдің (k1.2) сандық шамасын ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің ара қатынасын 2024 жылы 8,5% кем емес мөлшерде (2023 жыл: 8,5% кем емес);
- Меншікті капиталдың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша алынған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекел мен операциялық тәуекелдің (k2) сандық шамасын ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің ара қатынасын 2024 жылы 10% кем емес мөлшерде (2023 жыл: 10% кем емес).

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Негізгі капитал		
Бірінші деңгейдегі капитал	841.235	655.126
Екінші деңгейдегі капитал	225.733	252.696
Реттеуші капитал	1.066.968	907.822
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер мен шартты міндеттемелер, ықтимал талаптар және міндеттемелер	2.172.448	1.843.707
(k1) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	38,7%	35,5%
(k1.2) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	38,7%	35,5%
(k2) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	49,1%	49,2%

Банк және оның еншілес компаниялары 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық сыртқы капитал талаптарын орындады.

37. Шарттық және шартты міндеттемелер

Саяси және экономикалық жағдайлар

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2024 жылы шикі мұнайдың әлемдік бағасының құбылмалылығы және теңгенің негізгі әлемдік валюталардың бағамы Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізді. Тартылатын қаржыландырудың теңгемен пайыздық мөлшерлемелері жоғары болып қалып отыр. Аталған факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің шектелуіне, капиталдың жоғары құнына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл келешекте Топтың қаржылық жағдайына, операциялардың нәтижелеріне және экономикалық перспективаларға теріс әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Заңгерлік мәселелер

Топ нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыруы барысында заңгерлік шағым-талаптардың көптеген түрлеріне тап болады. Басшылық Топ сот істерінің (ондайлар болған жағдайда) нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкі көлемі Топтың қаржылық жағдайына немесе оның одан кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді деп пайымдап отыр. 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылықтың қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмай қалған сот істері жайында, сондай-ақ Топқа қарсы берілуі мүмкін әлеуетті шағымдар туралы ақпараты жоқ.

37. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық жүйесі біршама жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, тіпті анық баяндамаған және қайшы келетін ресми түсініктемелер мен сот шешімдерінің жиі өзгеріп отыруымен сипатталады, әрі бұл оларды түрлі салық органдарының бір мағынада емес талқылауына жол береді. Салықтарды есептеу дұрыстығына қатысты тексерулермен және тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және өсімпұлдарды есептеуге құқығы бар бірнеше реттеуші орган айналысады. Есепті кезеңде салықтардың дұрыс есептелуі кейінгі бес күнтізбелік жылдың ішінде тексерілуі мүмкін. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда салық жылы бұдан да ұзақ уақыт кезеңінің ішінде ашық болып қала алады.

Бұл жағдайлар басқа елдердегі ұқсас тәуекелдерді айтарлықтай арттыра отырып, Қазақстан Республикасында салық тәуекелдерін құрады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын түсінуіне, нормативтік құжаттардың және сот органдары шешімдерінің ресми түсіндірмелеріне сүйене отырып, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте толығымен көрсетілген. Алайда, түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен ерекшеленуі мүмкін екендігін назарға ала отырып, реттеуші органдардың тарапынан мәжбүрлі ықпал ету шаралары қолданылған жағдайда олардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпалы елеулі болуы мүмкін.

Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында болып отыр, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандырумен қорғанудың көптеген түрлері Қазақстанда әлі қолжетімсіз. Топтың өзінің негізгі құралдарына, залалдарға немесе жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе Банк қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянға байланысты үшінші тараптардың алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғауы жоқ. Банктің барабар сақтандыру өтеуі болмайынша, белгілі бір активтерден айырылу немесе зақымдау Банктің қызметіне және қаржылық жай-күйіне айтарлықтай теріс әсерін тигізуі мүмкін деген тәуекел бар.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер

Топтың кредит ресурстарын беру бойынша міндеттемелері бар. Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер береді.

Топ кредиттік сипаттағы міндеттемелерді ұсынған кезде клиенттерге кредиттерді беру кезіндегідей тәуекелдерді басқарудың дәл сондай саясаты мен процедураларын қолданады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан әрі санаттар бөлігіндегі кестеде көрсетілген. Кепілдіктер мен аккредитивтер бөлігіндегі кестеде бейнеленген сомалар тіпті егер контрагенттер шарт талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда да, есепті күнгі жағдай бойынша көрсетілетін есепке алу шығынының ең көп өлшемін білдіреді. Кредиттерді беру міндеттемелері бөлігіндегі кестеде бейнеленген сомалар аталған шартты міндеттемелер толығымен орындалатындығын болжайды. Кредиттерді беру және кепілдіктер бойынша міндеттемелердің жалпы өтелмеген шарттық сомасы келешек ақша талаптарын міндетті түрде білдірмейді, өйткені қарыз алушыға қаражатты берместен аталған міндеттемелердің қолданылу мерзімінің өтуі немесе күші жойылуы мүмкін. Кредиттерді беру бойынша міндеттемелер туралы келісімдер Топтың, қайта қаржыландыру мөлшерлемелерінің, инфляция қарқынының, айырбастау бағамдары мен басқа да талаптардың өзгеруін қоса алғанда, Топ үшін қолайсыз кез келген талаптар пайда болған жағдайда келісімнен біржақты шығуға арналған құқығын көздейді.

31 желтоқсанға Топтың шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	2024 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан	2023 ЖЫЛҒЫ 31 желтоқсан
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер		
Кредиттерді беру міндеттемелері	229.845	267.903
Кредиттік карталар бойынша міндеттемелер	2.205	3.318
Қаржылық кепілдіктер	5.593	3.311
Аккредитивтер	2.372	571
Шарттық және шартты міндеттемелер (қамтамасыз ету шегерілгенге дейін)	240.015	275.103
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша ККЗ бағалау резерві (31-ескерте)	(3.018)	(3.755)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын депозиттер (27-ескерте)	(2.028)	(596)
Шарттық және шартты міндеттемелер	234.969	270.752

37. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер (жалғасы)

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ККЗ бағалау резервтерінің талдауы келтірілген:

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ	314	2	3.420	3.736
Жаңа міндеттемелер	6	—	127	133
Өтелген міндеттемелер	(193)	—	(2.562)	(2.755)
Қолданылу мерзімі өтіп кеткен міндеттемелер	(10)	—	(540)	(550)
Бір жылғы резервтің таза өзгеруі	40	(2)	2.361	2.399
Бағамдық айырмалар	63	—	(8)	55
2024 жылғы 31 желтоқсанға	220	—	2.798	3.018

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ККЗ бағалау резервтерінің талдауы келтірілген:

Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ	84	—	3.406	3.490
Жаңа міндеттемелер	40	—	504	544
Өтелген міндеттемелер	(984)	—	—	(984)
Қолданылу мерзімі өтіп кеткен міндеттемелер	(234)	—	(301)	(535)
Бір жылғы резервтің таза өзгеруі	1.409	2	(189)	1.222
Бағамдық айырмалар	18	—	—	18
2023 жылғы 31 желтоқсанға	333	2	3.420	3.755

38. Әділ құнды бағалау

Топ басшылығы әділ құнды мерзімді бағалау үшін саясат пен процедураларды анықтайды.

Негізгі құралдар құрамындағы жер және әкімшілік ғимараттар сияқты маңызды активтерді бағалау үшін бөгде бағалаушылар тартылады. Бөгде бағалаушыларды тарту туралы мәселені жыл сайын Топ басшылығы Банктің Аудит жөніндегі комитетімен талқылап, оның мақұлдауын алғаннан кейін шешеді. Бағалаушыны таңдауды айқындайтын критерийлердің қатарына нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіби стандарттарды сақтау кіреді. Бөгде бағалаушылармен талқылағаннан кейін Топ басшылығы бағалаудың қандай моделі мен бастапқы деректері әрбір жағдайда пайдаланылуы тиіс екендігі жөнінде шешім қабылдайды.

Әрбір есепті күнге Топ басшылығы активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін саралайды, әрі соларға қатысты Топтың есеп саясатына сай қайта бағалау не болмаса қайта талдау талап етіледі. Бұл талдаудың мақсаттары үшін Топ басшылығы бағалау есептеулеріндегі ақпаратты шарттармен және басқа да маңызды құжаттармен салыстыра отырып, алдыңғы бағалау кезінде пайдаланылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Бөгде бағалаушылармен бірге Топ басшылығы әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнындағы кез келген өзгерісті мұндай өзгерістің негізді екенін анықтау үшін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады. Мерзімді түрде Топ басшылығы мен бөгде бағалаушылар бағалау нәтижелерін Аудит жөніндегі комитетке және Топтың тәуелсіз аудиторларына ұсынады. Бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар талқыланады.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Кестеде әділ құн иерархиясы деңгейлерінің бөлігінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнымен көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің талдауы келтірілген:

	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>
Активтер					
Туынды қаржы активтері	2024 жылы 31 желтоқсан	–	60	–	60
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2024 жылы 31 желтоқсан	3.387	678	3.022	7.087
Үлестік бағалы қағаздар	2024 жылы 31 желтоқсан	61.484	13	–	61.497
Борыштық бағалы қағаздар	2024 жылы 31 желтоқсан	585.916	292.073	–	877.989
Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	2024 жылы 31 желтоқсан	–	–	1.260	1.260
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	2024 жылы 31 желтоқсан	–	122.212	–	122.212
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	2024 жылы 31 желтоқсан	–	–	50.680	50.680
Негізгі құралдар (жер мен ғимараттар)	2022 жылы 31 желтоқсан	–	–	61.776	61.776
		650.787	415.036	116.738	1.181.049
Міндеттемелер					
Туынды қаржылық міндеттемелер	2024 жылы 31 желтоқсан	–	1.073	–	1.073
		–	1.073	–	1.073

Кестеде әділ құн иерархиясы деңгейлерінің бөлігінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнымен көрсетілетін активтердің талдауы келтірілген:

	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>
Активтер					
Туынды қаржы активтері	2023 жылы 31 желтоқсан	–	194	–	194
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2023 жылы 31 желтоқсан	12.274	2.018	5.222	19.514
Үлестік бағалы қағаздар	2023 жылы 31 желтоқсан	67.633	–	16	67.649
Борыштық бағалы қағаздар	2023 жылы 31 желтоқсан	475.523	184.419	–	659.942
Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	2023 жылы 31 желтоқсан	–	–	9.009	9.009
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	2023 жылы 31 желтоқсан	–	105.458	–	105.458
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	2023 жылы 31 желтоқсан	–	–	42.861	42.861
Негізгі құралдар (жер мен ғимараттар)	2022 жылы 31 желтоқсан	–	–	49.839	49.839
		555.430	292.089	106.947	954.466
Міндеттемелер					
Туынды қаржылық міндеттемелер	2023 жылы 31 желтоқсан	–	384	–	384
		–	384	–	384

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

ҚҚБ-да бағасы белгіленетін, бірақ 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша белсенді нарығы жоқ бағалы қағаздар әділ құн иерархиясында 2-деңгей бойынша жіктеледі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2-деңгейге жатқызылған қаржы құралдарына 292.073 миллион теңге сомасындағы мемлекеттік бағалы қағаздар мен корпоративтік бағалы қағаздар (2023 жылғы 31 желтоқсан: 184.419 миллион теңге) және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 122.212 миллион теңге сомасындағы вексель бойынша сатып алынған талап ету құқығы жатады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 105.458 миллион теңге).

Көптеген жағдайларда соларға бағалау әдістері негізделетін барлық елеулі бастапқы деректер толығымен қолжетімді болып табылады, мысалы, валюталық нарықтағы ұқсас мәмілелер жөніндегі ақпаратқа сүйене отырып. Барлық бастапқы деректер қадағаланатын болып табылмаған жағдайларда, мысалы, есепті күнгі жағдай бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қадағаланатын мәмілелердің болмауына орай, Топ тек қадағаланбайтын бастапқы деректерге ғана негізделетін әдістерді пайдаланады.

Әділ құны бойынша бағаланатын 3-деңгейдегі активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер

Келесі кестеде есепті жылдың басына және соңына әділ құны бойынша бағаланатын 3-деңгейдегі активтер мен міндеттемелері бойынша сомалардың салыстыруы көрсетілген:

	Пайда немесе зиян құрамында				2-деңгейден		2024 жылғы 31 желтоқсанға
	2023 жылғы 31 желтоқсанға	танылған барлық пайда	Төленген пайыздар	өтеу	аударымдар	Басқа да өзгерістер	
Қаржы активтері							
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	5.222	3.962	(435)	(6.193)	81	385	3.022
Инвестициялық бағалы қағаздар - БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	16	—	—	(16)	—	—	—
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	9.009	4.757	(3.047)	(9.551)	—	92	1.260
3-деңгейдегі қаржы активтерінің жиыны	14.247	8.719	(3.482)	(15.760)	81	477	4.282

Келесі кестеде өткен есепті кезеңнің басына және соңына әділ құны бойынша ескерілетін 3-деңгейдегі активтер мен міндеттемелері бойынша сомалардың салыстыруы көрсетілген:

	Пайда немесе зиян құрамында				2-деңгейден		2023 жылғы 31 желтоқсанға
	2022 жылғы 31 желтоқсанға	танылған барлық пайда	Төленген пайыздар	өтеу	аударымдар	Басқа да өзгерістер	
Қаржы активтері							
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	5.587	445	(216)	(616)	—	22	5.222
Инвестициялық бағалы қағаздар - БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	—	—	—	—	16	—	16
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	13.524	338	(1.109)	(3.915)	—	171	9.009
3-деңгейдегі қаржы активтерінің жиыны	19.111	783	(1.325)	(4.531)	16	193	14.247

Пайда немесе зиян ретінде танылған кірістер әділ құнды қайта бағалаудан, валюталық қайта бағалаудан және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістен алынған таза пайдадан тұрады.

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Едәуір байқалмайтын бастапқы деректер және әділ құны бойынша бағаланатын 3-деңгейлі қаржылық емес құралдардың басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдығы

Келесі кестеде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау кезінде пайдаланылған елеулі бақыланбайтын бастапқы деректері туралы санды ақпарат көрсетілген:

2024 жылғы 31 желтоқсанға	Баланстық құн	Бағалау модельдері	Бақыланбайтын бастапқы деректер	Диапазоны (орташа алынған мәні)
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	3.022	Бағалы қағаздардың деректер базасының қолма-қол баға әдісі	Сұраныс пен ұсыныс арасындағы спрэдтер, өтімділік тәуекелі және елдік тәуекел	+/- 10,00%
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	1.260	Күтілетін ақша ағындарын дисконттау	Ішкі дисконттау мөлшерлемесі	20,21%

2023 жылғы 31 желтоқсанға	Баланстық құн	Бағалау модельдері	Бақыланбайтын бастапқы деректер	Диапазоны (орташа алынған мәні)
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	5.222	Бағалы қағаздардың деректер базасының қолма-қол баға әдісі	Сұраныс пен ұсыныс арасындағы спрэдтер	+/- 4.75%
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	9.009	Күтілетін ақша ағындарын дисконттау	Ішкі дисконттау мөлшерлемесі	21,01%

Ықтимал баламалы жорамалдарды анықтау үшін Топ пешпуні бақыланбайтын нарықта модельдер үшін бастапқы деректерді былайша түзетті:

- Клиенттерге берілген кредиттер бойынша Топ ішкі дисконттау мөлшерлемесін 1 пайыздық тармаққа ұлғайту/төмендету бағытында өзгертті;
- Сауда-саттықтағы бағалы қағаздарға қатысты Топ мәндер ауқымында сұраныс пен ұсыныс арасындағы орташа спрэдті түзетті.

Келесі кестеде негізді ықтимал баламалы жорамалдардың 3-деңгейлі құралдардың әділ құнын бағалауға әсері көрсетілген:

	2024 жылғы 31 желтоқсанға			2023 жылғы 31 желтоқсанға		
	Ықтимал балама болжамдардың әсері			Ықтимал балама болжамдардың әсері		
	Баланстық құн	Қолайлы өзгерістер	Қолайсыз өзгерістер	Баланстық құн	Қолайлы өзгерістер	Қолайсыз өзгерістер
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	3.022	251	(286)	5.222	426	(436)
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	1.260	75	(75)	9.009	249	(249)

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Кестеде бұдан әрі әділ құн иерархиясы деңгейлерінің бөлігінде әділ құны 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ашылып көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ және баланстық құнының талдауы келтірілген

<i>2024 жылғы 31 желтоқсанға</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Әділ құн жиыны</i>	<i>Баланстық құн жиыны</i>
Активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	—	852.544	—	852.544	852.544
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	—	75.845	—	75.845	75.845
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	183.468	236.349	—	419.817	393.014
Клиенттерге берілген кредиттер	—	—	1.469.553	1.469.553	1.137.755
Басқа да қаржы активтері	—	—	56.721	56.721	56.721
	183.468	1.164.738	1.526.274	2.874.480	2.515.879
Міндеттемелер					
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	—	120.778	—	120.778	121.643
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	—	43.025	—	43.025	43.025
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	—	1.940.280	—	1.940.280	1.955.796
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	—	275.583	—	275.583	304.486
Реттелген борыш	—	135.096	—	135.096	118.149
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	4.224	4.224	4.224
Басқа да қаржылық міндеттемелер	—	—	18.355	18.355	18.355
	—	2.514.762	22.579	2.537.341	2.565.678

<i>2023 жылғы 31 желтоқсанға</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Әділ құн жиыны</i>	<i>Баланстық құн жиыны</i>
Активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	—	706.382	—	706.382	706.382
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	—	63.834	—	63.834	63.834
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	163.817	72.803	—	236.620	237.679
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	—	—	1.041.086	1.041.086	1.055.197
Басқа да қаржы активтері	—	—	25.042	25.042	25.042
	163.817	843.019	1.066.128	2.072.964	2.088.134
Міндеттемелер					
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	—	74.819	—	74.819	78.896
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	—	43.288	—	43.288	43.288
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	—	1.623.175	—	1.623.175	1.621.408
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	—	172.317	—	172.317	213.052
Реттелген борыш	—	199.453	—	199.453	201.560
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	4.034	4.034	4.034
Басқа да қаржылық міндеттемелер	—	—	14.376	14.376	14.376
	—	2.113.052	18.410	2.131.462	2.176.614

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Бағалау және болжау модельдері

Төменде шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша бағаланбайтын, бірақ әділ құны ашылатын баптар сипатталған.

Әділ құны шамамен баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал клиенттердің өтеу мерзімі белгіленбеген салымдары мен қаражатына да қолданылады.

Туынды қаржы активтері

Құны Бағалау модельдерінің көмегімен анықталатын туынды қаржы активтері, олар үшін бастапқы деректер нарықта байқалады, негізінен валюталық своптар мен форвардтық валюталық шарттар болып табылады. Барынша жиі қолданылатын бағалау моделіне келтірілген құн есептеулері пайдаланатын форвардтық баға мен своптарды айқындау модельдері кіреді. Модельдер әртүрлі бастапқы деректерді, соның ішінде контрагенттердің кредиттік сапасын, форвардтық және спот-валюта бағамдарын және пайыздық мөлшерлеме қисықтарын біріктіреді.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттер

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттердің әділ құны тәсілдердің үйлесуін пайдалана отырып айқындалады. Орынды болған жерде, кредиттердің әділ құны қарыз алушы немесе соған ұқсас ұйымдар шығарған борыштық бағалы қағаздардың бақыланатын бағаларының негізінде бағаланады. Басқа жағдайларда бағалау келтірілген құнды есептеу модельдеріне негізделген ішкі модельдерді пайдалана отырып немесе сыртқы бағалау көздерін пайдалана отырып белгілі бір жағдайларда (мысалы қамтамасыз ету ретінде ұсталатын активтер бойынша ақша ағындарына қатысты) жүзеге асырылады. Бағалау модельдеріне арналған бақыланбайтын бастапқы деректерге қарыз алушының операциялық қызметінің нәтижесінде күтілетін ақша ағындарымен немесе қамтамасыз етуді бағалаумен байланысты кредиттік, нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін ескере отырып түзетулер жатады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер

Бағасы белгіленетін құралдардың әділ құны есепті күнге баға белгілеуге негізделеді. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, клиенттерге берілген кредиттердің, клиенттер қаражатының, банктер мен басқа да қаржы ұйымдары қаражатының, басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны ұқсас шарттары, кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар берешек бойынша қазіргі сәтте бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып ақша қаражатының дисконтталған келешек ағындары арқылы бағаланады.

Басшылық келесі болжамдарды 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- жылдық 16,00%-дан 24,90%-ға дейін, жылдық 6,00%-дан 28,00%-ға дейін және жылдық 5,00%-дан 18,00%-ға дейін дисконттау мөлшерлемелері тиісінше теңгемен, қырғыз сомасымен және АҚШ долларымен көрсетілген корпоративтік клиенттердің қарыздары бойынша болашақ ақша қаражатының ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 20.35%-дан 23.68%-ға дейін, тиісінше жылдық 13.00%-дан 28.00%-ға дейін және жылдық 7.20%-дан 10.50%-ға дейін);
- жылдық 3,90%-дан 34,60%-ға дейін және жылдық 10,00%-дан 30,50%-ға дейін дисконттау мөлшерлемелері тиісінше АҚШ долларымен, теңгемен және қырғыз сомасымен көрсетілген бөлшек клиенттердің қарыздары бойынша болашақ ақша қаражатының ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 9.68%-дан 40.11%-ға дейін және жылдық 8.00%-дан 30.00%-ға дейін);
- жылдық 12,30%-дан 14,10%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері теңгемен көрсетілген шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 14.60%-дан 16.20%-ға дейін);
- жылдық 12,60%-дан 14,10%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері теңгемен көрсетілген реттелген облигациялар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 14.70%-дан 16.40%-ға дейін).

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

38. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Бағалау және болжау модельдері (жалғасы)

Негізгі құралдар (жер мен ғимараттар) және инвестициялық жылжымайтын мүлік

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны салыстырмалы тәсіл мен кірісті тәсілдің көмегімен айқындалды.

Салыстырмалы тәсіл нақты жылжымайтын мүлік объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерді ескере отырып едәуір түзетілген нарықтық операциялардың бағаларына негізделген. Ұқсас ғимараттың құнын айқындау кезінде Топ келесі аспектілердің нарықтық құнына әсері туралы пайымдауды қолданады:

- Сауда-саттыққа түзету;
- Ғимарат алаңына түзету;
- Орналасқан жеріне түзету;
- Басқа айырмашылықтар.

Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнын кірісті тәсілмен бағалау кезінде жылдық 18,81% - 21,60% диапазонында капиталдандыру мөлшерлемелері пайдаланылды. Капиталдандыру мөлшерлемесінің жоғарылауы ғимараттардың әділ құнының төмендеуіне әкеп соқтырады.

Кірісті тәсіл келесі болжамдарға негізделген:

- Бағалаушы қолданатын жалдау мөлшерлемелері салыстырмалы объектілер бойынша жалдау мөлшерлемелерін (жалдау ұсыныстарын) талдау негізінде есептеледі;
- Ықтимал жалпы кірісті есептеу кезінде тұрғын емес жылжымайтын мүліктің қарастырылып отырған жергілікті нарықтарына тән үй-жайлардың жалпы ауданының көрсеткіші пайдаланылды;
- Кірісті тәсіл шеңберінде қолданылатын орташа нарықтық жалдау мөлшерлемесінің шамасы бағалау объектілері орналасқан нақты елді мекендер үшін халықтың санын және коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығының даму дәрежесін ескереді.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

39. Байланысты тараптармен операциялар

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» 24 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Негізгі басқарушы персоналмен операциялар

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2024 және 2023 жылдардағы пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің «Персонал шығыстары» бабына енгізілген негізгі басқарушы персоналға сыйақының жалпы мөлшері былайша көрсетілген:

	2024 жыл	2023 жыл
Персонал шығыстары		
Негізгі басқарушы персонал	(1.560)	(1.737)

Көрсетілген сомаларға ҚРҰБ-ның 2012 жылғы 24 ақпандағы №74 қаулысына сәйкес танылған, белгіленген шарттар сақталған кезде кезең ішінде төленуге жататын Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне ұзақ мерзімді сыйақылар және 429 миллион теңге (2023 жыл: 59 миллион теңге) мөлшерінде тиісті салықтар кіреді.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына шоттар бойынша қалдықтар және негізгі басқарушы персоналдың мүшелерімен операциялар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемелері төмендегі кестеде келтірілген:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	Орташа сыйақы мөлшерлемесі	2023 жылғы 31 желтоқсан	Орташа сыйақы мөлшерлемесі
Активтер				
Клиенттерге берілген кредиттер	40	0,47	–	–
Міндеттемелер				
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	253	11,79	498	5.14
Басқа да міндеттемелер	877	–	92	–

Негізгі басқарушы персоналдың мүшелерімен операциялар бойынша құрамға, пайдаға немесе зиянға енгізілген сомалар былайша ұсынылуы мүмкін:

	2024 жыл	2023 жыл
Пайыздық шығыстар	(19)	(54)
Жиыны	(19)	(54)

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

39. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күн бойынша бір жыл ішінде байланысты тараптардың шоттары бойынша қалдықтар, орташа сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе зиян:

	Бас компания		Түпкі бақылаушы тарап пен оның еншілес ұйымдары		Басқасы*		Жиынтық
	Орташа сыйақы		Орташа сыйақы		Орташа сыйақы		
	Сомасы	мөлшерлемесі	Сомасы	мөлшерлемесі	Сомасы	мөлшерлемесі	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп							
Активтер							
<i>Клиенттерге берілген кредиттер</i>							
- негізгі борыш, теңгемен	—	—	—	—	499	14.00	499
<i>Басқа да активтер</i>	—	—	—	—	18	—	18
Міндеттемелер							
<i>Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері</i>							
- теңгемен	72	—	543	14,00	3.907	13.25	4.522
- АҚШ долларымен	3	—	4.304	1,00	2.016	0.81	6.323
- басқа валютада	—	—	—	—	—	—	—
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	—	—	480	—	480
<i>Басқа да міндеттемелер</i>	—	—	—	—	77	—	77
Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп							
Пайыздық кірістер	—	—	—	—	80	—	80
Пайыздық шығыстар	—	—	(127)	—	(572)	—	(699)
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда	—	—	—	—	—	—	—
Басқа да кірістер	—	—	—	—	63	—	63
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	—	—	—	—	(30)	—	(30)

* Басқа байланысты тараптар жалпы бақылаудағы басқа кәсіпорындарды қамтиды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

39. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күн бойынша бір жыл ішінде байланысты тараптардың шоттары бойынша қалдықтар, орташа сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе зиян:

	Бас компания		Түпкі бақылаушы тарап пен оның еншілес ұйымдары		Басқасы*		Жиыны
	Орташа сыйақы		Орташа сыйақы		Орташа сыйақы		
	Сомасы	мөлшерлемесі	Сомасы	мөлшерлемесі	Сомасы	мөлшерлемесі	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп							
Активтер							
Клиенттерге берілген кредиттер							
- негізгі борыш, теңгемен	—	—	—	—	613	14.03	613
Басқа да активтер	—	—	—	—	—	—	—
Міндеттемелер							
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері							
- теңгемен	63	—	132	14.50	4.249	13.80	4.444
- АҚШ долларымен	10	—	593	1,00	3.273	1.32	3.876
- басқа валютада	—	—	—	—	1.243	3.00	1.243
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	—	—	409	—	409
Басқа да міндеттемелер	—	—	—	—	71	—	71
Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп							
Пайыздық кірістер	—	—	—	—	98	—	98
Пайыздық шығыстар	—	—	(3)	—	(2.863)	—	(2.866)
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда	—	—	—	—	—	—	—
Басқа да кірістер	—	—	—	—	51	—	51
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	—	—	—	—	(11)	—	(11)

* Басқа байланысты тараптар жалпы бақылаудағы басқа кәсіпорындарды қамтиды.

(Миллион теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

40. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелерді өтеудің күтілетін мерзімдері көрсетілген:

	2024 жыл			2023 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	852.544	—	852.544	706.382	—	706.382
Туынды қаржы құралдары	60	—	60	194	—	194
Банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат	54.619	21.226	75.845	48.842	14.992	63.834
Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	1.140	5.947	7.087	8.893	3.684	12.577
«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздар	—	—	—	6.937	—	6.937
Инвестициялық бағалы қағаздар	827.107	505.393	1.332.500	641.120	287.799	928.919
«РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар	—	—	—	36.351	—	36.351
Клиенттерге берілген кредиттер	213.000	926.015	1.139.015	330.844	733.362	1.064.206
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы	122.212	—	122.212	719	104.739	105.458
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	—	—	—	2.930	18	2.948
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	3.445	104	3.549	3.060	19	3.079
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	—	93.534	93.534	—	87.886	87.886
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	1.672	—	1.672	6.985	—	6.985
Инвестициялық меншік	—	50.680	50.680	—	42.861	42.861
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	4.688	—	4.688	1.929	—	1.929
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	—	216	216	—	110	110
Сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобының активтері	11.448	—	11.448	—	—	—
Өзге активтер	55.400	41.612	97.012	39.302	41.783	81.085
Активтер жиыны	2.147.335	1.644.727	3.792.062	1.834.488	1.317.253	3.151.741
Міндеттемелер						
Банктердің және басқа да қаржы институттарының қаражаты	108.946	12.697	121.643	65.338	13.558	78.896
«РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек	43.025	—	43.025	43.288	—	43.288
Туынды қаржы құралдары	1.073	—	1.073	384	—	384
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1.902.743	53.053	1.955.796	1.534.324	87.084	1.621.408
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23.766	280.720	304.486	3.297	209.755	213.052
Реттелген борыш	63.974	54.175	118.149	2.686	198.874	201.560
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	8	7.802	7.810	7	9.312	9.319
Жалдау бойынша міндеттемелер	1.247	2.977	4.224	1.061	2.973	4.034
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	411	100	511	408	91	499
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	3.452	165.346	168.798	1.594	164.968	166.562
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	21.812	17.486	39.298	33.598	3.149	36.747
Қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	—	—	—	216	—	216
Сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобының міндеттемелері	3.462	—	3.462	—	—	—
Басқа да міндеттемелер	51.721	1.789	53.510	36.346	3.713	40.059
Міндеттемелер жиыны	2.225.640	596.145	2.821.785	1.722.547	693.477	2.416.024
Таза позиция	(78.305)	1.048.582	970.277	111.941	623.776	735.717

40. Қаржы активтері мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау (жалғасы)

Өтімділіктің теріс алшақтығы негізінен клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттеріне байланысты болды. Қаражатты мерзімінен бұрын алу мүмкіндігіне және клиенттер қаражатының едәуір бөлігі талап етілгенге дейін орналастырылғанына қарамастан, Топ басшылығы клиенттердің қаражаты клиенттердің әртараптандырылған портфелінің арқасында ұзақ мерзімді және тұрақты қаржыландыру көзі болып табылады деп санайды.

Топ басшылығы белгілі бір қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша ақша қаражатының қозғалысы олардың шарттық талаптарынан өзгеше болады деп күтеді. Топ жүйелі негізде қалыпты, сол сияқты қолайсыз жағдайларда нарықтың жай-күйінің түрлі ықтимал сценарийлерін ескере отырып өтімділіктің стресс-тесттерін өткізіп отырады. Стресс-тест нәтижелері бойынша басшылық Топтың қолайсыз шығындарға жол бермей және Топтың беделіне нұқсан келтіру қаупінсіз өтімділіктің теріс ағымдағы алшақтығын жабу үшін жеткілікті өтімділікке ие екенін бағалайды.

41. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2025 жылғы 10 ақпанда Топ айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты реттелген облигациялардың бірінші және екінші шығарылымы бойынша өтеуді Топтың өз қаражаты есебінен жүзеге асырды. Көрсетілген реттелген облигациялар бойынша төлемдердің жалпы сомасы 61.775 миллион теңге болды.

2025 жылғы 10 маусымда Топ айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты төртінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигациялардың бірінші шығарылымы бойынша өтеуді Топтың өз қаражаты есебінен жүзеге асырды. Көрсетілген шығарылған бағалы қағаз бойынша төлемдердің жалпы сомасы 19.747 миллион теңге болды.